



Ә. Бірмағамбетов

Шоқан Уәлиханов — географ және саяхатшы

Жоғары мектеп жасындағы
балаларға арналған (15–18 жас)

АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ
2022

ӘОЖ 911
КБЖ 26.8
Б 94

Бірмағамбетов Ә.

Б 94 Шоқан Уәлиханов – географ және саяхатшы. Көпшілік-танымдық басылым/Ә. Бірмағамбетов. – Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2022. – 104 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-4658-7

Кітапшада қазақтың ұлы ғалымы және ағартушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың саяхаттары мен географиялық еңбектері баяндалады. Замандастарының естеліктері және баспасөзде жарияланған басқа да көптеген деректердің негізінде Шоқанның географ ғалым ретінде қалыптасуы, оның Ішкі Азия географиясына қосқан ғылыми үлесі тұңғыш жан-жақты ашып көрсетілген.

Кітапша жоғары сынып оқушыларына, география мамандығын таңдаған студенттерге және көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 911
КБЖ 26.8

ISBN 978-601-01-4658-7

© Бірмағамбетов Ә., 2015
© «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС, 2015

КІРІСПЕ

Небәрі 30 жылға жетер-жетпес өмір сүрсе де, артына мәңгі із қалдырған ғұлама ғалым және ағартушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың (шын есімі – Мұхаммед Қанафия; 1835–1865) өмірі мен ғылыми зерттеулері жайында қыруар әдебиет жинақталған. Шоқантанушылар оны тарихшы, этнограф, географ, филолог, шығыстанушы, суретші, саясаткер, заңгер ретінде қарастырады. Ғалымның Ішкі Азия жерінің табиғаты мен тарихын, этнографиясы мен фольклорын зерттеуге қосқан ерен үлесі өз кезінде орыс және Батыс Еуропа ғалымдарының лайықты бағасын алған болатын. Қазірдің өзінде саясаттану, экономика, заң, өнертану, тіл білімі, шығыс тарихы мамандары өз ғылым салалары бойынша қайсыбір мәселелердің Шоқан зерттеулерінде ғылыми негізде дұрыс шешім тапқанын еске алып отырады. III. Уәлихановтың ғылыми зерттеулері жайындағы әдебиеттің басым көпшілігі осы айтылған қоғамдық ғылым салаларына жатады. Ал оның географияға байланысты зерттеулері осы кезге дейін терең талданды деп айту қиын. Бұл мәселе жөніндегі ізденістер мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған бірнеше мақалалармен ғана шектеледі. Оның үстіне Шоқанның географиялық еңбектері мен саяхаттары туралы сөз болғанда, көбінесе оның Қашқар саяхаты туралы жалпылама айтылады. Ал шын мәнісінде қазақ ғалымының есімі география ғылымының тарихына XIX ғ. Ішкі Азияның Қазақстан, Орта және Орталық Азияға қатысты үлкен бөлігін зерттеген географ және саяхатшылардың бірі ретінде енген.

III. Уәлиханов Ішкі Азияның табиғаты мен халқын зерттеуге ынтасы Омбының кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ байқала басталған. Ол туралы корпуста бірге оқыған досы, кейіннен Орталық Азия мен Сібірді зерттеген әйгілі саяхатшы және географ Г.Н. Потанин былай деп есіне алады: «Шоқанның қиял жоспары бойынша екеуіміз алдымен Петербургке университетке барып, лекция тыңдаймыз. Мен физика-математика факультетінің табиғат тарихы бөліміне түсуге тиістімін, өйткені ол кезде Семашконың «Орыс флорасын» тауып алып, табиғат тарихымен айналысып жүргенмін. Шоқан шығыстану факультетінде лекция тыңдамақ. Университетті бітіргеннен кейін біз Орта Азияға, беймәлім Қытайға саяхатқа шығамыз... Ол қиялымен мені өзімен бірге Кукунордың жағасын шарлауға, Тибет тау-

ларының басына өрлеуге, Қарақорымның қираған орнын іздеп табуға шарықтатып алып кететін» (4, 44–45-б.).

Ш. Уәлихановтың Қазақстан мен Орта Азияға жасаған алғашқы саяхаттарының нәтижелерінің өзі-ақ Ресей ғалымдарының ерекше назарын аударды. Оған 22 жасар Шоқанның Орыс география қоғамына мүше болып сайлануы дәлел. Ал жас ғалымның Қашқарияға саяхаты оның есімін дүниежүзі ғылымына танытты. Шоқан өмірге аса қауіпті жағдайда Шығыс Түркістанның географиясы, тарихы, этнографиясы және саяси жағдайы туралы баға жетпес, құнды материал жинап қайтты. Ғалымның қазақ жері, Орта және Орталық Азия туралы деректерін замандастары аса жоғары бағалап, ғылымға қосылған теңдесі жоқ үлес деп есептеді.

Автор алдына Шоқан Уәлихановтың географ және саяхатшы ретінде қалыптасуын, Ішкі Азияның түрлі аудандарында жасаған саяхаттарын және солардың нәтижесінде география ғылымына қосқан үлесін талдап таныстыру міндетін қойды. Кітапша орта мектептің жоғарғы сынып оқушыларына, география мамандығын таңдаған студенттерге және жалпы білуге құштар көпшілік оқырман қауымға арналады.

КАРТАДАҒЫ «АҚТАҢДАҚ»

III. Уәлихановтың өмір сүріп, қызмет жасаған уақыты Жерді географиялық тұрғыдан танып-білудің айрықша бір кезеңіне сәйкес келеді.

XIX ғ. басында материктер мен мұхиттардың картадағы орны анықталып бітті. 1819–1821 ж. Ф.Ф. Беллинсгаузен мен М.П. Лазарев басқарған орыс экспедициясынан кейін белгілі болған Жер шарындағы ең соңғы материк – Антарктиданың да жаға сызығы айқындала бастады. Осы кезден бастап географиялық ашылулар тарихындағы жаңа кезең – материктердің ішкі бөліктерін үдере зерттеу кезеңі басталды. Ең кейін табылған әрі адамның аяқ аттап басуы қиын – түгелдей мұз құрсаған Антарктиданы былай қойғанда, басқа материктердің де ішкі аймақтары тылсым сырын ашпай жатты. Әсіресе Африка мен Азияның орталық аймақтары географиялық картада орасан зор «ақтаңдақ» күйінде қалды. Еуропалықтардың назарын өзіне ежелгі заманнан бері аударып келе жатса да, «қара материк» әлі шешуін таппаған жұмбақтарға толы еді. Оның ішкі бөлігінің жер бетінің құрылысы қандай? Ніл, Конго, Замбези, Нигер өзендері қайдан басталып, қалай қарай ағады? Ит тұмсығы батпайтын мәңгі жасыл ормандарда қандай өсімдіктер өсіп, жануарлар мекендейді? «Қара материк» бойынша осындай шешімін таппаған сұрақтар жетерлік еді.

Африка сияқты Азия да ежелгі заманнан бері саяхатшылар мен зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Бұған ертеде аса ірі мәдениет ошақтарының орналасуы, әртүрлі халықтардың ғасырлар бойы бір жерден екінші жерге қоныс аударуы, Ұлы Жібек жолын бойлап Батыс пен Шығыс елдерінің үздіксіз қарым-қатынас жасауы, аты әлемге әйгілі қолбасшылардың шапқыншылық жорықтары себепкер болған. Бертін келе Үндістан мен Оңтүстік – Шығыс Азияның табиғат байлығының қызықтыруы Батыс Еуропаның аса қуатты мемлекеттерін Ұлы географиялық ашылуларға жетектеп алып барды.

Ал Ресей мемлекетінің Сібір мен Қиыр Шығысты жаулап алуы ғылымды бүкіл Солтүстік Азия жайында географиялық мәліметтермен байытты. Алайда XIX ғ. басына дейін Азияның бүкіл орталық бөлігі «ақтаңдақ» күйінде қалды.

Атақты неміс географы Александр Гумбольдт (1769–1859) «Орталық Азия» деген кітабында тұңғыш рет аймақтың жер беті құрылысындағы жалпы заңдылықтарды белгілеуге тырысты. Кейінірек неміс ғалымының кейбір жорамалдары шындыққа жақын екендігі анықталды. Бірақ Азияның бұл ішкі бөлігі туралы түсінік сол бұлыңғыр күйінен онша көп алға баса қойған жоқ.

XIX ғ. екінші бір ғұлама ғалым А. Гумбольдтың тұстасы Карл Риттердің (1779–1859) «Азия жертануы» деген еңбегінде де Азияның ішкі, орталық бөлігі туралы географиялық ұғым айтарлықтай ілгері басқан жоқ. Бұл еңбекке негізделіп сызылған карталарда Ішкі Азияны алып жатқан «ақтаңдақ» орнына қиялдан туған тау жоталары белгіленді. Бұл туралы Ш. Уәлиханов өзінің «Жоңғария очерктері» деген еңбегінде былай деп дөп басып көрсеткен еді: «Соңғы кезге дейін Орта Азияны белгісіз бір түнек басып тұрды. Еуропаның аса қуатты екі мемлекеті – Ресей мен Англияның көрші тұруына қарамастан, оның көпшілік бөлігі қай жағынан алсаң да, Еуропа ғылымы үшін жұмбақ сыр болып қалып отыр. Біздің Қоғам бойынша ғалым жолдасымыз П.П. Семенов Риттердің «Erdkunde von Asien» деген кітабының орысша аудармасында «Орталық Азия ішкі Африкадан артық зерттелмеген» деген тұжырымға келді. Шынында да біздің Орта Азия туралы географиялық әдебиеттегі бір-біріне кереғар бытысқан деректеріміз ертеде айтылатындай дәл «terra incognita»-ға жатпаса да, бас қатыратын ребус болып табылады, ал Орта Азия адамы туралы біз еш нәрсе білмейміз» (2, III том, 325).*

Материктердің ішкі бөліктерін зерттеу қажеттілігі XIX ғ. Еуропа елдері мен АҚШ-та өнеркәсіп өндірісінің күрт өркендеуіне байланысты туды. Күшті қарқынмен дами бастаған капиталистік өндіріс барған сайын мол шикізат көзін және өндірілген өнімді өткізетін рыноктың кеңейе түсуін қажет етті. Сонымен бірге капиталистік өндіріске байланысты пайда

* Жоғарыда келтірілген үзіндіде Ш. Уәлихановтың Орта және Орталық Азия деген ұғымдарды бір мағынада қолданғаны байқалады. Соңғы кезге дейін географиялық әдебиетте бұл ұғымдар табиғи географиялық бірлік ретінде қолданылып келді. Орта Азия деп материктің батыста Каспий теңізінен, шығыста Қытайға, солтүстікте Арал – Ертіс су айрығынан, оңтүстікте Иран мен Ауғанстанға дейінгі бөлігі айтылатын (Географический энциклопедический словарь, М. 1986). Орталық Азия деген ұғымды ғылымға тұңғыш А. Гумбольдт енгізген болатын. Ол бұлай деп материктің жан-жағынан биік жоталармен қоршалған, ішкі тұйық алабын атаған. Көпшілік ғалымдар Орталық Азияға солтүстігінде Оңтүстік Сібір тауларынан, оңтүстігінде Тибетке, батысында Алтай мен Тянь-Шаньнан, шығысында Үлкен Хинганға дейінгі аумақты жатқызатын. Қазіргі кезде бұл атпен Қазақстан мен Орта Азия елдері қосылып аталып жүр. Оны табиғи географиялық бірлікке сәйкес келмейтін геосаяси ұғым деп қабылдаған жөн. Біз Орта және Орталық Азия деген ұғымдарды бұрынғы мағынасында қолданғанды жөн көрдік. Сонымен бірге оларды қазақ жерімен қоса Ішкі Азия деп те атаймыз. Бұл жерде табиғи – географиялық бірліктердің бұрынғы атауларын өзгертпей қолдану тарихи-географиялық зерттеулерді баяндау үшін де қолайлы екендігі ескерілді.

болған артық жұмыс күшін жаңа аудандарға жаппай көшіру қажеттілігі де көрініс берді. Өнеркәсіптің бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен дамуына байланысты туған бұл себептер капиталистік мемлекеттердің материктердің ішкі бөліктерін жаулап алып, игеру жұмысын жеделдетті. Соған орай бұл аймақтарға ғылыми зерттеу экспедицияларын жіберуге кең жол ашылды.

Материктердің ішкі бөліктерін зерттеу жұмыстарын бірінші кезекте түрлі елдерде құрылған география қоғамдары қолына алды. 1821 ж. Париж, 1828 ж. Берлин, 1830 ж. Лондон, 1832 ж. Бомбей, 1833 ж. Мексика, 1845 ж. Орыс, 1852 ж. Америка, 1856 ж. Вена, 1867 ж. Италия география қоғамдары құрылды. Олардың зерттеулері басқарушы үкімет орындарынан тікелей қолдау тапты. Өйткені география қоғамдарының экспедициялары қамтыған аймақтары капиталистік мемлекеттердің жаңа жерлерді барлау және отарлау мақсаттарына сәйкес келіп отырды. Мұны Орыс география қоғамының XIX ғ. қазақ жеріне, Орта және Орталық Азияға ұйымдастырған көптеген экспедициялары дәлелдей алады.

Ерекше көңіл аударарлық жағдай – XIX ғ. Азияның ішкі бөлігін географиялық зерттеу жұмыстары Ресей мен Англияның жаңа жерлерді отарлау бәсекелестігіне сәйкес жүріп отырды. Ағылшындар Ішкі Азияға Үндістан жағынан өту жолын қарастырды.

Орыстар XVIII ғ. және XIX ғ. басында Қазақстан аумағының үлкен бөлігін жаулап алу арқылы тез алға басты. Орыс экспедициялары Арал–Каспий алабын, Жайық өңірін, Ертіс бойын шарлады. Олар шығыста Алтай мен Сауыр–Тарбағатайға өтті. 1856–1857 жж. П.П. Семенов өзінің әйгілі Тянь-Шань саяхатын жасады. Сөйтіп, ғасырдың орта тұсында орыстар Орталық Азияны батысынан шектеп жатқан ірі тау жүйелеріне шықты. Бірақ нақ Орталық Азияның өзіне осы кезге дейін орыстар да, ағылшындар да аяқ аттап басқан жоқ. Сондықтан Ішкі Азияның бұл орасан зор ірі бөлігі туралы орта ғасырлардағы Италия саяхатшысы Марко Полоның аңыз-ертегі түріндегі әңгімелерімен қанағаттана тұруға тура келеді. А. Гумбольдт пен К. Риттердің болжамдарына негізделген карталары да аймақ туралы бұлыңғыр түсініктен аса алмады.

Жаңа заманда Ішкі Азияның аптап шөлдерін, жазда да соғып тұратын үскірік боранын, табиғаты барынша қатал биік таулы өткелдерін зерттеу көзсіз ерлік пен асқан жанқиярлықты қажет етті. Сапар үстінде жол торыған қарақшылар мен қанқұйлы әміршілердің қолынан қаза тапқан саяхатшылар қаншама?! Аса қиын, өрі қауып-қатерге толы шытырман жағдайда өлкенің талай ғасырлар бойы тұнып жатқан тылсым сырын ашу жолында алғаш қадам жасаған ержүрек саяхатшылар мен географтардың алдыңғы

қатарында қазақ халқының ғұлама ғалымы, Орыс география қоғамының мүшесі Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың аты аталады.

Шоқанның есімі география ғылымының тарихынан қазақ даласын алғашқы зерттеушілердің бірі ретінде құрметті орын алады. Сонымен бірге ол Орыс география қоғамының әйгілі орталық азиялық саяхаттарының көп басында тұрады. Ш. Уәлиханов Орталық Азия шегіне Н.М. Пржевальскийден 13 жыл бұрын, Г.Н. Потанин мен М.В. Певцовтан 19 жыл бұрын саяхат жасады. «Алты шаһар елі» – Қашқария туралы бірінші рет толық географиялық мәлімет әкелді.

ШЫҢҒЫСХАННЫҢ ҰРПАҒЫ

Дарынды ғалым және ержүрек саяхатшы атанған Шоқанның түрлі ғылым салалары бойынша іс-әрекеті және ғылыми зерттеулері көп жағдайда оның туып-өскен ортасынан бастау алады. Революцияға дейінгі әдебиетте оның хан тұқымы, сұлтан екендігін атамай өткендер кездеспейді десек қателеспейміз. Осы бір шыққан тегі оның батылдығын, көзсіз ерлігін, алған бетінен қайтпайтын қайсарлығын анықтайтын сияқты. Оның үстіне сұлтан ордасындағы үздіксіз жиын, ақындардың айтысы мен билердің шешендік сөздері тумысынан зерек ханзаданың ауыз әдебиетіне, шығыстың тарихына, халықтың әдет-ғұрпына ынтасын ерте оятқаны көзге ұрып тұрады. Оған дуанбасының төңірегіне жиі келетін жаңа қаратылған жерлердің карталарын жасаушылар бала Шоқанның сурет салуға, жер бетінің сызбаларын жасауға әуесқойлығын тудырғандығын да қоса айту орынды.

Олай болса Ш. Уәлихановтың саяхатшы және ғалым болып қалыптасуына ерте жағдай тудырған ұшқан ұясына, оны қоршаған ортасына көз жіберейік.

Жоғарыда Шоқанның өмірі мен қызметі туралы қалам тартқандардың бәрі де оның сұлтан тегіне тоқталмай, аттап кете алмағандығын ескерттік. Қазақ хандары мен сұлтандарының бәрі де аты әлемге әйгілі Шыңғысханнан тарайтындығы белгілі. Сол сияқты Шоқанның ұлы атасы, қазақтың белгілі ханы Абылай да Шыңғысханның ұрпағына жатады. Ұлы өміршінің 100-ге тарта ұлы болған, ол солардың ішінде үлкен бөйбішесі – Бөртеден туған 4 ұлына өзінің ұлан-ғайыр аймағын мұра етіп қалдырған. Абылай жаһангердің үлкен ұлы Жошыдан таралған ұрпаққа жатады. Абылайдан Уәли, одан Шыңғыс, Шыңғыстан Шоқан. Сонда Шоқан Абылай ханның шөбересі болып келеді.

Шоқанның атасы Уәли – Орта Жүзді билеген соңғы хан. Әжесі Айғаным мұсылманша хат таныған, өз заманының озық ойлы адамы ретінде белгілі.

Ол Уәли хан өлгеннен кейін де орыс үкіметі орындарының қолдауына сүйеніп, Орта жүз қазақтарының арасында өз билігін жүргізіп тұрған. Қазақ тарихындағы бұл кезең Ресей үкіметі Орта жүздегі хандық басқару тәртібін жойып, билікті тікелей өз қолдарына алған уақытқа сәйкес келеді. Алайда қазақтарды билеп төстеу үшін үкімет жергілікті шонжарларға сүйенуді жөн көреді. Мұны Уәли ханның жесірі Айғаным шебер пайдалана білген. Ханшаның өтініші бойынша Сырымбет төңірегі түгелдей Уәли ханның отбасына бекітіліп, ол жерде ағаштан үй және мешіт салынып беріледі. Бұл туралы 1824 ж. 28 қаңтарда Александр патшаның арнаулы жарлығы шыққан.

Айғаным кіші ұлы Шыңғысқа (Шоқанның әкесі) сол кездегі замана талабына сай орыс тәрбиесін берген. Шыңғыс Уәлиханов Омбыдағы жаңа құрылған әскери училищеде (кейіннен кадет корпусы) білім алып, полковник шеніне дейін көтерілген. Ол Орта жүз қазақтарының жеріне 1834 ж. құрылған Аманқарағай округінің аға сұлтандығына сайланады. Аға сұлтан 3 жыл мерзімге сайланып, оны Батыс Сібірдің генерал-губернаторы бекітетін. Шыңғыс Уәлиханов 6 мәрте сайланып, бұл қызметті 1853 ж. қаңтар айына дейін атқарған.

Жаңа құрылған округтің орталығы алдымен Аманқарағайда орналас-тырылып, келесі жылы Құсмұрындағы орыс бекінісіне ауыстырылады. Соған орай оның аты өзгертіліп, Құсмұрын округі деп аталады.

Аға сұлтан Шыңғыс өзінің жаңа үйленген жас жұбайы Зейнеппен бекіністегі ағаш үйге жайғасады. Зейнеп те Айғаным сияқты қазақтың атышулы отбасынан шыққан. Әкесі Шорман – сахарада аты шыққан әйгілі би. Ағасы Мұса – өз заманының орысша білімді, беделді адамы, Баянауыл округінің аға сұлтаны болып сайланған, полковник шенін алған би, шешен. Атақты халық сазгері Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әнінде айтылатын Шорманның Мұстафасы да – Зейнептің бауыры. Ел арасында билік айтып, өнер-білім құған Мұсадан ерекше Мұстафа өркөкірек, ұрыншақ, содыр бол-



Шыңғыс Уәлиханов

са керек. Ақын, әрі әнші Мұсаның өз ағасымен аттас болғанын жақтырмай оған «Жаяу Мұса» деп ат таққан да сол. Халықтың сүйікті әншісі, ақын Мұса да өз есесін жібермеген. Ол «Ақ сиса» деген әйгілі әнінде:

*«Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.
Шорманның Мұстафасы атымды алып,
Атандым сол себептен Жаяу Мұса», –*

деп ащы сықақпен қарымта қайырады.

Тағдыр кейінірек Мұстафаның жиені Шоқанды Жаяу Мұсамен генерал Черняевтің Әулиеатаға жорығы кезінде кездестірген.

Шоқанның анасы Зейнеп – арабша хат таныған, білімді қазақ әйелдерінің бірі. Қазақтардың дәстүрі бойынша Шыңғыс пен Зейнеп жастайынан атастырылып қойылған-ды. 1835 ж. Құсмұрын бекінісінде* олардың тұңғышы дүниеге келді. Азан шақырылып, нәрестеге Мұхаммед Қанафия деген ат қойылды. Замандастарының естеліктеріне қарағанда ол кішкентайынан зерек болып өскен. 4 жасында арабша хат танып, үлкендердің әңгімелерін зейін қойып тыңдаған. Аға сұлтанның ордасына елге әйгілі адамдар: орыс шенеуніктері, билер, ақындар мен жыршылар жиі келіп-кетіп жатады. Сондай мәжілістерде кішкентай Мұхаммед Қанафия әңгімеге құлақ түріп, ұйып тыңдап отырады екен. Анасы оның бір уыс болып, шоқиып отырған түріне қарап, «кішкентай ғана Шоқаным» деп еркелетіп атаған. Соған қарай басқа ағайын туысқандары да «Шоқан» деп атап кетеді.

Шоқан 7 жастан бастап Аманқарағайдағы мұсылман мектебіне барады. Мектеп үйін аға сұлтан Шыңғыс арнайы салдырған-ды. Ол балаларға білім беру ісін жергілікті молдаларға сенбей, Омбыдан арнайы мұғалім алдырады. Шыңғыс Уәлиханов Сібір қазақтарының шекаралық бастығы полковник Н.Ф. Вишневскийге 1842 ж. 1 маусымда жолдаған өтініш хатында былай деп жазады:

«Биылғы жылы ауылымызда өзімнің және басқа да бұл игілікті іске ықылас білдірген қазақ балаларының татарша сауатын ашу үшін мектеп ашуға ниеттімін. Бірақ оларды оқытатын тәуір татар мұғалімін алуға қаражатым болмай отыр. Осыны Сіздің жоғары мәртебеңізге хабарлай отырып, ғылымды жақсы меңгерген білімді татар мұғалімін тағайындау жөнінде ұлықтық тапсырма беруіңізді бас иіп өтінемін. Оның балаларды оқытқаны және тұрмысы үшін алатын ақысы балаларын мектепке берген қазақтардың өз қалтасынан төленетін болады» (2, V том, 32-б.).

* Қазіргі Қостанай облысының Әуликөл ауданында.

Арада он күн өтпей жатып-ақ шекара бастығы өзінің қайтарған жауабын-да Шыңғыс Уәлихановтың мектеп ашу жөніндегі бастамасын қолдайтынын және тәуір мұғалім іздестіруге тапсырма беретінін хабарлайды.

Шынында да Құсмұрындағы мектеп оқушыларына айтарлықтай тәуір білім береді. Шоқан мектептен араб, парсы және шағатай* тілдерінің негізін меңгеріп шығады.

Бұл оның болашақта шығыстанушы ғалым ретінде қалыптасуына қажетті алғы шарт болды.

Осымен қатар аға сұлтанның төңірегіне жиналған атақты билердің әңгімелері, жыраулар мен ақындардың өлең-жырлары бала Шоқанның қазақ тарихы мен ауыз әдебиетіне қызығушылығын ерте оятты.

Оның айқын бір мысалы – жеті жасар Шоқанның 1842 ж. Құсмұрында жыраудың аузынан Едіге жырын жазып алуы. Әрине, мұндай маңызды жұмысты бала Шоқан әкесінің баулуының арқасында атқарған.

Тарих беттері Шыңғыс Уәлихановтың тек ел билеуші ғана емес, сонымен бірге өз заманының озық ойшылы, білімді адамы болғандығын айғақтайды. Ол Петербургте ұйымдастырылған көрмелерге қазақтың ұлттық киімі, үй жиһазы және қару-жарағының үлгілерін жіберіп тұрған. Халық арасында кең тараған мақал-мәтелдерді, ескі нақыл сөздерді, жыр-дастандарды жинаумен айналысқан. Ондай жұмыстары үшін Орыс география қоғамынан алғыс алған.

Жоғарыда айтылған Едіге жырының неғұрлым толық нұсқасын әкелі-балалы Уәлихановтар қосылып дайындаған. Шоқан жырдың алғашқы нұсқасын 1841 ж. тыңдаған, екінші рет 1842 ж. басқа бір ақыннан тағы да естіген. Әкесі екеуі осы екі жырды салыстыра отырып, бір-бірімен толықтырып жазып алған.

Қалай дегенде де болашақ ғалымның шығыстану, ауыз әдебиеті, халықтың тұрмыс-салт және тарихына қызығушылығы және саяхатшыға қажетті бақылаушылық қабілеті осы Құсмұрындағы өмір ортасынан бастау алады.

Ерекше ескерте кететін жағдай: Шоқан «Едіге» жырына кейінірек, кадет корпусын бітіріп, ғылыми жұмыстармен айналысқан кезінде бірнеше рет қайта оралып соғады. Шамамен 1856–1857 жылдары жазған «Қазақ халық поэзиясының формалары» деген мақаласында жырда қолданылатын өлең шумақтары өлшеміне мысал ретінде жырдан мына үзіндіні келтіреді:

*Өй, Едіге, сен енді қайт сана
Қайтып Еділ өт сана.
Еңселі биік боз Орда,
Еңкейіп сәлем бер сана.*

* Шағатай тілі – орта ғасырлардағы түркі жазба әдеби тілі.

*Ерні жұқа сары аяқ,
Ер сарқытын іш сана.
Жауырындары жақталы,
Түймебауы тартпалы,
Ал қара киім үстіңе
Тон береді, ки сана.
Көғала жорға ат мініп,
Көк дабылпаз байланып,
Тұтам бауы сом алтын.
Ақ сұңқар құс береді,
Көл айнала шүй сана! (2, I том, 281-б.)*

Ол жырдың оқиғасы XIV ғ. өткенін, ал өзі XV ғ. туғанын айтады. «Едіге» де – «Қазақтардың ең тамаша жыр-дастанында», бұл Едіге – сол Идиге, Эдеку және Идигей – Тоқтамыс туралы жазбада айтылатын, Ворскла* маңында Витовты тас-талқан қылатын, төрт ханның тұсында Орданы еркінше билеген, бек-манап, түменбасы деп көрсетеді. Бұл Құсмұрынға келген айтулы ақын-жыршылардың көсілте жырлаған жыр жолдарының бала Шоқанның есінде өмір бақи қалғанын дәлелдейді. Ескі замандағы дастандар мен жырларға сусындап өсуі болашақ ғалымның тарихи-этнографиялық бағыттағы зерттеулеріне жол сілтегендігі айқын байқалады.

Шоқанның балалық шағы Ресейдің Қазақстанды жаулап алуының соңғы кезеңіне тура келеді. Бұл кезде жаңа отарланған жерлердің халқын бағындырып ұстау үшін әскери бекіністер салу және жер бетін картаға түсіру жұмыстары мықтап қолға алынады. Сондай бекіністердің бірі – Құсмұрынға қазақ даласымен танысуға шыққан түрлі саяхатшылар, жерді есептеп белгілеушілер, жаңа жерлерді картаға түсірушілер жиі келіп тұратын. Бала Шоқанды, әсіресе топографтардың жер беті сызбалары мен суреттері қатты қызықтырады. Кішкентай сұлтан олардан алдымен қарындашпен, тушыпен, кейінірек акварель бояуымен сурет салу өнерін үйренеді. Ол түрлі қару-жарақтың, үй жиһаздарының қарапайым суреттерін салудан бастап, бірте-бірте тұтас көріністерді бейнелеуге көшеді. Оның бізге дейін жеткен бояумен салынған «Жатақ» және «Ақшомшы» (Түйе айдаушы) деген суреттері шынайылығымен көз тартады. Бұл кездегі суреттер бала Шоқанның табиғат көріністері мен халықтардың тұрмыс-салт ерекшеліктерін жіті байқау қабілеті ерте ояна бастағанын көрсетеді.

Дегенмен даладағы мұсылман мектебі ұшқыр ойлы, білімге құштар Шоқанды толық қанағаттандыра алмады. Әжесі Айғаным да, әкесі Шыңғыс та оның орысша білім, әскери тәрбие алуын қалайды.

* Ворскла – Днепр өзенінің саласы.



Сырымбеттегі Айғаным қонысы. 1853 ж. Ш. Уәлиханов салған сурет.

БІЛІМ ЖОЛЫНДА

1847 ж. қоңыр күздің мамыражай шуақты бір күні Құсмұрын көлінің батыс жағасындағы қаз-қатар тігілген ақбоз үйлердің сыртынан үш ат жеккен пәуеске аттанып бара жатты. Артынан ерген бірнеше салт аттылар бар. Алыс сапар шегуге жайлы, былқылдақ, серіппелі, іші былғарымен қапталған арба қорабының ішінде Шыңғыс, Шоқан және Сібір губерниясының шекара басқармасының қызметкері В.И. Дабшинский отырды. Бұл 12 жасар Шоқанның Омбыдағы кадет корпусына оқуға шыққан жолы еді. Дабшинский Шыңғыс Уәлихановтың отбасымен аралас-құралас досы болатын. Шоқанды офицерлер дайындайтын әскери оқуға түсіру жайында кеңес берген де сол еді.

Омбы кадет корпусы кезінде бүкіл Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны болатын. Оқытушылар құрамы жөнінен оған Томск, Иркутск және Тобыл гимназияларының ешқайсысы да тең келе алмайтын.

Бұл оқу орны алдымен казактардың балалары оқитын әскери училище түрінде 1813 ж. құрылған-ды. Оған казактардан басқа Сібір шебіндегі офицерлер мен шенеуніктер де балаларын беріп оқытады. Шоқанның әкесі



Ш. Уәлиханов оқыған Омбы кадет корпусының ғимараты.

Шыңғыс та осы училищеде оқып, білім алған. 1845 ж. училище жергілікті халықтан ауқатты адамдардың балаларынан кіші офицерлер дайындайтын кадет корпусы болып қайта құрылады. Соған орай оқу орнының құрылысы да түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Корпус рота және эскадрон деп аталатын екі бөлімге бөлінеді. Ротаға жаяу әскер офицерлері мен шенеуніктердің балалары, ал эскадронға тек қана казактардың балалары қабылданады. Патша қызметіндегі қазақтардың балалары да эскадронда оқиды.

Омбыдағы Әскери училищенің қайта құрылуы Шоқан оқуға түсерінің аз алдында ғана жүзеге асырылған-ды. Бұрын мұғалімдердің көбі білім дәрежесі төмен урядниктерден* тұратын. Олар тәрбиеленушілерді балағаттап, қол жұмсап, дөрекі қатынас жасайтын.

Училищені кадет корпусына айналдырып, қайта құру ісін жас, жан-жақты білімді офицер Н.В. Ждан-Пушкин шұғыл жүзеге асырды. Ол бұл маңызды істі оқытушылар құрамын жаңартудан бастады. Сабақ беруге және тәрбие жұмысын жүргізуге Петербургтен білікті офицерлер таңдап шақыртылды.

Қайта құру арқасында корпус шәкірттерге ғылымның негізгі салаларынан жан-жақты білім бере алатындай жоғары сатыға көтерілді. Оның оқу бағдарламасына әскери дайындық пәндерімен қатар философия негіздері, география, тарих, әдебиет, физика, химия, математика, сызу және сурет салу, орыс және француз тілдері енген. Шығыс тілдері сыныбы түрік, моңғол, араб және парсы тілдерін өткен. Оқу пәндерінің мазмұны мен көлемі жөнінен кадет корпусы әдеттегі орта оқу орындарынан анағұрлым жоғары тұрған. Онда жалпы білім беретін пәндерден басқа тек қана арнаулы жоғары оқу орындарында оқылатын сәулет өнері, сызба геометрия, топографиялық сызу сияқты пәндер де өтілетін. Сондықтан Омбы кадет корпусын бітіргендерден талай аса көрнекті әскери және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдар мен қаламгерлердің шығуы тегін емес еді. Шоқан кадет корпусына келгенде орыс тілін білмейтін. Алайда ол табиғи дарындылығының арқасында тілді тез арада игеріп, оқу жөнінен курстастарының арасында алдыңғы қатарға шықты.

Оның терең білім алуына, ғылым негіздерін игеруіне және болашақ зерттеушілік қабілетінің қалыптасуына корпустың озық ойлы ұстаздары жол сілтеді.

Жоғарыда айтылғандай, корпустың басшысы Ждан-Пушкин ұйымдастыру қабілеті жоғары, терең білімді маман болуымен қатар, ағылшын, неміс және француз тілдерін де жетік білген. Оның ықпалымен Шоқан корпустан неміс және француз тілдерін меңгеріп шыққан.

* Урядник – казак әскеріндегі кіші офицер шені.



П.И. Рычков (1712–1777)



П.С. Паллас (1741–1811)

Тәрбиеленушілерге география пәнінің мұғалімі Е.И. Старковтың дәрістері үлкен әсер қалдырған. Ол Ждан-Пушкиннің арнайы тапсыруымен кадеттерге қазақ даласының географиясы жайында неғұрлым толық, әрі жан-жақты білім берген. «Бұл кадеттер үшін өте пайдалы еді, – деп есіне түсіреді Шоқанның корпустас досы – атақты саяхатшы Г.Н. Потанин, – өйткені олардың көбіне, әсіресе казактарға, қырғыз (қазақ) даласында ұзақ уақыт қызмет атқаруға және жорыққа шығып тұруға тура келетін» (2, V том, 349-б).

Шоқан корпуста қазақ даласы жайында дәріс алумен ғана шектелмей, арнаулы әдебиет оқу арқылы өздігінше көп ізденген. Ол кезде Ресейдің қарамағына таяуда ғана өткен қазақ жері туралы алғашқы ғылыми деректер мен шығармалар едәуір жинақталып қалған болатын. XVIII ғ. орта тұсында Ресей бодандығын алғаш қабылдаған Кіші жүз қазақтарының жерін берік ұстау мақсатымен Жайық және Үй бекіністер шебін орнату жұмыстары қолға алынады. Кейінірек Үй шебі Батыс Сібірдегі Ащы Өзек шебіне жалғастырылады. Әскери шептер құру кезінде алдын ала жүргізілген әскери-топографиялық түсірулер мен ғылыми зерттеулердің мәліметтері жаңа өлкенің әкімшілік орталығы – Орынбор қаласына жинақталады. Соның негізінде қазақ жерінің Орынбор өлкесіне қарасты батыс бөлігінің тұңғыш ғылыми географиялық сипаттамасы – П.И. Рычковтың «Орынбор топографиясы» жарық көрді. Ғасырдың соңына қарай өлкеге Ресей Ғылым академиясының академиктері П.С. Паллас, С.Г. Гмелин, И.Г. Георги, И.И. Лепехин басқарған экспедициялары келді. Осы зор көлемді, жан-жақты ғылыми зерттеулер XIX ғ. басында әрі қарай жалғасып, қазақ даласының көп жерін

қамтыды. Олардың бәрі А.И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деп аталатын 3 томдық географиялық, тарихи және этнографиялық еңбегінде қорытылады.

Шоқан корпуста оқып жүргенде П.С. Палластың, Н.П. Рычковтың (П.И. Рычковтың баласы, саяхатшы), А.И. Левшиннің т.б. саяхатшылардың қазақ даласының географиясы жайындағы жазбаларын терең талдап оқиды.

Кадет Шоқанның корпуста алған білімін әрі қарай тереңдете түсуіне, ой-өрісін дамытуына оның Омбы зиялыларымен тығыз қарым-қатынас жасауы игі әсерін тигізді. Кадеттерге жексенбі күндері қаладағы туғантуысқандарына баруға рұқсат етілетін. Шоқанды Батыс Сібір генерал-губернаторының жанындағы қазақ өлкесін басқару мекемесінің бастығы, полковник К.К. Гутковский, осы мекеменің қызметкерлері шығыстанушы А.А. Сотников, Я.С. Капустин, Бас штабтың офицері А. Померанцев, тарих пәнінің оқытушысы П.В. Гонсевский т.б. үйлеріне шақырып тұрған.

Г.Н. Потаниннің естелігіне қарағанда «өзара жақын туыстық қатынастағы Капустиндер мен Гутковскийлердің отбасылары Омбы зиялыларының басын қосатын орталығы болған. Олардың үйлерінде білімді шенеуніктер мен жас офицерлер жиналатын. Онда Бас штабтың офицерін, суретшіні немесе әдебиетші-шенеунікті, Орталық Азияға сапарға аттанған жолында Омбыға соққан ғалым саяхатшыны немесе «еріксіз ел кезіп» бара жатып аялдаған ақынды кездестіруге болатын» (2, V том, 326-б.).

Гутковский, Капустиндер арқылы Шоқан ақын С.Ф. Дуровпен, жазушы Ф.М. Достоевскиймен, саяхатшы-географ П.П. Семенов-Тянь-Шанскиймен, сондай-ақ Сібірге жер



А.И. Левшин (1797–1879)



П.П. Семенов-Тянь-Шанский (1827–1914)

аударылған көптеген декабристермен танысқан. Ресейдің бұл озық ойлы адамдары оның демократиялық көзқарасының қалыптасуына әсерін тигізген.

Шоқан Омбыда оқып жүрген кезінде – жазғы демалысында – алғашқы жылдары Құсмұрынға, кейінірек әкесінің атамекеніне қоныс аударуына байланысты Сырымбетке барып тұрған. Бұл сапарлары оның туған халқының өміріне терең үңіліп, әдет-ғұрпы мен салт-санасының көптеген жайларына бұдан былай ғылыми тұрғыдан қарауының негізін қалады. Ол жазғы демалыстарын сурет салу өнерін жетілдіруге және жер бетінің сызбасы мен сызбалық картасын жасау ісін игеруге тиімді пайдаланады. Оның «корпустан елге, демалысқа барған кезде салған суреттері», Құсмұрын даласы мен Сырымбет төңірегінің сызбалары кадет Шоқанның болашақ саяхатшы үшін аса қажетті өнерді табысты игергендігін көрсетеді.

Замандастарының естеліктеріне қарағанда, Шоқан 14–15 жасқа келген кезінің өзінде кадет корпусының басшылары оған болашақ зерттеуші, ғалым ретінде көңіл бөле бастаған. Оның Азия материгінің ғылымға белгісіз алыс түкпірлерін зерттеу жайындағы қиялы бірге оқыған жолдастарын қатты қызықтыратын. Ол атақты географ, саяхатшы А. Гумбольдтың «Орталық Азия» деген кітабында аталған жұмбақ Кукунор көлінің жағалауына және оны қоршаған тау жоталарына өтуді армандайтын. Бала Шоқанның «terra – incognita – белгісіз жер» деп есептелінетін Орталық Азияға саяхат жасау жөніндегі батыл жоспарлары замандастарын таңғалдыратын.

Кадет корпусында Шоқанның турашылдық, әділеттілік және алған бетінен қайтпайтын қайсарлық мінездері қалыптасып шыңдалған. Сонымен бірге оның кейінгі өмірінде айқын көрініс тапқан маңайындағылардың өрескел ісін өлтіре сынау, аямай мысқылдау сияқты өткір қасиеттері де осы кезден бастау алған. Корпуста бірге оқыған досы Г.Н. Потанин Шоқанның балалық өмірінен мынадай қызық оқиғаны есіне алады.

Корпуста әр сынып бойынша оқушыларының араларынан біреуін басшы етіп таңдау дәстүрі орын алған. Шоқан оқуға түскен кезде оның сыныбында ой-өрісі төмен, бірақ пайдакүнем, барынша пасық бір оқушы басшы болған. Ол әр жексенбі сайын кіреберіс есіктің алдында тұрып, туыстарына барып қайтқан балалардан көмпит жинап алатын. Бірақ оны жемей, жинай беретін. Аптаның орта тұсында басқа кадеттер әкелген қорын тауысқан кезде әлгі «басшы» айырбас саудаға кірісетін. Ол жинаған көмпиттерін бір-бірлеп қағаз, қарындаш, өшіргіш сияқты заттарға айырбас жасайтын. Сөйтіп, тапқан кеңсе заттарын мұғалім берген жазбаша тапсырманы орындатуға,

емтиханға көмектесуге т.б. қажеттеріне төлемге пайдаланатын. Шоқан алыпсатарға қарсы аяусыз күрес жариялайды. Ұятты өткір тілімен, ащы мысқылымен оның іс-әрекетін мазақ етіп, жолдастарының бетіне қарай алмайтын жағдайға жеткізеді. Әшкереленген кішкентай қанаушы «тағынан» тайып тұруға мәжбүр болады. Оның орнына сынып ендігі жерде Шоқанды басшы ретінде таниды.

1853 ж. Шоқан кадет корпусын бітіріп, «атты әскер корнеті» деген кіші офицер шенін алды. Патша үкіметі «бұратана» деп аталатын халықтардың ауқаттыларынан өзіне тірек іздегенімен, сайып келгенде оларға да сенімсіздікпен қарайтын. Соған орай «азиялықтарға» артиллерия, тактика, қорғаныс шебін құру сияқты арнаулы пәндер оқытылмайтын. Шоқанның корпусы мерзімінен 1 жыл бұрын бітіруі оқу бағдарламасындағы осындай ерекшелікпен байланысты еді. Алайда дарынды жас корпусан жан-жақты білім алып, ғылыми зерттеу жұмыстарын атқаруға қажетті дайындықпен шықты.

Оқуды бітіргеннен кейін Ш. Уәлиханов Батыс Сібір генерал-губернаторының қарамағына әскери жұмысқа қалдырылады. Арада 1 жыл өтпей жатып-ақ ол өзінің асқан қабілеттілігімен жергілікті әскери үкімет басшыларының көзіне түседі де, генерал Г.Х. Гасфорттың адъютанты болып тағайындалады. Сонымен бірге оған төтенше тапсырмалар орындайтын офицердің міндеті де қоса жүктеледі. Мұндай жұмыс жас офицердің Ресейге таяуда ғана қосылып жатқан аумақтарға іссапармен жиі шығып, түрлі ғылыми мәліметтер жинауына қолайлы жағдай туғызды.



САРЫАРҚАҒА, ТЯНЬ-ШАНЬҒА ЖӘНЕ ҚЫТАЙМЕН ШЕКАРАЛАС АУДАНДАРҒА САЯХАТТАР (1853–1857)


Ш. Уәлихановтың Омбыдағы әскери қызметі Ресейдің Қазақстанды жаулап алуының жүз жылдан астамға созылған тарихының соңғы кезеңіне тура келеді. Бұл кезеңде патша үкіметі жаңа жерлерді отарлау саясатын жүзеге асыру үшін жергілікті халықтардың тілін, әдет-ғұрып, тұрмыс-салтын жақсы білетін білімдар қызметкерлерге зәру болатын. Кадет корпусынан жан-жақты дайындықпен шыққан Шоқан бұл талапқа барынша сай, дарынды тұлға еді. Сол кезде қазақ даласы мен қырғыз өлкесіне орыс билігін таратумен айналысқан Батыс Сібір әскери және әкімшілік орындары оны Сарыарқаға, Тарбағатайға, Жетісу өлкесіне, Тянь-Шаньға және Қытаймен шекарадағы сауда орталықтарына жиі жіберіп тұрды. Омбыда қызмет атқарған алғашқы 5 жыл (1853–1857) оның 10 жылдан аз-ақ асатын ғылыми ғұмырында айрықша орын алады. Тап осы жылдары Ш. Уәлиханов қазақ, қырғыз және басқа шығыс халықтарының тарихы, географиясы және халқы жайында жан-жақты ғылыми зерттеулер жүргізіп, саяхатшы және ғалым ретінде қалыптасты.

1853–1854 жылдары жас қазақ офицері төтенше тапсырмалармен Сарыарқаны аралаған кезінде Нұра, Сарысу өзендерінің бойындағы сәулет ескерткіштермен танысады. Қапал бекінісіне барғанда Ұлы жүз қазақтарының аңыз-әңгімелерін жазып алады.

Шоқанның көне сәулет өнеріне байланысты Сарыарқада жүргізген алғашқы бақылау нәтижелері оның басқа аймақтардан жиналған мәліметтерімен қоса «Қазақ моласы және жалпы көне кезең туралы» (1855) деген мақаласына енген. Мұндай бақылаулардың құндылығы жайында ғалым былай деп түйіндейді: «Бүкіл ен далада сансыз көп ежелгі және жаңа молалар, обалар, үйінділер т.б. шашырап тараған. Қазақ тұрмыс-салтының бұл үнсіз ескерткіштері тарихи жағынан гөрі географиялық жағынан анағұрлым маңызды. Өйткені жерленгендердің есімдері халық аузында мәңгілік сақталып қалады да, қазақ жолын осы молаларға қарап бағдарлайды.


Қазақ моласында және оның төңірегінде қазақтың бүкіл әдемілік таңымы, сәулет өнеріне шеберлігі, ою мен көркем өнері көрініс табады» (2, I том, 190-б.).

Ботағайдың солтүстік-шығыс жағынан қарағандағы түрі





Сызбасы

Оңтүстік-батыс немесе қираған жағынан қарағандағы түрі



AB сызығы бойынша қима



Масштабы: 3 аршын – ағылшын дюймі

1 0 1 2 3 4 5 6 аршын

Нұра өзені бойындағы Ботағай кесенесінің сызбасы мен суреті (XII–XIV ғғ.). Тушь. Суретті салған – Ш. Уәлиханов.



Ицра өзені





Сарыарқадағы көл

III. Уәлиханов көне сәулет өнері үлгілерін зерттеу жұмыстарын кейінірек Шығыс Қазақстанда, Тянь-Шань және Ыстықкөл маңында табысты түрде жалғастырған.

1855 ж. Шоқан генерал Гасфорттың Іле өлкесіне сапарын қошеметтеуге байланысты Омбыдан Семейге, онан әрі Аягөз, Қапал бекіністері арқылы Верныйға дейін барады. Қайтар жолында Алтынемелге келгенде ол Гасфорттан бөлінеді де, Жоңғар қақпасына, Алакөл маңына, Тарбағатайға соға жүреді. Онан әрі саяхатшының жолы Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы Омбыға өтеді.

Шоқан осы алғашқы сапарларында өз ісін асқан жауапкершілікпен және әрдайым нәтижелі атқаруына байланысты жоғары үкімет орындарының алдында үлкен беделге ие болған. Ресейдің сол кездегі Соғыс министрі князь В.А. Долгоруков патшаның атына берген өтінішінде былай деп атап көрсеткен: «Дербес Сібір корпусының командирі жігерлі де ықыласты үздік қызметтері үшін марапаттауға ұсынылған Сібір шекаралық казак әскерінің штаб және обер-офицерлерінің екі тізімін тапсырды.

Сонымен бірге инфантерия* генералы Гасфорт ұсынылғандар қатарында корнет Уәлихановты ерекше айтады. Уәлиханов қызметке кіріскеніне 2 жылдан аспаса да, қырғыз (қазақ) тілін және жергілікті қырғыз (қазақ) әдет-ғұрпын жетік білуінің арқасында генерал Гасфорттың қырғыз (қазақ) даласына саяхаты кезінде еріп жүріп, үлкен пайда келтірген.

Оның шыққан тегін және инфантерия генералы Гасфорттың арнаулы өтінішін ескере отырып, мен оған поручик шенін беруді қалар едім» (2, V том, 58-б.).

Соғыс министрінің корнет Уәлихановты поручик шеніне көтеру жөніндегі ұсынысын II Александр патша 1856 ж. ақпанында бекіткен.

Әскери іссапарлар кезінде Шоқанның ғылыми зерттеу жұмыстарына деген қабілеті де анық байқалады. Бұл кезеңде Шоқанның негізгі көңіл бөлген мәселелері туған халқының әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты және тарихы мен ауыз әдебиеті болды. Мұны ғалымның «Іле өлкесі мен Ұлы жүз туралы» деген топтамаға кіретін мақалалары айқын көрсетеді. Оның «Киіз үй», «Төңірі (құдай)», «Қазақ моласы және жалпы көне кезең туралы», «Егіншілік жайында», «Қазақ оқ дәрісінің құрамдас бөліктері», «Ұлы жүз қазақтары жайында», «XVIII ғ. қазақ батырлары жайындағы тарихи аңыздар» деп аталатын мақалалары тап осы кезеңге тура келеді (1854–1855). Осымен бірге 1854–1855 жылдары оңтүстік-шығыстағы тау алды өңіріндегі бекіністерді

* Итальянша «инфанте» жаяу әскер дегеннен. Революцияға дейінгі Ресейде «инфантерия» термині «жаяу әскер» дегенмен қатар қолданылған.

салу арқылы жайлаған жаңа өлкені тек этнографиялық қана емес, географиялық тұрғыдан да зерттеп білу қажеттілігі өзінен-өзі туындап тұр еді. Соған сәйкес қазақ ғалымының «Іле өлкесінің географиялық очеркі» деген географиялық бағыттағы тұңғыш көлемді еңбегі дайындалған.

Жас Шоқанның ғылыми ізденістері саяхатшы, географ П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің назарын аударады. Олар алғаш 1856 ж. Омбыда ұлы саяхатшының Тянь-Шаньға бара жатқан жолында танысады. Орыс географтарының талай ұрпағының ұстазы жас қазақ офицерінің іссапарларға қосымша жүргізген зерттеулеріне ризашылығын білдіреді. Шоқанның болашақ ғылыми зерттеулеріне жол сілтеп, ақыл-кеңес айтады.

Кейінірек бұл кездесу туралы П.П. Семенов-Тянь-Шанский былай деп жазады: «Омбыда қысқа уақытқа тоқтаған кезімде әзірге үстірт болса да қаланың ең тәуір қайраткерлерімен таныстым. Дегенмен менің ерекше көңілімді осының алдында ғана Омбы кадет корпусының курсын бітірген екі дарынды жас офицер өздеріне ерекше аударды. Олардың өздері де менімен танысуға құштар болып жүр екен.

Олардың бірі – тегі жөнінен казак... кейінірек Сібір мен Орталық Азияны зерттеумен аты шыққан, әйгілі саяхатшы Григорий Николаевич Потанин.

Омбыда менің назарымды ерекше аударған екінші адам – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Ол – Орта жүзден шыққан қырғыз (қазақ), соңғы қырғыз (қазақ) ханы Уәлидің немересі, Шыңғысханның ұрпағы атақты Абылай ханның шөбересі. Асқан дарын иесі Уәлиханов Омбы Кадет корпусы курсын өте табысты бітіріп шықты. Кейінірек менің ықпалыммен университетте лекция тыңдап, француз және неміс тілдерін жақсы меңгерді. Соның арқасында Шығыстың, әсіресе қырғыздарға (қазақтарға) туыстас халықтардың тарихының тамаша білгірі болып шықты» (4, 73–74-б.).



Г.Н. Потанин.
Ш. Уәлихановтың қарындашпен
салған суреті.

П.П. Семенов-Тянь-Шанский бұдан кейін Жоңғар (Жетісу) Алатауы мен Тянь-Шань саяхаты кезінде Шоқанмен жиі кездесіп, одан жергілікті халықтар жайында энциклопедиялық мәліметтер алып отырған. Атақты саяхатшы ғылыми зерттеулерінің барысы жайында Орыс география қоғамы хатшысының қызметін атқарушы

В.П. Безобразовқа жолдаған хатында қазақтар мен қырғыздардың арасында жиі болып, олардың өмірімен жақын танысқандығын айта келе: «Мен үшін бұл жердегі қазақ пен қырғыз әдет-ғұрпының аса білгірлері поручик сұлтан Уәлиханов пен тілмаш Бардашевтің берген мәліметтері өте пайдалы болды», – деп жазады (4, 77-б.). Ш. Уәлихановтың мұнан былайғы ғылыми зерттеулері П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің тікелей басшылығымен жүріп отырды. Сонымен бірге дарынды жас ұлы географ-саяхатшының жолын қуушы дәрежесінде ғана қалып қоймай, оның ғылыми ашылыстарын әрі қарай жалғастыра білді. Сөйтіп, Ш. Уәлихановтың есімі Орыс география қоғамының екінші жартысындағы П.П. Семеновтың Тянь-Шань саяхатынан басталған Ішкі Азияны зерттеушілер қатарынан көрнекті орын алды. Осы алғашқы зерттеу жұмыстарының өзінен-ақ жас ғалымның ерекше қабілетін тани білген Семенов Тянь-Шанский оны өзінің қамқорлығына алды. Неміс ғалымы К. Риттердің өзі орыс тіліне аударған «Азия жертануын» қолжазба күйінде оқып танысуға берді, жоғарыда мемуарында атап көрсеткеніндей Петербург университетінің шығыстану факультетінде лекция тыңдауына жағдай туғызды, дарынды жасқа генерал Гасфорттың ерекше «көңіл аударуын» сұрайды.

1856 ж. Ш. Уәлиханов полковник М.М. Хоментовскийдің басқаруымен Ыстықкөлге жіберілген әскери-топографиялық экспедицияға қатынасады.

Экспедиция негізінен қырғыздардың Ыстықкөл алабын жайлаған бұғы мен сарыбағыш руларының жер дауына байланысты ұйымдастырылды. Бұл дауға көршілес жатқан Ұлы жүздің албан мен дулат руларының да қатынасы бар еді.

Осының алдында ғана сарыбағыштар албан мен дулаттың біраз жерін басып алған болатын. Сонымен бірге Ыстықкөл маңындағы бұғыларды да жайлауынан ығыстырып шығарғанды. Бұғылардың манабы Боранбай орыс әскери үкіметінен жер дауын реттеуге жәрдем сұрайды. Генерал Гасфорт бұл жұмысты полковник Хоментовскийге тапсырады. Экспедиция даулы жерлерді картаға түсіретін топографтардан, күзет қазақтарынан және жергілікті ру басшыларынан тұрады. Хоментовскийге көмекке жергілікті халықтардың тілі мен әдет-ғұрпын жақсы білетін поручик Уәлиханов жіберіледі.



Боранбай – бұғы руының манабы. 1856 ж. Ш. Уәлихановтың қарындашпен салған суреті.



П.П. Семеновтың Тянь-Шаньға саяхаты кезінде. П. Павловтың суреті

III. Уәлиханов сапарға Семейден шықты. XIX ғ. орта тұсында Ресейге таяуда қосылған Тарбағатай өңірі, Балқаш маңы және Іле алабы географиялық әдебиетте сипатталып жазылмаған еді. Сондықтан Шоқан өзінің бақылауларын Ыстықкөл алабынан көп бұрын, Семейден шыға салысымен-ақ жүргізе бастайды. Саяхатшының жолы Аягөзге дейін сораң шөлейтті басып өтеді. Көктем әлі күшіне ене қоймағандықтан (сәуір), тобылғы мен қараған жапырағын жайып үлгермепті. Бидайықтардың арасындағы көлшіктерден тұрпан немесе атайка* үйрегінің қосағы жиі кездесіп қалады. Үйректің бұл тұқымы әдеттегідей топталып ұшпай, бір аталық, бір аналықтан оңашаланып жүргенді ұнатады және су таңдамайтындықтан сораң көлшіктерде кездесе береді.

Сортаң дала Аягөзге дейін бірте-бірте биіктеп барды да, одан әрі аласара бастады. Аягөзге жеткенде жер беті өзгеше құлпырып сала берді. Осыған дейінгі бір сыдырғы реңсіз сұр далаға Арқат шоқылары түрлендіріп, көрік берді. Тау арасындағы шатқалдар көгеріп көзге түседі. Өзен бойын ұшқат, қарақат, тал тоғайлары басқан. Тоғай арасы көгөрай шалғын. Саяхатшы күнделігіне «Мен Аягөзді өте жақсы көремін және оған қызыға



Қозы Көрпеш–Баян сұлудың кесенесінің жанындағы тас мүсіндер. III. Уәлихановтың салған суреті.

* Атайка – қазақтар сарала қаз деп атайды.



Аягөздегі Қозы Көрпеш–Баян сұлудың кесенесі. Фото.

қараймын. Бәлкім, бұған оқиғасы осы өзеннің бойында өткен сұлу Баянның алтын шашты Қозы Көрпешке сүйіспеншілігі туралы аңыз себеп болар», – деп жазады (2, I том, 307-б.). Ш. Уәлиханов қазақтың бұл сәулет ескерткішіне үлкен мән беріп, қағазға түсіріп алғысы келеді. Бірақ осының алдында ғана жаңбыр жауып, өзен тасып кеткендіктен, бұл жолы Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың тамына барудың сәті түспейді. Ол кейін Ыстықкөл саяхатынан қайту жолында тамға арнайы соғып, басындағы тас мүсіндердің суретін салады. Халық аузындағы аңыз бойынша тастан жасалған әйел мүсіндерінің бірі – Баян, екіншісі – оның апасы Айғыз, үшіншісі – жеңгесі. Еркек мүсін – Қозы Көрпеш. Қазіргі кезде тас мүсіндер сақталмаған. Сондықтан бұл сәулет ескерткіштер туралы тек Шоқан салған суреттен ғана білеміз.

Мұнан әрі жол Арғанаты тауын, Лепсі, Басқан, Ақсу өзендерін басып, Жоңғар Алатауының етегімен Іле арқылы Шелек өзенінің аңғарына шығады. Саяхатшының күнделігінде осы айтылған жерлердің толық географиялық сипаттамасы берілген. Балқаш маңы туралы мынадай мәліметтер келтірілген. «Бұл көлден әрі тура Лепсінің өзіне дейін (бұл ара он шақырымдай болады) түгелдей құм басып жатыр. Құм болғанда сусыма құм, қамыс пен ши көп өседі. Кей жерде көкпек, шеңгел, ақтаспа кездеседі – бар өсімдігі осы. Бұл құмдарда жылан мен тасбақа көп-ақ... Лепсі басын Алатаудың беткейінен алады да, Балқашқа барып құяды. Оның суы терең. Жағасында терек, көктерек, жиде, ұшқаттан тұратын қалың тоғай өседі. Сағасын биік ну қамыс басқан. Қамыс арасында алуан түрлі құстар болады, жолбарыс та кездесіп қалады» (2, I том, 310-б.).

Шоқанның жолжазбаларындағы ерекше көңіл аударарлық аса маңызды дерек – Лепсі өзенінің сағасындағы ну қамыста жолбарыстың кездесуі. Қазіргі кезде құрып кеткен бұл жыртқыш XIX ғ. Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі бірқатар аудандарда таралған. Саяхатшылар жазбаларында жолбарысты Сыр бойында, Оңтүстік Балқаш маңында, әсіресе Іле өзенінің сағасында, Іле Алатауының баурайында кезіктіргендерін жазады.

Арал теңізін зерттеуші А.И. Бутаков 1848–1849 жылдары Сырдарияның сағасында жолбарыс малға, тіпті адамға да шауып, маза бермегендіктен қазақтардың өтініші бойынша оны аулағандарын айтады. П.П. Семенов Тянь-Шанский 1857 ж. Іле Алатауында Верный бекінісі мен Талғардың аралығында қазақтармен жолбарыс атуға шыққанын жазады.

Іленің сағасындағы ну қамыс көпке дейін жолбарысқа жайлы мекен болған. Ол осы арада Балқашты жағалап Лепсіге дейін барып тұрған болуы керек. Шоқанның Лепсі бойында «жолбарыс та кездесіп қалады» деуі бұл жыртқыштың осы жерге дейін жем іздеп баратынын көрсетеді.




Гле Алатау бөктері

Қазақстандағы соңғы жолбарыстар Сыр бойында 1933 жылы, Балқаш маңында 1938 жылы өлтірілген.

Экспедиция Шелектен Ыстықкөлге, Сөгеті, Торайғыр тауы, Шарын, Үш Мерке, Қарқара өзендерінің аңғары, Санташ асуы арқылы өтеді. Шоқан Солтүстік Тянь-Шаньның бұл бөлігінің жер бедері мен өзендер торабын барынша толық талдап анықтаған. Мұны ғалымның бір ғана Шелек алабына берген талдауынан байқауға болады. Оның айтуынша, Шелекке оң жағынан Қуаңтөр, Деле-Қарағайбұлақ, Сүттібұлақ, Үшбайсор, Күдерті, Күрметі, Көлді-Сарыбұлақ пен Асу-Сарыбұлақ, Сатылы және Қарабұлақ, сол жағынан Үшбұлақ, Текжол, Жіңішке және Асы құяды. Сондай-ақ саяхатшының назарынан Шелек бойындағы Бартоғай, Шарын аңғарындағы Сарытоғай, Ақтоғай деп аталатын жерлер де тыс қалмаған.

Шоқан өзінің жолжазбаларында Шелектің жыл бойы мол сулы болатындығын айрықша атап көрсетеді. Судың тасуы маусымның соңында басталады да, күзге дейін созылады.

Шынында да Іле Алатауының орталық биік бөлігінен басталатын өзендердің суға молығуы күрделі. Бұл өзендерде жылдық ағынның құра-



Құнгей Алатау мен Теріскей Алатау тауларының шыңдары. 1856 ж. Акварель. III. Уәлихановтың салған суреті.



Іле Алатауы бөктерінде. Фото



луында басты орынды қар мен мұздық суы алады. Оған жаңбыр суы мен жерасты суы қосылады. Су жинайтын алабы әртүрлі биіктікте жатуына байланысты маусымдық қар және ақыр соңында мұздық әртүрлі уақытта еритіндіктен, биік таулы аймақтың өзендерінің тасуы мамырдан қыркүйекке дейін ұзақ уақытқа созылатындығы белгілі.

Бұл ауданда жол-жөнекей жүргізілген бақылаулардың өзі өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы көптеген құнды мәліметтер берді. Саяхатшы Шелек өзені алабында тау беткейінің көп жерін шырша орманы алып жататындығын атап көрсетеді. Өзенді бойлап тал, жиде, тобылғы, жыңғыл, бөріқарақат, ұшқат бұтасы жасыл желек құрайды. Шелектің Ілеге құяр тұсында қамыс пен сексеуіл кең тараған. Тауға қарай шеңгел мен ши өседі.

Ш. Уәлиханов бұл өңірде өсетін өсімдіктер мен жануарларды тек атап шығумен шектелмей, кейбір түрлерінің суреттерін үлкен шеберлікпен салған.

Әсіресе Шарын өзенінің шатқалындағы шыршалар, бөйтерек, ұрғашы және еркек қарақұйрықтар, дөңбек тасты паналап жатқан қарақұйрықтың лағы, Мерке аңғарындағы тоғай т.б. табиғат көріністерін дәлме-дәл елестетеді.

Сөз орайына қарай саяхатшының деректері қазіргі кезде құрып кеткен немесе сирек кездесетін кейбір жануарлардың тарихи кезеңдегі таралу аймағын анықтауға көмектесетінін айта кеткен жөн. Мұндай деректер жоғарыда аталған жолбарыстан басқа құлан мен ақбөкен туралы да келтірілген. Ш. Уәлихановтың байқауынша Бетпақдалада және Шу бойындағы құмдарда қаптап жүретін құлан мен ақбөкен шығысқа қарай таралмайды. Ол бұрын қазақ даласында құлан да, ақбөкен де кең жайылғанын айта келіп, олардың азаю себептерін де көрсетеді. Басты себеп – адамның қырып-жоюы. Ғалым бұл туралы жергілікті халықтан мынадай аңыз естігенін айтады.

«Өйгілі Жәнібек хан баласының атқа мінуіне арнап ұлан-асыр той жасайды. Атқа жаңа үйреніп жүрген бала ескерусізде шетке шығып кетеді де, жайылып жүрген бір топ құлан үйіріне кездеседі. Даланың дүлей тағысы дүркіреп қашқанда, одан үріккен ат та бірге ілесіп алып қашады. Қатты шабыс кезінде бала аттан құлайды да, оны құландар таптап кетеді. Баланың өліміне күйінген хан Тарбағатайдан Ілеге дейін терең ор қаздырып, Жоңғарияның бүкіл құландарын соған қуып тығып құлатады. Құланның қамаудан құтылған бір айғыры мен биесі ғана Балқаштың ар жағына қашып шығып, сонда өсіп өрбіген. Ол құландар өздерінің ұрпағына «енді қайтып бұл жаққа жоламаңдар» деген өсиет қалдырыпты-мыс».

Бұл аңыздың негізінде шындық жатқанын байқау қиын емес. Ертеде қазақ даласында құлан мен ақбөкенді жаппай аулау үшін ор қазып, соған құлату тәсілі кеңінен қолданылғаны тарих беттерінен аян. Мұндай тәсіл құлан сияқты ірі аңдардың санының күрт азаюының басты бір себебі болған.

III. Уәлиханов осымен бірге табиғатта қайталанып отыратын жұттың да жануарлар дүниесіне зиянды ықпалы тиетінін айтады. Ол өзінің саяхатының қарсаңындағы жылдары көктайғақтан орын алған жұт Бетпақдаладағы құлан мен ақбөкен үйірлерін зор шығынға ұшыратқанын атап көрсетеді.

Құлан ертеде қазақ даласында өте кең таралған. XVIII ғ. және XIX ғ. табиғат зерттеуші ғалымдары: П.И. Рычков, П.С. Паллас, Г.С. Карелин, Э.А. Эверсман т.б. ғалымдардың еңбектерінде құланның Сағыз және Жем өзендерінің алабында, Мұғалжар мен Ұлытау төңірегінде, Үстірт пен Маңғыстауда, Арал теңізінің жағалауында, Ертіс бойында, Балқаштан солтүстік-батыста үйір-үйір болып жүргені айтылады.

Құлан XIX ғ. соңына қарай күрт азая келе біздің заманымызда тек Барсакелмес аралындағы қорықта ғана қалды. Қазіргі кезде Алтынемел ұлттық бағында қайтадан жерсіндірілуде. III. Уәлихановтың жазбалары Қызыл кітапқа енген бұл жануардың бұрынғы таралу аймағын тағайындауға көмегін тигізетін құнды деректердің қатарына жатады.


Саяхатшының тап осы сапарында айрықша көңіл бөлген мәселелерінің бірі – географиялық атаулардың шығу тегі. Қазақстан мен Орта Азияны зерттеген орыс ғалымдарының ешқайсысы да жергілікті халықтың тілін білмегендіктен, оған дейін топонимдерге* байланысты келелі пікір айта алмаған. Шоқан өзінің жолжазбаларында географиялық атауларды қазақ, қырғыз, қалмақ және басқа да шығыс халықтарының тілінен орыс тіліне аударып, түсініктеме берумен қатар оларға байланысты аңыз-әңгімелерді де келтіріп отырды. Ол Шелектен Санташқа дейінгі жолында кездескен Бақалы, Бұғыты, Сөгеті, Торайғыр, Қарқара, Қорам, Асының жайлауы, Шырғанақты, Манастың Бозтөбесі т.б. атаулардың түсініктемесін береді. Оның жазбаларынан қазіргі кезде шығу тегі ұмытылған Қорам атауы – қалмақтармен соғысқан батырдың есімінен, сырт қарағанда түсініксіз көрінетін «Шырғанақты» сөзі – Солтүстік Тянь-Шань тауларында өсетін шырғанақ өсімдігінің атынан шыққанын байқаймыз. Торайғыр тауының аталуы жаугершілік заманмен байланысты болса керек. Халық аузындағы аңыз бойынша қазақтар жоңғарлармен соғысып, жерінен қуып шыққанда, олардың жұртынан осы тауда бір түсі торы айғыр тауып алыпты. Содан тау Торайғыр аталыпты...

* Топонимдер – жер-су аттары.

Ш. Уәлиханов Күнгей Алатаудың шығыс шетінде Санташ асуын басып жүрді. Асудың үстінде биіктігі 6–7 метрге баратын, тастан үйілген оба алыстан көзге шалынды. Шоқан жол бастаушы қырғыздардан асудың аты осы обаға байланысты екенін білді.

Ел аузындағы аңыз бойынша әйгілі Әмір Темір көреген (Ақсақ Темір) Қытайға қарсы жорыққа аттанғанда осы асу арқылы өткен. Әмірші Қытайға барар жолында әскеріне бір-бір тастан алғызып, асудың үстіне үйгізген. Жорықтан қайтқанда әлгі үйілген обадағы тастарды бір-бірден алғызып, басқа бір жерге қайтадан үйгізеді. Ұлы жиһангер оны алғаш үйілген обамен салыстыру арқылы өзінің қанша жауынгері опат болғанын шамалапты-мыс. Шоқан өзінің жолжазбаларында бұл аңыздың тарихи деректерге сәйкес келмейтіндігін айтады. Оның пікірінше, Ақсақ Темір шынында да Қытайға жорыққа аттанған, бірақ қырғыздардың жеріне жетпей қаза болған. Қалай дегенде де Санташ – көп адамның қыруар еңбегінің нәтижесі. Ол осы арадан өткен қайсыбір халықтың өміріндегі елеулі оқиғаға байланысты тұрғызылған.

Мамырдың соңғы күндері саяхатшылар Түп өзенінің аңғары арқылы Ыстықкөлдің жағасына шығады. Экспедицияның алдына қойылған ғылыми міндет – атақты тау көлінің алабын картаға түсіру болатын. Бұл міндет



Түп өзені бойындағы қырғыз молалары. 1856 ж. Қарындаш пен тушь. Суретті салған – Ш. Уәлиханов.

ойдағыдай жүзеге асырылды. Картаға Ыстықкөл жағалауы ғана емес, сонымен бірге оған құятын өзендер, көлді қоршаған тау жоталары мен олардан асатын асулар түсіріледі. III. Уәлиханов күнделігінде экспедицияның бүкіл маршрутын егжей-тегжейлі сипаттап жазады. Ыстықкөл алабының өсімдіктері мен жануарларын зерттейді, құстар мен жәндіктердің коллекцияларын, өсімдік гербарийлерін жинайды. Осымен қатар ол Ыстықкөл төңірегінің бай археологиялық ескерткіштеріне алғашқылардың бірі болып көңіл аударады. Ғалым өз бақылауларының нәтижелерін тарихи деректермен салыстыра отырып, Ыстықкөл алабында және Жетісуда орта ғасырларда маңызды сауда орталықтары орналасқан деген қорытындыға келеді.

Шоқан, әсіресе жергілікті халықтың ауыз әдебиетін, әдет-ғұрпын және салт-санасын ден қойып зерттейді. Ыстықкөл алабындағы бұғы, сарыбағыш, солты руларының ауылдарына барып, ескі аңыз-өңгімелерді жақсы білетін адамдармен әңгімелеседі, ырчылардың (жыршылардың) жырын тыңдап, тарихи деректер, ертегілер мен дастандар жазып алады. Оның қырғыз халқының әйгілі «Манас» жырымен танысуы да осы сапардан басталады.

Бұл жерде ерекше ескеретін бір жағдай Шоқан жергілікті халықтың аңыз-өңгімелеріне өте үлкен мән беріп, олардың негізсіз тумайтындығы жайында дәлелдер келтіреді. Ғалым айрықша назар аударған аңыздардың бірі – Ыстықкөлдің пайда болуы жайындағы аңыз.

«Бағзы заманда қазіргі Ыстықкөлдің орнын сәулетті шаһар орналасқан кең жазық алып жатты. Шаһардың халқы бай болғанымен құдайға сенбеген, дінге бой ұрмаған. Оны билеген хандардың бірі қартайғанша перзент көрмепті. Ол өзінен кейін тағы бос қалатынын ойлап, қатты қайғырады. Әбден зарыққан хан құдайдан «есек кейіптес болса да, бір ұл берсеңші» деп тілейді. Көк төңірісі оның дұғасын қабыл алып, таққа отыруға бір ұл береді. Ұл ханның тілегеніндей есек сияқты ұзын жақты, салпаң құлақты болып туыпты. Хан ұлан-асыр той жасап, баласының атын Жәнібек деп қойыпты. Бала өсіп ержеткеннен кейін әкесінің орнына таққа отырады. Құдай одан ақыл мен парасатты аямаған. Ол өзінің әділдігімен халыққа қатты ұнаған. Бірақ ерекше бір жағдай халықты айран-асыр қалдырады. Хан сарайына барған шаштараздар кейін қайтып шықпай, ұшты-күйлі жоғалып кетеді. Өйткені Жәнібек құлағының есектікіне ұқсас екенін жайып жібермеу үшін шашын алдырғаннан кейін шаштараздың басын кесе беріпті. Көп ұзамай елде шаштараз қалмауға айналады. Адамдар мұндай өмірге қауіпті кәсіппен айналысқысы келмейді. Ендігі жерде хан шаштаразды жеребемен алдырады. Онымен де бірталай уақыт өтеді. Бір күні жеребе бір шалдың жалғыз баласына түседі. Жігіт жастайынан шаш алуға әбден машықтанған екен. Көзді ашып-жұмғанша ханның басын айнадай егіп жалтыратып,



Ыстықкөл. Фото

қырып шығады. Есек құлақтың да бір түгін қалдырмайды. Шаштараздың шапшаң қимылы мен асқан шеберлігі ханға өте ұнайды. Содан Жәнібек ойға қалады: «Мына жігіт асқан маман екен. Мұндай адам енді маған табыла бермес. Қой мұны өлтірмейін». Хан жігітке құпия сырын ашпайтындығына ант-су ішкізіп, өзінің қасына қалдырады. Шаштараз тек маман ғана емес, кез келген іске оңтайлы, ептілігімен де көзге түседі. Хан оны көп ұзамай өзіне уәзір етіп алады. Хан мен уәзір әбден достасып, бір аяқтан қымыз ішіп, бір табақшадан палау жейтін жағдайға жетеді. Алайда «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас. Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас» деген мақал бекер айтылмаса керек. Шаштараз-уәзір қоңайып алғаннан кейін мұрнын көтеріп, дандайси бастайды. Ақыр соңында осы өркөкіректік оның түбіне жетеді.

Хан құс салып, аң аулауды жақсы көреді екен. Бір күні саят кезінде уәзірдің сұңқары ханның сұңқарынан озып барып, аққуды шалады. Уәзір мақтанып кетіп, байқамай «Менің сұңқарым есек құлақ Жәнібек ханның сұңқарынан ұшқыр» деп айғай салады. Мұны маңайдағылардың бәрі естиді. Ашуға булыққан хан уәзірді ұстап, дарға асуға әмір береді. Бұл кезде абайсызда қате жібергенін байқаған уәзір тауға қашып та үлгерген еді.

Уәзір біраз уақыт тауда жасырынып жүреді. Тек түнде ғана қалаға жасырын келіп кетеді. Хан сарайының ауласында аузы алтын қақпақпен жабылып, құлыпталған қасиетті құдық бар еді. Қақпақты ашса болды, құдықтағы су бұрқылдап атыла бастайды. Бұл сырды ханнан басқа уәзір ғана білетін. Өзінің бұрынғы сән-салтанатты өмірін аңсап және басқалардан қызғанған уәзір құдыққа барып, құдайдан бүкіл қала халқына топан су жіберуін сұрайды. Уәзірдің алтын қақпақты ашуы мұң екен, құдықтың түбінен су шапшып атқылай бастайды. Ертеңіне қаланы түгелдей су басып, оның тұрған жері орасан зор көлдің астында қалады».

Шоқан қырғыздар туралы еңбектерінде бұл аңыздың негізсіз емес екендігін айтады. Оның пікірінше көлдің жағалауындағы қалалар жер сілкінулер кезінде қирап, судың астына батқан. Оған кейде күшті дауыл кезінде толқынның үй жиһаздарын жағаға шығарып тастауын дәлел ретінде келтіреді.

13 шілдеде экспедиция Ыстықкөл алабындағы жұмыстарын аяқтап, кейін оралады. Шоқан қайтар жолында Күнгей Алатау мен Іле Алатауын басқа маршрутпен кесіп өтіп, жаңа ғылыми бақылаулар жүргізеді. Ол Күнгей Алатауға Саты асуы арқылы көтеріліп, осы арадан Ыстықкөлдің және оның ар жағындағы Теріскей Алатаудың ғажайып көрінісін суретке салады. Онан әрі Шелектің бастауы, Жалаңаш тауаралық ойысы, Түрген, Есік, Талғар өзендерінің аңғары арқылы Верныйға өтеді. III. Уәлиханов

географиялық әдебиетте тұңғыш рет Іле Алатауының тауаралық ойыстарын сипаттап жазады, таудың солтүстік беткейінде өсімдік жамылғысының биіктік бойынша өзгертіндігіне назар аударады. Оның байқауынша, қар жиегінен төмен қарай түскенде көп ұзамай-ақ шырша орманы басталады, онан төмен ұсақ жапырақты ағаштар мен жабайы жеміс ағаштарынан тұратын жапырақты орман, дала, ақыр соңында Іле бойы шөлі бірінен кейін бірі ауысып отырады.

Жалпы алғанда, Ш. Уәлихановтың Ыстықкөл саяхаты табысты аяқталады. Саяхат нәтижелері география ғылымын Қырғыз өлкесі ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарының табиғаты жайындағы жан-жақты мәліметтермен байытты.

Ыстықкөл саяхаты аяқталмай жатып-ақ, Ш. Уәлиханов шекаралық даулы мәселелерді шешу және сауда қарым-қатынасын орнату жайында келіссөздер жүргізу үшін Қытайға, Құлжа қаласына жіберіледі. Бұл сапар небәрі жиырма бірдегі жас ғалымның табиғи дарындылығы мен зеректілігін, табиғат құбылыстарын да, халық өмірін де байқағыштығын көрсетеді. Шоқан Қытайдың батыс өлкесіне шілденің соңғы күндерінің бірінде Қапалдан аттанады. Экспедиция Жоңғар (Жетісу) Алатауының батыс шетіндегі Үйгентас асуы арқылы Іленің аңғарына шығады.

Үйгентас сырт көрінісі жөнінен тау үстірті сипатында екен. Оны батысында Ағынықатты, Қарғалы, шығысында Өсек, Бурақожыр және Түрген өзендері басып ағады. Үстіртте жапа-тармағай бытырап тараған жылғалар мен бұлақтар жер бетін батпақтандырып жатыр. Жолдың екі қапталын бойлап тау жоталары созылып кетеді. Тау беткейін сирек шырша орманы басқан. Көп жері ормансыз, жалаң. Асудың өзін басқан бетегелі шалғын су бетіндей толқиды. Теп-тегіс жасыл кілемнің үстінде аттың басын еркін қоя беріп, көсілтіп шапқың келеді.

Үйгентастан асқаннан кейін жер беті төбелі, ұсақ қыратты болып, Ілеге қарай аласара береді. Соңғы қыраттан асқанда Бурақожыр өзені көрінеді. Өзен тар шатқалды бойлап ағып жатыр. Оң жағы да, сол жағы да жалаң жартасты. Төңірек тұтасынан құлазыған тастақ. Тек сымбатты терек тоғайы ғана құмды шөлдегі оазис сияқты көрік беріп тұр. Анадайда жайылып жүрген аттар адам барын аңғартады. Бұл Қытай бекеті екен.

Жолаушылар елшілік ережесі бойынша бекетке жетпей, өзен жағасына тоқтады. Көлік доғарылып, киіз үй тігіледі. Керуеннің жайғасқанын көргеннен кейін бірнеше Қытай қарауылшылары келді. Жүздесу Қытай әдетінше «Чилиюфан?» (Тамақтандыңдар ма?) деген сұрақтан басталды. Одан әріден саулық, жол жағдайы, көлік жайы, кездескен қиыншылықтар т.б. сұрастырылды.

Бірінші бекеттен ішке қарай елшілерді Қытайдың күзет қызметкерлері ертіп жүрді. Әрі қарай жол Іле аңғарын бойлап, Бурақожыр, Өсек өзендерін басып өтеді. Бурақожырдан Өсек өзеніне дейін жер беті қу тақыр, құмды шөл болып кетеді. Өсімдігі жұтаң. Әр жерден жусан, ермен, ебелек, тікенді қараған бұталары мен жыңғыл кездесіп қалады. Тек Бурақожыр өзенінің бойында ғана кенепшөп пен шидің түптері сорайып көрінеді. Осы мидай даланың қожасы кесірткелер мен жыландар екені көрініп-ақ тұр. Құс атаулыдан бозторғай мен дала шілі ғана көзге түседі.

Төңірек бәрі күйіп тұр. Аспан айналып жерге түскендей ыстық. Желсіз, тымырсықта жол жүру қандай қиын. Аттар басын төмен салып, баяу ілбиді. Ат үстіндегілерде үн жоқ, тізгінді бос қоя беріп мүлгіп отыр. Қытай шенеуніктері жалпақ ерге жайғасып алып, темекі түтінін будақтатқан күйде терең ойға шомуда.

Өсектен кейін даланың келбеті өзгере бастады. Іленің бойында орман алқаптары жиі ұшырасатын болды.

Сылдырап аққан су біткеннің маңында жыңғыл, тобылғы, бозтал, жиде және басқа өсімдіктер қаулай өскен. Мыңдаған арық бойының өсімдіктері әрі қалың, әрі бітік. Арықтардың маңында және бір кездегі ескі арықтардың орнында түрлі түсті қоңырау гүлділер мен гүлкекірелер, ақ немесе ал қызыл үлкен гүлдері бар биік әрі сымбатты, сұлу құлқайыр ағаштар. Ілгерілеген сайын меңіреу далаға жан бітіп, ағаш қалыңдай түседі. Бидай мен тары, жүгері егілген ұшы-қиыры жоқ егістіктер бұл жерлердің көркін онан сайын түрлендіріп, құбылта түскендей.

«Қараған адам таңғалады, – деп жазады Шоқан өзінің күнделігінде, – осындай қара топырақсыз, табиғи күйінде ащы жусан, тікенекті ебелек, қараған мен шеңгелдің тікенді жұпыны бұталары ғана өсетін құмды, сортаң даланы – барып тұрған рақымсыз топырақты шыдамды қытай ғана қажырлы еңбегімен жеңіп, діттегенін өндіре алады. Осындай құлазыған даланы өңдеп, егін егуге ниеттену үшін ғана қытай болып туу керек. Соған қарамастан ол өзінің мақсатына жеткен, әрі оңай жеткен. Жерге алдын ала тыңайтқыш берместен-ақ тырмалаған, егін егіп, оған мол сулы каналдар жүргізген...

Мұндай жерлерді мүлде жарамсыз деп игермей қалдыратын біздің Астрахань мен Орынбор губернияларының диқандары үшін, міне, бұл – барып тұрған үлгі» (2, II том, 182-б.).

Қытай жеріне неғұрлым ілгерілеп, ішкері кірген сайын, соғұрлым елдің жиі қоныстана түскенін байқауға болады.

5 тамызда экспедиция Құлжа қаласына келеді. Қытайдың жергілікті үкімет орындарымен келіссөз жүргізген екі жарым айда Шоқан жергі-

лікті халықтың тілі, әдет-ғұрпы, шаруашылығы және елдің саяси құрылысымен жете танысады. Ол өзінің бақылау нәтижелерін көркем тілмен өте тартымды баяндайды. Мәселен, Құлжа базарының қайнаған өмірі былай сипатталады. «Неше түрлі адамдар мен неше түрлі киімдердің бәрі осында. Мұнда бас қалқаның көлеңкесінде ұзын сұр желең киген көпес те отыр, кескіні келбетті, қарғаның қанатындай қап-қара дөңгелек сақалды, сәлделі әндіжандық та осында (мұнда ортаазиялықтардың баршасын да осылай атайды). Қара көзді, Дамаскінің қайқы қылышындай имек мұрын, ақ көйлекті қашқарлық қабағын шытып, түнере қарайды. Үстіне өрім-өрім шоқпыт киген тараншы, яғни қытай әкімдеріне қызмет етіп, солардың жерін өңдеп, егінін егу үшін осы өлкеге жер аударылып келген диқаншы мұсылман да жаңа ғана сатып алған қарбызын сүйсіне сорып, рақаттанып отыр. Ол өзі қап-қара, ал енді тісі болса інжудей аппақ. Сызықтай түзу бітік көзі көп ұйқыдан ісіп кеткендей боп көрінген манчжур; оңтүстік губерниялардан жер аударылып келген қысық көз, қап-қара тістері ырсиған, үстіне құдды бір жылтыр клеенка төрізді май-май шолтиған ақ көйлек киген батыр қытай; белін қынай буынған, сілеусін бөрікті, қамыт аяқ қалмақ – осылардың бәрі де елестен өтіп жатты, бәрі де әлденеге асығып бара жатқандай, жүздеріне қарасаңыз, бәрі де бір іспен шұғылданып, соның қамында жүрген төрізді. Жіпке тізіп, біздің шұжығымыздай ғып қолына іліп алған қытай ақшалары – ярмақтары шылдыр-шылдыр етеді. Және осылардың бәрі шетінен шылым шегіп, қарқылдап күліп, бірімен-бірі сәлемдесіп, құттықтап, гу-гу етеді. Манчжур өзінің түтігін тектесімен бөле-жара, алма-кезек шегіп: «ганза-фина, акху», – дейді оған. Қытай дыбысын жұтып, қараторғай сияқты көмекейімен сөйлейді. «Меңду!» – деп қалмақтар да жүр дауыстап» (2, II том, 210-б.).

Саяхатшы Қытайда буддизмнің «адам өлгеннен кейін оның жаны басқа бір денеге көшеді» дейтін діни-мистикалық қағидаларынан туған әдет-ғұрпына назар аударады. Бұл ғұрып бойынша «егер сәби өлсе де, ол енді сол отбасында қайтадан тумасын» деген оймен оның өлігін үйден кемсітіп шығарады екен. Өлген сәбидің рухын жәбірлеп, ренжіту үшін оның аяғына жіп байлап алып сүйретіп, не жол бойына апарып тастайды, не бір шұңқырға тыға салады. Қытайда сәбилер ғана емес, жалпы өлік атаулы, қастерленіп жатпайтынны көрініп тұрады. Шоқанның айтуынша, қытайлар дүние салған адамның өлігін көбінесе қызыл бояумен боялған барынша сиықсыз табытқа салып, жерошақ төрізді қазылған шұңқырға көме салады. Жерінің топырағы құмды болған соң моланың үстіндегі кішкене үйіндіні жер үрлеп әкетеді де адамның сүйегі көбінесе ашылып қалады. Қытайлар өлген адамның соңғы мекенін талғап жатпайтындығы соншалық, мола кез келген жерде кездесе

береді. Көпір астында да, жол үстінде де, көшелерде де моладан аяқ алып жүре алмайсың.

Ш. Уәлиханов қарапайым халықтың ғажайып еңбекқорлығына ерекше көңіл бөледі. «Күннің қайнап тұрған нағыз ыстығында диқан бір ғана ішкөйлегі мен далиған шелпек тәрізді қалпағын киіп алып, егіс басынан шықпайды» дейді. Осымен қатар оның назарынан қытайлардың көпшілігінің үйсіз-күйсіз жағдайы да тыс қалмаған.

«Жаз – Қытай үшін барып тұрған жұмақ, – деп жазады Шоқан, ол жалаңаяқ, жалаңбас жүріп, қалаған жеріне жатып ұйықтай береді, бау-бақшаның саясы түнеп шығатын жайлы орын; бірақ оның есесіне қыста ол қатты азап шегеді: мұнда Орталық Қытайдағыдай емес, қысы қақап, бораны соғып тұрады және сондай қатты бораннан кейін әрқашан да бірталайының тұлымды төбесі қар астынан қылтиып шыға келеді де, жазға дейін сол күйінде, ашылып қалған мүрделерін Ілеге тастағанша немесе полиция сол жатқан жерлеріне көме салғанша жата береді» (2, II том, 214-б.).

Келіссөздерден бос уақыттарында Шоқан қала маңын аралап, гаолян (қытай тары), сорго (құмай), жүгері, көкнәр егістерімен танысады, бірталай тау жыныстарының коллекцияларын жинайды. Олардың ішінде Хотан-Дария маңында өндірілетін нефрит, Яркенд төңірегінен әкелінген күкірт пен смола, Керия өзенінің жағасынан табылған алтын аралас құм бар.

Ш. Уәлихановтың Құлжа сапары мемлекеттік жұмыс тұрғысынан да табысты аяқталады. Осы келіссөздердің негізінде Құлжа мен Шәуешекте орыс елшілігі ашылып, Қытай мен екі арадағы сауда қатынасы жақсарады. Қазанның ортасында Шоқан Құлжадағы жұмысын аяқтап, Омбыға қайтып оралады.

1857 жылы Ш. Уәлиханов қырғыз халқының ауыз әдебиеті, тарихы мен этнографиясы жөніндегі зерттеулерін онан әрі жалғастырады. Ғалым бұл жолы Алатау қырғыздарын аралап, «Манас» поэмасымен толық танысады, оған тұңғыш рет жан-жақты ғылыми талдау жасайды. Соның нәтижесінде «Манас» поэмасы «бір кезеңде және бір адамның төңірегіне жинақталған бүкіл қырғыз ертегілерінің, аңыз-әңгімелерінің географиялық, діни, ақыл-ой танымдарының және адамгершілік ұғымдарының энциклопедиялық жиынтығы» (2, II том, 70-б.) екені анықталады. Шоқан «Манастың» «Көке-тайханның асы» деген тарауын орыс тіліне аударып, қырғыз халқының бұл әдеби мұрасын бүкіл ғылым әлеміне танытады.

«Манас» – ғаламат ұзақ жыр. Жырды айтып шығу үшін үш күн, үш түн жеткіліксіз. Өлденеше апталаған, тіпті айлаған уақыт керек» дегенде алғашында Шоқан сенбеген. Біздің заманымызда «Манас» жырының

жинағы әлденеше ондаған том болып басылып шыққан. Оны «манасшылар» бірнеше ай бойы тоқтаусыз жырлайды. Жырда қырғыз халқының бас бостандығы үшін сыртқы жаулармен күресі басты орын алады. Сонымен бірге ел ішіндегі талас-тартыс, халқының әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салты кең көлемде жырланады. Осындай сан алуан оқиғалар халық жадында түрлі аңыз түрінде сақталып, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Уақыт озған сайын жаңа оқиғалар қосылып, жырдың көлемі арта берген. Бірақ олардың барлығы да бір адам – Манас батырдың атымен біртұтас біріктіріледі. Жырдың бірінші бөлімі Манастың өзінің, екінші бөлімі оның ұлы Семетейдің, үшінші бөлімі немересі Сейтектің төңірегіне жинақталған.

Жырды түгелдей жазып алуға уақыт жетпейтіндігін сезгеннен кейін Шоқан оның қасиетін өте анық көрсететін үлкен бір тарауы – «Көкетай ханның өсиеті мен асы» жырланатын бөлімін таңдаған.

Шоқанның сол кездегі ғылыми еңбектерінен оны «Манасты» бірден баурап алғандығы байқалады. Ол қырғыздарға байланысты «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Жоңғар очерктері» деген еңбектерінде жырға бірнеше қайтара айналып соғады. Ғалым қырғыздардың ауыз әдебиеті жайында әңгімелегенде, аңыз-жырдың мысалы ретінде басқаны былай қоя тұрып, «Манастан» мынадай үзінділер келтіреді:

*«Алтын ердің қасы екен,
Аталы жұрттың басы екен».*

Немесе:

*«Көк дөненнің басы бар,
Көкетай ханның асы бар».*



*Ашық түсті шапан киген қырғыз. 1856 ж.
Түрлі түсті қарындаш.
Ш. Уәлиханов салған сурет.*

Шоқан осы шығармаларында «Манасты» ежелгі заманның ұлы ақыны Гомердің жыр дастанына теңеп, «дала Иллиадасы» деп атайды (2, II том, 70-б.).

«Көкетай ханның асындағы» жыр жолдарының аудармасы өзінің көркемдігімен шығыстанушыларының таңдайын қақтырып, таңғалдырған. Аударма қаншалықты әсерлі шыққанын Көкетай ханның өсиеті үзіндісінен байқауға болады.

Қырғыз тіліне ұқсас қазақша нұсқада:

*Менің көзім кеткен соң, жұртым,
Қылышпенен қырдырып,
Қымызбенен жудырып,
Шарайнамен шаптатып,
Былғарымен қаптатып*,
Ақ қазанын жастатып,
Құбылаға қаратып,
Қызыл мақпал бүктетіп,
Қызыл нарға жүктетіп,
Қара мақпал бүктетіп.
Қара нарға жүктетіп,
Алпыс ноғай, қырық керуен
Алып келіп түсе көр.
Керуен басы қара сарт,
Сексен серкеш майына,
Қыш құйдырып ала көр.
Астыңғы жолдың үстіне,
Үстіңгі жолдың астына
Айға баққан ақ сарай,
Ақ сарайдан қоя көр.
Күнге баққан көк сарай,
Көк сарайлап қоя көр.*

Шоқанның аудармасында:

«Народ! Когда меня не станет (когда мои глаза закроются), кумызом меня омойте, острой саблей оскребите, в панцирь оденьте. И кожею обвивши, под голову белый саван положите и головой на восток обратите. Навьючьте красное сукно на красного нара (дромадера), на черного нара черный бархат с карава-

* Былғарымен қаптатып – ертеректе түркі халықтарында өлікті алыс жерге жеткізу үшін сүйегін етінен ажыратып, терімен қаптау дәстүрі болған.

ном на 40 верблюдах придите на мой сруб (могила). Кучами бабы придут – кусками раздайте им сукно. А черный сарт, начальник каравана, пусть сделает кирпичи на жире восьмодесяти коз. На перекрестке больших и малых дорог подобный месяцу белый сарай соорудите, как голубое небо, голубой купол поставьте» (2, II том, 91-бет).

Шоқанның айлап айтылатын ұзақ жырдаң «Көкетай ханның асы» тарауын таңдап алуының тағы бір сыры – бұл тарау орта ғасырлардың бас кезіндегі түркі тайпаларының әдет-ғұрпы ғана емес, сонымен бірге географиялық таралуы туралы да хабар береді.

Жырда, әсіресе ертедегі қырғыздардың Ыстықкөлден Енисейге дейінгі аралықтағы көш жолы барынша үлкен дәлдікпен келтіріледі. Онда сипатталған жер-су аттарына қарап, бұл жол бүкіл Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Қазақстан жерін басып өтетінін көреміз. Онда Іле Алатауындағы Жалаңаш аңғары, Іле және Талғар өзендері, Іле аңғарындағы Қалқан құмы, Түрген асу, Тарбағатай, Сауырдағы Бестерек асуы т.б. аталған.

Шоқан бастап зерттеген «Манас» жыры қазіргі кезде бүкіл әлемдік әдебиетте тиесілі орын алады.

III. Уәлиханов 1856–57 жылдардағы саяхаттарының нәтижелерін «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» деген жолжазбаларында баяндаған. Сонымен бірге оның жинаған ғылыми мәліметтері кейінірек жазылған «Жоңғария очерктері», «Іле өлкесінің географиялық очеркі», «Қырғыздар туралы жазбалар» деген қорытынды еңбектеріне енеді.

Жас қазақ ғалымының Жетісуда және Ыстықкөл алабында жүргізген географиялық және тарихи-этнографиялық зерттеулері бірден-ақ орыс ғалымдарының назарын аударды. 1857 ж. ақпанда III. Уәлиханов Орыс география қоғамының толық мүшесі болып сайланады. Әйгілі географ П.П. Семенов-Тянь-Шанский мен қоғамның хатшысы Е.И. Ламанский 1857 ж. 16 қаңтардағы кеңесте былай деп көрсетеді: «Сібір арнаулы корпусы командирінің адъютанты болып қызмет атқаратын поручик Шоқан Уәлиханов Орыс география қоғамының толық мүшелігіне ұсынылсын. Уәлиханов Ыстықкөлдің шығыс жағына саяхат жасап, қазақ-қырғыз өлкесі жайында аса бай географиялық, этнографиялық және тарихи материал жинап кайтты. Ол өзінің жинаған материалдарын қоғамға хабарлауға дайын» (2, V том, 101-б.). Бұл бір жағынан 22 жасар Шоқанды Ресей ғалымдарының саяхатшы-географ ретінде танығандығын көрсетсе, екінші жағынан оның болашақ ғылыми жұмыстарына кең жол ашты.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЛІК

Ш. Уәлихановтың географиялық зерттеулерінің ішінде Қашқар саяхаты ерекше орын алады. Олай дейтініміз егер қазақ далалары мен Тянь-Шаньдағы зерттеулері Шоқанды орыс ғалымдарына танытса, Шығыс Түркістандағы зерттеушілері оның есімін бүкіл дүниежүзі ғылымы алдында паш етті.

Қашқар саяхаты әдеттегідей жаңа жер іздеуге немесе оның табиғаты мен шаруашылығын зерттеу үшін ұйымдастырылатын қатардағы экспедиция емес, қай жағынан алып қарағанда да ерекше сапар еді. Олай дейтініміз бұл сапарға тек ғылыми қоғам ғана емес, бөрінен бұрын үкімет орындары мүдделі болды. Сондықтан оны ұйымдастыруға Ресей империясы Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті басшылық жасады. Қажетті қаржы бөліп, экспедицияны бүкіл керек-жарағымен жабдықтаған да осы мекеме. Өрине, экспедицияны ұйымдастыруға Орыс география қоғамы да өзінің лайықты үлесін қосты.

Қашқар саяхаты Ш. Уәлихановтың ғылыми жұмыста және ағартушылық іс-әрекетте биік белеске көтерілген кезеңіне тура келеді. Жас ғалымның 1856–1857 жж. алғашқы зерттеулерінің негізінде жазылған еңбектері оны қазақ даласының, Тянь-Шань мен Жетісу өлкесінің географиясы, осы аймақтарды ертеден қоныстанған халықтардың тарихы мен этнографиясының жетік білгірі, зерделі маманы ретінде танытып үлгерген еді. Ол шығыстану мәселелері жөнінде дүниежүзіне әйгілі ғалымдар К. Риттермен, А. Гумбольдтпен, Г.Ю. Клапротпен пікір сайыстыра алатын дәрежеге жеткен болатын. Қашқар саяхатының дүниежүзі ғалымдары таңдай қағарлық жетістіктерінің негізі осында деп білген жөн.

«Картадағы ақтаңдақ» тарауында XIX ғ. бүкіл Жер шары бойынша материктердің ішкі бөлігін зерттеу жұмыстары мықтап қолға алынғанын айттық. Бірақ Ішкі Азия Ш. Уәлихановтың өзі дөп басып айтқанындай «terra incognita» (белгісіз жер) болмаса да, шешуі қиын ребус түрінде қалды. Бұл жағдай Шоқанның Қашқар саяхатының дүниежүзілік маңызы болғандығын тағы да дәлелдей түседі.

Қашқария – Қытайдың терістікте Тянь-Шаньмен, түстікте Памир және Куньлуньмен тұйықталған батыс бөлігі. Жан-жағын тау қоршаған ояң алқапты түгелінен дерлік Такла-Макан шөлі алып жатады. Куньлуньнің мәңгі қар мен мұзынан басталатын көптеген өзендері құмға сіңіп аяқталады. Халқы шөлдегі өзен бойына шоғырланған. Мұндай жерлерге орналасқан ірі 6 қалаға байланысты Қашқария ертеде «алты шаһар елі» деп те аталатын. Революцияға дейінгі орыс әдебиетінде Ресейдің қа-

рамағындағы Батыс Түркістаннан (Үлкен Бұқариядан) ажырату үшін Шығыс Түркістан немесе Кіші Бұқария деген атаулар да қолданылған. Қашқария деп аталуы елдегі ең ірі Қашқар қаласының атына байланысты. Орта ғасырлардың соңғы кезінде Қашқарияны Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы деп есептелетін қожалар әулеті билеп тұрды. XVIII ғ. орта тұсында оларды елден қытайлар ығыстырып шығарды. Дегенмен қожалар алыс кетпей, таяудағы Ферғана аңғарына қарай ауды. Қытайлар қожалардың бұрынғы билікке қайтып оралуына тосқауыл жасау үшін Қоқан ханына жыл сайын азын-аулақ ақы төлеп тұратын болды. Оның үстіне қоқандықтардың Қашқарияның алты шаһарынан зекет – діни салық алып тұруына келісім берілді. Зекет жинау ханның ақсақал деп аталатын арнаулы өкіліне жүктелді.

XIX ғ. бірінші жартысында Қытайдың ішкі бөлігінде түрлі шиеленістер туған кезде Қашқарияда халық толқуға ұшырады. 1854–1856 жж. елде қытай билігіне қарсы қожалар бастаған бірнеше көтеріліс шықты. Соңғы көтерілісті аса қаніпезер қожа – Уәлихан төре басқарды.

Қоқан ханының бақылауынан қашып шыққан Уәлихан төре төте жолмен тез арада Қашқарға жетті. Қытай езгісінен қорлық көріп отырған жергілікті халық (мұсылмандар) оны қуанышпен қарсы алды. Көтерілісшілер Қашқарды және оның төңірегін оңай басып алды. Бірақ Уәлихан төренің қаныпезерлігі көп ұзамай-ақ халықтың қатты наразылығын тудырды. Осы кезде орталықтан келіп жеткен қытай әскері көтерілісшілерді тас-талқан етіп жеңді. Уәлихан төре аздаған серіктестерімен қайтадан Қоқанға барып тығылуға мәжбүр болды. Қашқария 1759 жылы Қытай империясының қол астына қарады. Бірақ елдің бұрынғы билеушілері Қытайға тәуелділікке көнгісі келмей жиі көтеріліс шығарып тұрды. Көтеріліс кезінде және оны қытайлардың басуы барысында бейбіт халық қатты қырғынға ұшырады. Елдегі егіншілік, қол өнеркәсібі күйзеліске ұшырады, басқа елдермен сауда қатынасы мүлде тоқтап қалды.

Қашқариядағы қанды оқиғаларды Ресей үкімет орындары ұдайы бақылап отырды. Көрші елдегі шиеленіскен саяси оқиғаларды анықтап білу үшін орыс үкіметі астыртын адам жіберуге ұйғарды. Бұл жіберілген адам, осымен қатар «алты шаһар елі» туралы барынша толық мәлімет жинауға, сауда жолдарын барлауға және Қашқарияға барып, хабар-ошарсыз кеткен неміс саяхатшысы Адольф Шлагинтвейттің тағдырын анықтауға тиіс болды.

Атақты географ және мемлекет қайраткері П.П. Семенов-Тянь-Шанский Қашқар саяхатына Шоқан Уәлихановты ұсынды. Ол Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Г.Х. Гасфортқа «Ш.Ш. Уәлиханов сол кездегі

генерал-губернатордың маңындағылардың ішінде ұлттық киім кигізіп Қашқарға жіберсе, Ресей үшін Қашқарды былай қойғанда, тіпті бүкіл Алты шаһардың қазіргі жағдайы туралы құнды деректер жинап, Қытай Түркістанында өтіп жатқан бүліншіліктердің себебін түсіндіре алатын бірден-бір жетік, әрі дарынды офицер екендігін» атап көрсетіп берді. (2, I том, 87-б.).

П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің бұл ұсынысын Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінің директоры, қазақ даласын зерттеген белгілі ғалым, саяхатшы Е.П. Ковалевский қызу қолдады. Ол 1857 жылы көктемде мұндай экспедицияның ғылыми және саяси маңызын көрсетіп, Шетел істері жөніндегі министр А.М. Горчаковтың атына мәлімдеме жазды.

Үкімет орындары тиісті шешім қабылдағаннан кейін экспедицияға дайындық құпия түрде жүргізілді. Өйткені ол кезде Қытай үкіметі Қашқарияға Үндістан арқылы қол созған ағылшындардың тіміскілеуінен қауіптеніп, елге бірде-бір еуропалықты тірі жібермейтін. Атақты Марко Поло мен (1272) жол үстінде өлген иезуит* Гоестен (1603) кейін Қашқарияға екі еуропалық қана өткен. Олардың бірі Ост-Үндістан компаниясының қызметкері, аты-жөні белгісіз неміс офицері әбден дүре соғылғаннан шалажансар күйінде табылған. Екіншісі – неміс ғалымы, географ Адольф Шлагинтвейт (1857) хабар-ошарсыз жоғалып кетті. Ендігі жерде Қашқарияға барған еуропаша білімді адамның қайтып оралмайтындығына күмән қалмады. Сондықтан экспедиция дайындығымен айналысқан П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Е.П. Ковалевский, генерал-губернатор Г.Х. Гасфорт, полковник К.К. Гутковский және Сыртқы істер министрлігінің басшылары «Ш. Уәлиханов Қашқарияға тек саудагер ретінде бүркеншік атпен баруы керек» деген ұйғарымға келді.

Семейде жабдықталған сауда керуені 1858 ж. маусым айында жолға шықты. Шоқан сырт көзге түспеу үшін керуенге жолшыбай Қапалдан 30 шақырым жердегі Қарамола жотасының етегіндегі Сарыбас ауылында күтіп алып қосылды. Ол шашын қырғызып, саудагерше киім киіп, керуенбасы Мұсабайдың туысы Әлімбай деп аталды.

Керуеннің 8 киіз үй, жүк артқан 101 түйесі, 65 аты, қырық шақты қызметкері және 20 мың күміс ақшаға бағаланған заты бар еді.

Шоқан қосылғаннан кейін көш үлкен қара жолмен Жоңғар (Жетісу) Алатауының бөктеріндегі Алтынемел бекетіне қарай беттеді. Керуен Қал-

* Иезуит – Иисустың атының латынша айтылуына байланысты шыққан сөз. Иисус қоғамының мүшесі деген мағына береді. Католик дінін түрлі құйтырқы жолдармен уағыздаушы.

қан тауларының жанында Ілеге жетті. Бұл кезде таудың еріген қар суы мол қосылғандықтан өзеннің деңгейі көтеріліп, одан өту оңайға соқпайды. Керуеншілер жүк тиеген қайықты аттың құйрығына байлап, арғы жағаға қарай жүзгізіп жібереді. Арнаулы бір адам қайықты бағыттап басқарып отырғанда, екінші адам оның жарығынан кірген суды жанталаса төгумен болады. Су кірген қайыққа талай рет батып кету қаупі төніп-ақ келеді. Бірақ жанқиярлық қимыл ақыры нәтижелі аяқталады. Керуеннің жүгін арғы жағаға шығаруға 3 күн кетеді. Көлік малы – түйе мен жылқыны суға тоғытып жіберіп, айдап өтеді.

Іленің арғы жағасына шыққаннан кейін саудагерлер Қарқара мен Кеген алабын жайлаған албандардың арасында үш аптадай саудамен айналысады. Осы арада Шоқан күтпеген жағдайға тап болады. Албанға қатысты қызылбөріктердің арасында оны бұрыннан жақсы білетін бір адам тұратын болып шығады. Егер ол адам кездесіп, танып қойса, Әлімбай-Шоқанның құпия сыры ашыларында сөз жоқ. Ондай жағдайда соншама қиындықпен жылдан аса уақыт жұмсалып жабдықталған экспедиция зая кетер еді. Қашқармен екі арада қатынап тұратын саудагерлер бұл хабарды тез-ақ таратып жіберер еді. Шоқан күнделігіне «танылып қалмау үшін сол ауылда тұрғанда, он екі күн бойы «ауырдым» деген сылтаумен шатырдан шықпай жатуыма тура келді», – деп жазады.

Албандардан түрлі өнеркәсіп заттарына айырбасқа алған 900 қой тым аздық ететіндіктен саудагерлер әрі жылжып, қырғыздардың жайлауына барады. Сауданы жеңілдету үшін керуен бірнеше топқа бөлініп тарайды. Шоқанның қосы бұл жолы бұғы тайпасының таудың терең шатқалын жайлаған, қиыр түкпірдегі ауылына тап болады. Саяхатшының тілегінің өзі осы еді.

Дегенмен мұнда да өсек-аяң жүрмей тұрмайды. Керуен келісімен іле-шала қырғыздардың арасында «Қашқарға кетіп бара жатқан Семей саудагерлерінің арасында орыс офицері тығылып жүр. Темір керуетке жатып ұйықтайды, шайды тек самауырдан ішеді екен» деген лақап тарайды. Бірақ қызық үшін қарауға келгендер ешқандай орыс офицерін таппайды. «Темір керуетке жатып, шайды самауырдан ішетін» ташкенттік бай саудагер болып шығады. Дегенмен тау қырғыздарының арасында тараған мұндай өсек Қашқардан барып шығуы әбден мүмкін болатын. Бұл саяхатшының өміріне әрдайым қауып-қатер төніп тұратынын көрсетеді. Сондықтан Шоқанға әр қадамын аңдап басып, барынша сақ жүру өмірін қауіп-қатерден сақтаудың басты шартына айналады. Күн сайын ұнтақпен тіс тазалау, жейдені шешіп тастап кеудеге дейін суық сумен жуыну, ертеңгілік тыраштанып сақал қыру сияқты оқыған адамға сипатты іс-әрекеттің қай-қайсысы

да сырттай қараған қарапайым адамның сезігін тудырары хақ. Сондықтан Шоқанға керуенге қосылған кезден бастап мұндай дағдылардан бас тартуға тура келеді.

Тау қырғыздарынан өнеркәсіп тауарларына айырбасқа 3026 қой, 6 жылқы, көптеген елтірі мен аң терілері алынды. Саудагерлер Қашқария базарларында мұндай тауардың өтімді екендігін жақсы білетін еді.

Шоқан Ыстықкөл алқабынан Тянь-Шань арқылы Қашқарияға басты үш жол апаратынын анықтады. Ең шығыстағысы Үшқақпақ және Көкжар өткелінен асып барып, Текестің бойымен Үш Тұрфанға шығады. Бұл жолмен жүруге он күн кетеді. Аса қиын үш асу арқылы өткенімен мұнда отын жағы баршылық. Жолда әр жерде майқарағай орманы кездесіп қалады. Екінші – Ақсай жолы. Түрген, Зауқы, Қашқасу, Дүңгіреме өзендерінің аңғарларын басып Тарағайға шығады. Бұл жолда қиын асу – екеу. Қашқарға дейін 18 түн қонып барады. Жолда малдың тезегінен басқа отын кездеспейді. Үшінші жол Алабаш пен Жуанарық өткелдерінен өтіп, Нарын аңғары мен Шатыркөл арқылы Қашқарға шығады. Жол айтарлықтай үш асуды басып жүреді. Сапар шамамен 16 күнге созылады. Оның басқа



Қашқар қаласы

жолдардан тиімділігі – отын жеткілікті. Ағаш, бұта және тезек қанша жақсаң да, жетіп жатыр. Керуен басындағылар «осы үш жолдың ішіндегі тиімдісі – Ақсай жолы» деген тұжырымға келді. Өйткені жолдың біраз бөлігі Ыстықкөл қазаншұңғырының табанындағы жазық жерді бойлап жүреді және қиын асу екеу ғана. Бірақ қырғыздың сарыбағаш тайпасының қарақшыларынан запы болған қашқарлық саудагерлер бұл пікірді қостамады. Олар қайткен күнде де Ыстықкөл қазан шұңқырына соқпай, Үшқақпақ асуы арқылы жүруді жөн көрді. Мұсабай мен Шоқанға оған көнбеске амал қалмады.

Қыркүйектің басында Үшқақпақ өткелінің етегіндегі Текес өзенінің жағасына 6 «түтін» жиналып, қиын жолға дайындала бастады. Осы кезде Ыстықкөл алқабына бұғылардан зекет жинауға қоқандық жүзбасы келіп жатқан болатын. Ол бір жерге көп саудагерлердің топталғанын пайдаланып, мол зекет жинап алуды ойлайды. Мұсабай зекет жинаушыларға «Біз Қазан хандығына қарайтын саудагерлерміз, зекетті Қашқарға барғаннан кейін Қоқан ақсақалына төлейміз. Егер «толық зекет алдық» деген куәлік қағаз берсең, саған-ақ төлейік» деген ұсыныс жасайды. Әрине, ондай құжаты болмағандықтан Қоқан ақсақалынан сескенген жүзбасы Мұсабайдың сыйға берген 3 қойын місе тұтып, жайына кете барады. Ал қашқарлық саудагерлер жүзбасының талабы заңсыз деп тауып, оны балағаттап айдап шығады. Оған ыза болаған зекетшілер бас салып қашқарлық саудагерлердің 300 қойын айдап ала жөнеледі. Содан табан астында айғай-шу көтеріліп, төбелес шығады. Қашқарлықтар қоқандық жүзбасы мен оның серіктерін соққыға жығып, біреуін ауыр жаралайды. Екі жақ бітіспейтін ұзақ дауға кірісіп кетеді. Мәселе таяу арада бітпейтінін білгеннен кейін Мұсабайдың саудагерлері жедел жолға шығады. Олардың асығыс аттануына күн суытып, тауда қар жауа бастауы да себеп болады.

Жаңа жағдайға байланысты қашқарлықтармен бірге келісілген жоспарға өзгеріс енді. Керуен Шоқанға бұрыннан жақсы таныс Санташ асуы арқылы Ыстықкөлдің шығыс жағалауынан барып шықты. Бұл жерде жол көл жағалауындағы жазықты бойлап жүріп, Теріскей Алатаудың етегіне барып тіреледі. 9 қыркүйекте керуен Зауқы шатқалына кірді. Ыстықкөл аңғарынан әрі жол Зауқы шатқалын бойлап жүрді. Шатқалды Зауқы өзені және оның салалары түзеді екен. Дүңгіреме саласы қосылған жерден бастап шатқал өте тарылып, екі жағы тіп-тік құзға айналды. Шоқан жол күнделігінде асудан өтудің қиындығын былай деп сипаттайды: «Жұлдыздың 13-де асудың етегіндегі көл жағасына түнедік. Күні бойы тасынсақ та, асудың басына шығып үлгірмедік. Керуеннің бір бөлігі төменде қалды, қалған бөлігі Зауқы асуы аяқталатын шағын батпақты үстірт-

те түнеді. Күні бойы жауған қар беткейге көтерілуді қиындатып жіберді; жүк артқан аттар мен түйелер жылтыр тастан тайып кетіп, кейбіреулері құздан салдыр-күлдір құлап, етектегі лагерьге дейін домалап, күл-талқан болып жатты. Осы асуда керуен бес түйе мен екі атынан айырылды» (2, III том 60–61-беттер).

Жолдың қиындығына қоса керуен қарақшылардың шабуылына жиі-жиі ұшырады. Мұндай шабуыл жайында әңгімені күнделіктің әр жерінен кездестіреміз. «Керуен тар шатқалмен көтеріліп бара жатқанда, – деп жазады саяхатшы. – Кенеттен біздің артымыздан қатты айғай естілді де, бірнеше желбіреген белгі көтерген тобыр көрінді. Біз қорғанысқа ыңғайланып үлгіргенімізше, 70 адамнан тұратын қырғыз қарақшылар тобы тарпа бас салды. Біздің қызметкерлеріміз берік қорғаныс және мықты қарудың арқасында буруттарға* тойтарыс бере алды, тіпті басшыларының бірін қолға түсірді. Іс екі жақтан бірнеше адам жараланып, тұтқындарды бір-бірімен алмастырумен аяқталды» (2, III том 353-бет).

Саяхатшылар қарақшылардың шабуылынан кезі келгенде қару жұмсап қорғанып отырды, кейде азын-аулақ төлем төлеп құтылуға тура келді.

Шоқан жолдың ауырлығына қарамастан, саяхат күнделігін үзбей жүргізеді. Оның шағын қойын дәптерінде өткен жерлер туралы географиялық мәліметтер және жолдағы оқиғалар барынша егжей-тегжейлі баяндалады. Енді Қашқарға жақындағанда күнделікпен қоштаса тұруға тура келеді. Шоқан Қытай күзет орындарының тінтуінен қауіптеніп, күнделігін тау етегіндегі бір орынға көміп кетеді.

Керуен Орталық Тянь-Шаньді Ыстықкөл аңғарынан оңтүстікке қарай меридиан бағытында 12 күнде қиып өтті. 26 қыркүйекте саяхатшылар Тянь-Шаньнің түскей беткейіндегі Теректідауан асуына жетті. Жолдың қиындығынан мұнда керуеннің жүк артқан 101 түйесінен 36-ақ түйе жетті.

Бірнеше күн шекаралық тексеруден өтіп, толып жатқан салық төлегеннен кейін керуен Қашқар каласына кірді. Қала биіктігі 12–13 метрге жететін балшық қорғанмен қоршалған. Қорғанның бұрыштарында Қытай мәнерімен жасалған мұнаралар орнатылған. Қалаға кіреберіс жолдың екі жағында 1857 ж. көтеріліске қатынасқан қашқарлықтардың кесілген бастары ілінген сырықтар қаз-қатар тізіліп тасталыпты.

Керуеншілер әкелген заттарын дүкендерге таратып қоя салысымен, қызу саудаға кірісіп кетті. Олардың арасында жас болса да, көпті көрген тәжірибелі саудагер Әлімбай-Шоқан жүрді.

* Қырғыздарды қытайлар бурут деп атаған.

Ш. Уәлиханов Қашқарда 1 қазаннан 13 наурызға дейін 5 айдан астам уақыт тұрды. Ол осы уақыттың ішінде алты шаһар елін географиялық, этнографиялық, тарихи және саяси тұрғыдан жан-жақты зерттеп үлгерді. Саяхатшы сауда сылтаумен елдің алыс түкпірлеріне – Янысарға, одан әрі Жаркент төңірегіне дейін барып қайтты. Бұл сапарында өсімдік гербарийлері мен тау жыныстарының біраз үлгісін жинады.

Шоқанның Қашқарда жан-жақтан келген саудагерлермен танысуы көрші елдер туралы этнографиялық, статистикалық, сауда-саттық жайында бай деректер жинауына мүмкіндік береді. Ал қаладан табылған кітаптар мен қолжазбалар Қашқария былай тұрсын, бірқатар шығыс елдері тарихының белгісіз беттерін ашуға көмегін тигізді.

Шоқан Қашқарда тұрған кезінде шетелден келген сұңғақ бойлы, ұзын сары шашты бөгде адам жайындағы әңгімеге құлақ түре жүреді. 1857 жылғы көтеріліске қатынасушылардың әңгімелерінен неміс саяхатшысының тағдырын анықтаудың сәті түседі. Қанды оқиғаға куә болғандардың айтуына қарағанда А. Шлагинтвейт Үндістаннан шығып, Қоқанға кетіп бара жатқан жолында Қашқар сақшыларының қолына түседі. Олар өңі бөтен адамды кідіртпестен Қашқарияның билеушісі – Уәлихан төренің алдына дедектетіп алып барады. Төре анаша тартып, әбден елтіп отырған шақ екен. Ол саяхатшының «Қоқан ханына бара жатырмын» дегеніне сенбей, Бомбейден алған жолдама қағазын талап етеді. Бірақ саяхатшы «қағаз кімге жазылса, соған ғана тапсырылады» деп құжат көрсетуден бас тартады. Ашуға булыққан Уәлихан төре оның басын шабуға бұйрық береді. Саяхатшының басы Қызылсу өзенінің жағасындағы адам басынан үйілген пирамидаға тасталады. Оны көргендер біраз уақытқа дейін көп қара бастардың арасында жалғыз ақ сары бастың оқшау көзге түсіп жатқанын айтады. Еуропалық саяхатшының қаза тапқан уақыты А. Шлагинтвейттің сапар шеккен кезіне дәлме-дәл келеді. Бұл Уәлихан төренің қолынан қаза тапқан басқа емес, неміс саяхатшысы А. Шлагинтвейттің тап өзі екендігіне күмән қалдырмайды.

Шоқан Уәлихан төренің қанқұйлы жауыздығы жайында мұнан басқа да талай әңгімелер естиді. Айтулы Қашқар ұстасы бірнеше қылыш соғып, оны төреге сыйға тартуға кішкене ұлын ертіп барады. Қылыштың бірін қолына алып көрген Уәлихан төре: «Өткір ме?» – деп сұрайды. «Иә, өткір», – деп жауап береді шебер. «Онда байқап көрейік», – деп төре бір сілтегенде баланың басын шауып түседі де, – «Тамаша қылыш екен», – деп, сыйға әкесінің иығына шапан жаптырады.


Енді бірде Уәлихан төре сарайына қашқарлық құрметті адамдарды жинап, мәжіліс құрады. Жиналғандар апиын тартып, музыканың

әуеніне мәз болып отырады. Кенет төренің «Жендет!» деген дауысы саңқ ете түседі. «Қайсысымыздың дәм-тұзымыз таусылды екен» деп жиналғандардың зәре-құты қалмайды. Төре жендетке музыканттардың бірін меңзейді. Сөйтсе ол күй тартып отырып байқамай есінеп қойған көрінеді. Тап сол жерде бейшараның басы кесіліп, өзен жағасындағы пирамидаға жөнелтіледі.

Ш. Уәлиханов қосылған керуен Қашқарға келгенге 5 ай толады. Қыс өтіп, 1859 жылдың көктемі туады. Алып келген тауарларын түгелдей сатып, көліктерін қоңдандырып алған саудагерлер асығыс түрде жол қамына кіріседі. Қайту сапарына асықтырған себеп те бар еді. «Қашқарда сауда керуенімен бірге орыс офицері келіп, қала маңындағы бір қыстақта тығылып жатыр екен» деген лақап тарайды. Жергілікті үкімет орындары керуенді тексеріп, ешқандай орыс офицерін таба алмады. Дегенмен мұндай хабар Қытайдың жоғарғы әкімшілік орындарына жетсе, іс насырға шабар еді. Шоқан қайту сапарында басқа жолмен жүріп, Ферғана жотасына іргелес жаңа жерлермен танысуды жөн көреді. Ендігі жол Теректідауаннан



Апиынқұмарлар. 1856 ж. Қарындаш.
Ш. Уәлихановтың салған суреті.



III. Уәлихановтың Құлжа мен Қашқарияға саяхаттары

оңтүстікке таман, бұрын ешбір ғалымның аяғы баспаған жерлермен өтті. Керуен Тойын өзенінің аңғарын бойлап, биік тау басындағы өте көрікті Шатыркөлдің аңғарына шығады. Онан әрі Сыртты басып Атбасы, Нарын өзендерінің аңғары, Зауқы асуы арқылы Ыстықкөлге құлайды. 1859 ж. 12 сәуірде экспедиция Верныйға қайтып оралады. Аса қауіпті сапар 10 ай 14 күнге созылады.

Шоқанның саяхатына дейін Ішкі Азияның бұл бөлігі ғасырлар бойы беймәлім күйінде қалып келген еді. Тура XIX ғ. ортасына дейін Қашқар туралы ғылым әлеміндегі деректер орта ғасырлық саяхатшы Марко Полоның кітабындағы екі-үш ауыз сөзбен шектелетін. Онда атақты саяхатшы Қашқар, Яркенд және Хотан қалалары жайында өте қысқа жалпылама мәлімет келтірген болатын.

Мәселен, Қашқар жайында:

«Қашқар ертеде жеке патшалық болған, ол қазір ұлы ханға бағынады. Онда мұсылмандар тұрады. Бұл жерде қалалар мен қалашықтар көп. Солардың ішіндегі ең ірісі және ең атақтысы – Қашқар. Мұнда Несторийдің жолын қуушылар* да тұрады. Олардың өз шіркеулері бар, өз заңдарына бағынады» (13, 77-бет). Өлке солтүстік-шығыс пен шығысқа қарай созылып жатыр. Халқы саудамен және ұсақ кәсіппен айналысады. Бақ пен жүзімдіктер жайқалып тұрады, топырағы шығымды. Мақта егістері айтарлықтай жерді қамтиды. Бұл жерден саудагерлер сауда іздеп, дүниенің төрт бұрышын шарлап кетеді. Халқы оңбаған, сараң, ішіп-жемге мәз емес.

Марко Полоның кітабында келтірілген деректердің бас аяғы осы ғана, ал Яркенд пен Хотан туралы мәліметтер бұдан да қысқа.

Ш. Уәлихановтың зерттеу нәтижелерінен туған «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының (Кіші Бұқарияның) 1858–1859 ж. жайы» деген есебі өлкенің географиясы, тарихы және халқының тұрмысы жайындағы тұңғыш ғылыми іргелі еңбек болды. Жеке алғанда еңбектің «Географиялық шолу» деп аталатын бөлімін ғалымдар өз кезінде елтану бағытындағы озық ғылыми сипаттаманың үлгісі ретінде қабылдады.

Қашқар саяхатының маңызы орта ғасырдан бері белгісіз жатқан алты шаһар елін әлемге танытумен ғана шектелмейді. Ш. Уәлиханов Қашқарға бару және қайту жолында да ауқымды географиялық бақылаулар жүргізді.

* Несторийдің жолын қуушылар – шығыс христиан дінін ұстанушылар. Бұл діни бағыттың негізін Константинополь патриархы Несторий (V ғ.) қалаған. Ол «Иисус Христос жаратылысынан құдай емес жай адам, кейіннен ғана құдайға айналған» деп есептеген, сондықтан «Марияны да құдай анасы» деп қабылдамаған.

Ол кезде Ішкі Азияның орографиялық құрылысы әлі ғылымға белгісіз еді. Шоқан Тянь-Шань мен Куньлуньнің жоталары мен тау аңғарларының орналасуының алғашқы нобайын жасады, оларды сызбалық картада белгіледі. Бұл материалдар ғалым кейінірек Петербургте жасаған Орталық Азияның картасына енді (1860). III. Уәлиханов сапар кезіндегі бақылауларына сүйеніп, жаңа жерлердің нағыз ғылыми географиялық сипаттамасын берді.

Қашқар саяхатының нәтижелерін орыс және еуропа ғалымдары өте жоғары бағалады. Орыс география қоғамының ұзақ жылдар бойындағы басшысы П.П. Семенов-Тянь-Шанский саяхатты «тамаша географиялық ерлік» деп ерекше атады. Сыртқы Істер министрлігінің Азия департаментінің директоры, белгілі саяхатшы әрі ғалым Е.П. Ковалевский саяхаттың жазба есебіне «данышпандықпен жазылған» деген баға берді. Саяхат нәтижелері Лондонда ағылшын тілінде басылды, жеке үзінділері неміс және француз тілдерінде жарық көрді.

Саяхатшының еңбегін үкімет орындары да жоғары бағалады. II Александр патшаның арнаулы жарлығымен III. Уәлиханов 4-дәрежелі Владимир орденімен марапатталып, штабс-ротмистр шенін алды.

Қашқар саяхатының нәтижесінде Шоқан Уәлихановтың есімі ержүрек саяхатшы, дарынды ғалым ретінде география және шығыстану ғылымдарының тарихынан мәңгілік орын алды.



СОҢҒЫ САПАР

1864 ж. Ш. Уәлиханов Ресей үкіметінің Оңтүстік Қазақстанға жіберген әскери экспедициясына қатынасты. Қазақ жерін жаулап алудың жүз жылдан астам уақытқа созылған ұзақ тарихын аяқтаған бұл соңғы әскери жорықты полковник (кейіннен генерал) М.Г. Черняев басқарды. Ол Ресейлік және шетелдік қауым алдында экспедицияны бейбіт сипатта деп көрсету мақсатымен оған бірқатар ғалымдар мен әдебиетшілерді әкеліп қосты. Олардың арасында Ішкі Азияны зерттеуде атағы шыққан саяхатшылар Ш. Уәлиханов, Н.А. Северцов, А.И. Макшеев, суретші М.С. Знаменский, әдебиетші әрі этнограф Ю.Д. Южаков бар еді. Солдаттық бұғауда жүрген атақты халық композиторы Жаяу Мұса жорыққа Шоқанның туысы поручик Сұлтанғазы Уәлихановтың адъютанты ретінде қатысқан еді.

Ш. Уәлиханов әскери экспедицияның құрамында Верныйдан Мерке арқылы Әулиеатаға дейін барады. Оған жергілікті халықты Ресейдің қарамағына соғыс әрекетінсіз, келіссөз арқылы қарату ісіне көмектесу тапсырылған-ды. Черняевке әскери және үкімет орындарының берген нұсқауында да осылай деп көрсетілген болатын. Бірақ жорық барысында бұл ресми нұсқау жайына қалады. Патша генералы отаршылардың алдамшы бет пердесін лақтырып тастап, жергілікті халықты зеңбірек оғының астына алды. Черняевтің бұл әрекеті кезінде Ресейдің демократиялық пікірдегі жұртшылығының наразылығын тудырады. Әскербасының қанқұйлығына шыдамаған бір топ офицермен бірге Шоқан да экспедицияны аяқтамастан орта жолдан қайтып кетеді.

Әрине, бас аяғы екі айдан аз-ақ астам қысқа мерзімде әрі соғыс жағдайында ғылыми зерттеулермен айналысудың сәті келмейді. Сондықтан ғалымның бұл жолғы іссапардан алып қайтқан ғылыми мәліметтері туралы жазба деректер қалмаған. Дегенмен Шоқанның ғылыми бақылауларға талпынысы жайында осы экспедицияға қатынасқан суретші М.С. Знаменскийдің естелігінде кейбір деректер кездеседі. Оның күнделік жолжазбаларында Ш. Уәлихановтың Әулиеатаға барар жолда зоолог, географ Н.А. Северцов, әдебиетші, этнограф Ю.Д. Южаков және тау-кен инженері Фрезенің отрядтан бөлініп, ғылыми бақылаулар жүргізуге Қырғыз Алатауына барып қайтқаны туралы айтылады.

Сондай-ақ Шоқанның жорық кезінде жолда кездескен ескерткіштерді назарынан тыс қалдырмағандығы байқалады. Ол Знаменскиймен бірге Бішкектен Меркеге бара жатқан жолында ежелгі мұнараны әдейі іздеп барып көрген. Қырғыздардың айтуынша, бұл маңды ертеректе аса бай қырғыз манабы жайлаған көрінеді. Оның жанындай жақсы көретін керемет сұлу қызы болған. Манап қызы дүниеге келгенде болашағын білу үшін атақты балгерге бал ашқызады. Балгер оған «Қызың бойжеткенде қарақұрттың шағуынан өледі» деп болжам айтады. «Қызымды қайтсем аман сақтаймын», –

деп ойлаған манап зәулім биік мұнара салдырыпты. Қызын мұнараның басындағы бөлмеде шаң жуытпай бақтырыпты. Бірақ «жазымштан озмыш жоқ» деген рас екен. Биік мұнара да өлімге араша тұра алмапты. Бірде әкелген жемістермен бірге қарақұрт ілесе келіпті. Сол қарақұрттың байқаусызда шаққанынан қыз өліпті...

Знаменскийдің айтуынша, Шоқан серіктеріне жолшыбай кездескен сәулет ескерткіштеріне түсінік беріп отырған.

Дегенмен бұл жорық кезінде Шоқанның негізінен жергілікті халық пен орыс әскери басқару орындарын бейбіт келісімге келтіру жұмысымен айналысқаны ерекше көзге түседі. Бұл мәселеге байланысты дипломат Шоқанның қол жеткізген жетістіктері де айтарлықтай. Оның жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде бірқатар жергілікті ру басшылары Ресейдің қарамағына өз ықтиярларымен етуге ризашылықтарын білдірген. М.С. Знаменский күнделік жазбаларында Ш. Уәлиханов Меркенің маңын қыстайтын қырғыз манаптарының осындай өтініш хатын М.Г. Черняевке аударып бергенін айтады. Хатта былай делінген: «Біз орыстар келе жатқаны туралы хабар алдық. Бізді ақ патшаның бодандығына қабылдауды өтінеміз. Бүкіл ғұмырымызды патшаға қызмет етуге арнағымыз келеді. Біз бұрын ханның боданы болып, оған қызмет еткен едік. Енді ханның билігі әлсіреді. Соған орай біздің егістіктерімізді таптап жоюдан қорғауды өтінеміз. Егістік те, біздің мал-жанымыз да енді патшанікі ғой. Егер біз жақсы бодан болсақ, бізді мейіріңізге бөлеңіз, жаман болсақ жазаға бұйырыңыз» (2, V том, 252–253-б).

Өкінішке орай, Ш. Уәлихановтың бітімгершілік қызметі М.Г. Черняевтен қолдау таппады. Керісінше қазақ офицерінің бейбіт халықты қырып-жоюға ашық қарсылық көрсетуі оларды бітіспес дұшпан ретінде бір-біріне қарсы қойды. 1864 ж. 7 маусымда Ш. Уәлиханов әскери экспедицияны тастап, Верныйға қайтып кетті.

Шоқан күзге қарай Жоңғар Алатауының етегін жайлаған Тезек сұлтанның ауылына барып, сонда тұрып қалады. Осында Тезектің қарындасы Айсараға үйленеді. Аяулы ғалымның қысқа өмірінің соңғы айлары туралы деректер өте аз. Тек Алатау өңірі мен Ұлы жүз қазақтарын басқарған генерал Г.А. Колпаковскийге хаттарынан оның мемлекеттік пайдалы істермен айналысқаны байқалады. Ол Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз руларын басқару іс-шараларымен, сондай-ақ Шығыс Түркістандағы жергілікті Қытай үкімет орындарының генерал Г.А. Колпаковскийге және «Сібірдегі генералдарға» жолдаған мәлімдеме хаттарын аударып жіберіп тұрады. Осымен қатар бұл хаттарда Шоқанның айықпастай ауыр науқас екендігі, оның денсаулығы барған сайын төмендеп бара жатқандығы айтылған. Азияның тылсым сырын ашуға баға жетпес үлес қосқан атақты саяхатшы, ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1865 ж. 10 сәуірде Алтынемел жотасының етегіндегі Көшентоған мекенінде қайтыс болады.

ІШКІ АЗИЯ ГЕОГРАФИЯСЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

Ш. Уәлиханов Ішкі Азияның түрлі аудандарын зерттеу жұмыстарын көбінесе әскери іссапарлар кезінде атқарғаны белгілі. Әрине үкімет орындарының арнаулы тапсырмасы саяхат уақыты мен оның қамтитын аумағына белгілі бір шек қоятындығында сөз жоқ. Дегенмен дарынды ғалым осы іссапар шеңберінің өзінде де көптеген ғылыми жаңалықтарға қол жеткізген. Оны байыптау үшін Шоқанның Ішкі Азиялық саяхаттарын жүйелі түрде шолып байқайық.

1. *Орталық Қазақстан саяхаты (1853–1854)*. Саяхат жолы Омбыдан шығып, Сарыарқадағы Нұра, Сарысу өзендерінің алабына өтеді, одан Қапалға дейін барады.

2. *Шығыс Қазақстан саяхаты (1855)*. Семей–Аягөз–Қапал–Верный–Алтынемел–Жоңғар қақпасы–Алакөл–Тарбағатай маршрутымен жүреді. Шоқан Омбыға Қарқаралы–Баянауыл–Көкшетау арқылы қайтады.

3. *Ыстықкөл саяхаты*. Семей–Аягөз–Арғанаты–Лепсі–Басқан–Ақсу–Жоңғар Алатауы–Шелек–Сөгеті–Түп–Ыстықкөл–Саты–Шелектің бастауы Жалаңаш–Түрген–Есік–Талғар–Верныйды басып жүрген.

4. *Құлжа саяхаты (1857)*. Саяхатшы Қапалдан шығып, Үйгентас–Іле аңғары–Бурақожыр–Өсек арқылы Құлжаға барған.

5. *Қырғыз саяхаты (1857)*. Шоқан Верныйдан Ыстықкөл төңірегіндегі қырғыз ауылдарына барған. Бұл жолы саяхатшының алдына Қашқарияда жергілікті халықтардың Қытай үкіметі билігіне қарсы көтерілісін жақын жерден барып бақылау міндеті қойылған. Сондықтан ол тек қана қырғыздардың тұрмыс-салты мен ауыз әдебиетін зерттеумен айналысқан. Арнаулы саяхат күнделігін жүргізбеген.

6. *Қашқар саяхаты (1858–1859)*. Саяхат маршруты өткен жерлер: Қарамола (Қапал)–Жоңғар Алатауы–Іле өзені–Сөгеті–Торайғыр–Үш Мерке–Қарқара–Зауқыасуы–Теректідауан–Қашқар–Янгигисар–Яркент–Қашқар–Шатыркөл–Атбашы аңғары–Нарын өзені–Жетімасу–Зауқы–Ыстықкөл–Верный.

7. *Оңтүстік Қазақстан саяхаты (1864)*. Саяхат қысқа уақытқа (2 айдан астам) созылған. Шоқан генерал Черняевтің экспедициясының құрамында Верныйдан Мерке арқылы Әулиеатаға дейін барып қайтқан.

Шоқанның Ішкі Азия географиясына қосқан үлесі ең алдымен осы аудандардың сипаттамасынан тұрады. Ғалым жолжазбаларында басып өткен жерлерінің жер бедері, өзен-көл торабы, өсімдіктері мен жануарлары туралы мәлімет береді. Бұрын белгісіз аймақтар үшін мұндай деректер – шын мәнісінде географиялық жаңалық.

Ш. Уәлихановтың географиялық зерттеулері туралы сөз болғанда оның жинаған материалдарын қорытып, жүйелеуіне арнаулы уақытының өте аз болғандығын білген абзал. Ондай уақыт саяхатшы Қашқар сапарынан қайтып оралғаннан кейін, Петербургке барып тұрған 1 жылдай мерзіммен ғана шектеледі.

Шоқан 1860–1861 жж. астанада көлемді ғылыми жұмыстармен айналысады. Ол Жоңғария мен Қашқария саяхаттарының күнделіктерін реттеп, баспаға дайындайды. Орыс география қоғамының басылымдарына қазақ өлкесі жайында географиялық және этнографиялық мақалалар жазады. Бас штабтың тапсыруымен Орта Азияның және Шығыс Түркістанның карталарын жасауға қатынасады. Оның География қоғамы мәжілістерінде Қашқар сапары, қырғыздар мен қазақтар, Іле өлкесі туралы лекциялары барынша тартымды өтіп, көптеген тыңдаушылар жинайды.

Ш. Уәлиханов Петербургте тұрған кезінде Ішкі Азияның түрлі аудандарына жүргізген географиялық зерттеулерінің нәтижелерін жүйелі түрде баяндайтын қорытынды еңбектерін баспаға дайындаған. Орыс география қоғамы басып шығарған бұл еңбектерде бұрын ғылымға беймәлім аймақтардың тұңғыш географиялық сипаттамалары берілген.

Жоғарыда аталған «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының (Кіші Бұқарияның) шығыстағы алты қаласының 1858–1859 жж. жайы» деген еңбегі – ғалымның қорытынды жұмыстарының ішіндегі ең көлемдісі. Бұл еңбек еуропа ғылымын Шығыс Түркістанның географиясы, тарихы және халқы туралы орын алып келген олқылықты тұңғыш рет толтырды. Ғалымның ғылымға қосқан үлесі оның мазмұнынан-ақ бірден көзге түседі. Еңбек «Географиялық шолу», «Тарихи сипаттама», «Халқы», «Өнеркәсіп және сауда», «Өлкенің үкімет жүйесі және саяси жағдайы» деп аталатын 5 тараудан тұрады. Осы тараулардың атының өзі еңбектің сол кезде қабылданған елтану бағытындағы жүйемен жазылғанын көрсетеді. Жеке алғанда географиялық сипаттама аймақтың географиялық орнынан анықтаудан басталады. Шоқан Алты шаһар елінің Еуразия материгіндегі географиялық орнын анықтау үшін тек географиялық координаттарын көрсетумен шектелмей, гипсометриялық жағдайына да көңіл бөледі. Аймақтың Шығыс Азия (Орталық Азия) тау қыратының дәл орталығында жатқанын ерекше атап көрсетеді. Солтүстігінде Тянь-Шаньмен, оңтүстігінде Куньлуньмен тұйықталған өлкені құм алып жатқанын және батыстан шығысқа қарай созылып кететін бұл тауаралық ойыс жазықтың шығыста Гоби құмына барып тірелетіндігін анықтайды. Ғалым табиғат жағдайларының ерекшеліктерін ашуда географиялық орынға үлкен мән бергені байқалады. Мәселен, өлкенің климат туралы айтқанда оның жалпы сипаты «тек қана геогра-

фиялық орнының ерекшеліктерімен байланысты» екенін атап көрсетеді (2, III том 106-б.).

Географиялық орнынан кейін аймақтың жер бедері, пайдалы қазбалары, гидрография торы, климатының жалпы сипаты, өсімдігі мен жануарлар әлемі шолу түрінде баяндалады. Ғалым Орталық Азияның үлкен бөлігінің орографиялық құрылысының жалпы сипатын ашып, жер бедерінің кейбір ерекшеліктеріне тоқталады. Ол Шығыс Түркістанның негізгі бөлігінің жер беті кең аңғар түріндегі батыңқы жазық деп анықтаған (Қазіргі кездегі географиялық әдебиетте ол Қашқар немесе Тарим қазаншұңқыры деп аталады). Қашқарияны жан-жағынан қоршаған тау жүйелерінің де (Тянь-Шаньнің, Алтайдың, Куньлуньнің) орографиялық құрылысының жалпы сипаты жөнінен пікір айтқан. Ол кезде бұл тау жүйелерінің жоталары мен тауаралық аңғарларының орналасуы туралы дәл мәлімет әлі алынбаған еді. Сондықтан ғалым олардың жер бедерінің жалпы сипатын баяндаумен шектеледі. Таулық жер бедерінің нақты түрлерінен тау қыраты, бұйрат, сырт, асу, тау алдына тоқталып өтеді.

III. Уәлиханов Қашқарияның климатын өзінің тікелей бақылауларына, жергілікті халықтан алған деректерге және түрлі қосалқы белгілерге (өсімдік жамылғысындағы өзгерістер т.с.с.) негіздеп сипаттайды. Ол өлкенің таулы және жазықтық бөліктерінің климатын ажыратады. Жылдың 4 маусымының ерекшеліктерін айқындайды. Өлкенің климатының басты ерекшелігі ретінде жаздың күзге бірте-бірте өтетіндігін, ал қыстың көктемге күрт ауысатындығын айрықша атайды. Тұңғыш рет әр айдағы ауа температурасының нақты градустық мөлшерін келтіреді. Бұл айтылғандардың бәрі Орталық Азияның географиясы үшін соны деректер еді.

III. Уәлиханов Қашқарияның жер қойнауы нашар зерттелгенімен пайдалы қазбаларға айтарлықтай бай екенін айтады. Әсіресе күкірт, мүсәтір, ашудас, селитраның көп өндірілетінін және олардың жанартаулық жыныстармен байланысты таралғандығын анықтайды. Олардан басқа әшекейлік тас – нефрит, тас тұзы және біраз мөлшерде алтын өндірілетіндігі туралы деректер келтіреді.

Еңбекте өлкенің ішкі суларынан өзендерге баса көңіл бөлінген. Ірі өзендері, олардың салалары, қайдан басталып қайда құятындығы барынша егжей-тегжейлі баяндалған. Мұны «ақтаңдақ» басып жатқан Орталық Азияның картасын жасауға өзен торының географиялық нысандарды таратып белгілеу үшін үлкен мәні болуынан деп түсінген жөн.

Географиялық шолуда, әсіресе өсімдіктер мен жануарлар әлемі неғұрлым толық баяндалған. Ғалым Қашқарияның құмды шөлдерінің өсімдігі флоралық құрамы жөнінен Іле алабының өсімдігіне ұқсас екендігін

дұрыс анықтаған. Тянь-Шань тауларының Ыстықкөлге қараған солтүстік беткейі мен Қашқарға қараған оңтүстік беткейінің, Сырттың, Тарим қазаншұңқырының өсімдік жамылғысының ерекшеліктері сипатталып, басты өсімдік түрлері аталған.

Жануарлар сүтқоректілер, құстар, балықтар және жәндіктерге жіктеліп, оларға тіршілік ортасына байланысты шолу жасаған. Ерекше көңіл аударарлық жайт – Ш. Уәлиханов құрып кеткен және сирек ұшырасатын жануарлар туралы баяндалған тарауына көңіл бөлген. Ондай жануарлардан жабайы түйе мен жабайы есек туралы деректер келтірілген.

Қазіргі кезде мүлде құрып кетуге айналған қос өркешті жабайы түйенің ежелгі заманда Орталық Азияда таралуы туралы деректер Еуропа ғалымдарын көптен бері қызықтырып келгені мәлім. Шоқан Қашқарда табылған қолжазбаларда алты шаһар халқының ежелгі заманда жабайы түйе аулаумен айналысқанын дәлелдейтін мәліметтер бар екенін айтады. Бірақ жергілікті халықтан сұрастырғанда олардың бұл жануар туралы ешқандай хабары жоқ екендігін біледі. Ғалым осыған қарап жабайы түйе мүлде жойылып кеткен немесе өлкенің адам аяғы аттап баспаған түкпірлерінде ғана сақталып қалуы мүмкін деген қорытындыға келеді. Қазақ ғалымының бұл болжамының дұрыстығын Орыс география қоғамының XIX ғ. екінші жартысында Орталық Азияға жіберген экспедициялары дәлелдеді. Ұлы саяхатшы Н.М. Пржевальский Орталық Азияға 2-саяхаты кезінде (1876–1877) жабайы түйені Лобнор көлінен шығысқа таман, құмды шөлде бірнеше рет алыстан көрген. Ол саяхаттан жабайы түйенің терісі мен қаңқасын алып қайтқан. Кейінірек М.В. Певцов, П.К. Козлов және В.И. Роборовский бұл жануарды Гоби шөлінің әр жерінен ұшыратқан. Қазіргі кезде Моңғол Гобиінде қос өркешті жабайы түйенің 500–800 басы сақталған. Оны қорғау үшін арнаулы Үлкен Гоби қорығы құрылған. Жабайы түйе Табиғат қорғаушылардың халықаралық қоғамының Қызыл кітабына тіркелген.

Географиялық шолудың жануарлар әлемі жайындағы бөлімінде қазіргі кезде құрып кеткен жануар – жабайы есек туралы да деректер бар. Ш. Уәлиханов жергілікті халықтың айтуы бойынша ол кезде Қашқарияның құмды шөлдерінде жабайы есек табындарының қаптап жүретіндігі жайында мәлімет келтіреді. Қазіргі кезде жабайы есек Орталық Азияда мүлде сақталмаған.

Географиялық сипаттамаға экономикалық географиялық мағлұматтар да енген. Әрине, экономикалық география ғылымының сол кездегі даму дәрежесіне орай мұндай мағлұматтар жүйелі баяндалмай, шашыраңқы түрде кездеседі. Олар, бір жағынан, қалалар мен ауылдардың сипаттама-сына енген. Екінші жағынан, өлкенің өнеркәсібі, ауылшаруашылығы және сыртқы саудасы – әрқайсысы өз алдына бөлек дербес тақырып құрайды.

Еңбекке Ш. Уәлихановтың өзі жасап қосқан сызбалары мен сызбалық карталары оның мазмұнын аша түседі. Алты шаһар еліне тосыннан барған жолаушының өзі осы сызбалардан қыруар деректер таба алады. Мәселен, Яркенд қаласының егжей-тегжейлі сызбасын әндіжандықтардың, бадахшандықтардың, кашмирліктердің т.б. қандай көшеде, қай үйде тұратынын, зергерлер, мақта түтушілер, сабын сатушылар, етікшілер, жібек сатумен айналысатын саудагерлер, мал базары т.с.с. қайда орналасқанын оңай анықтауға болар еді. Түрлі сызбалық карталар елді мекендер мен табиғи нысандардың орнын, жол қатынасын, таулардан асатын қолайлы асуларды көрсетеді.

Еңбектің мәтініне сай берілген этнографиялық суреттер өте құнды «Шығыс Түркістан ұйғырларының кейпі», «Қашқар әйелі», «Ұйғыр еркегі мен әйелінің басы», «Шығыс Түркістан ұйғыр әйелдерінің шаш тарауы және бас киімдері» деп аталатын суреттер Шоқанды тек шебер суретші ғана емес, өте сезімтал бақылаушы, этнограф зерттеуші ретінде де танытады.

Ш. Уәлихановтың еңбегінің маңызы Азияның бұл үлкен ішкі бөлігі ғылыми тұрғыдан тұңғыш сипаттаумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге еңбек өз дәуіріндегі аса маңызды практикалық мәселелерді шешуге де арналған. Ол кезде Ішкі Азияға өту батыс елдерінің де, Ресейдің де алдарына қойған көкейкесті мақсаттарының бірі болатын. Шоқан өз еңбегінде бұл




Шығыс Түркістан ұйғырлары. 1859 ж. Қарындаш. Ш. Уәлиханов салған сурет.

сұраққа да толық жауап берген. «Алты шаһардың жайы» Қашқарға өтетін керуен жолдары барынша толық әрі дәлме-дәл көрсетілуімен бірге, сыртқа шығарылатын және сырттан алып келінетін тауарлардың түрлері, олардың бағасына дейін егжей-тегжейлі баяндалған.

III. Уәлихановтың терең ғылыми талдау негізінде жазылған қорытынды еңбектерінің бірі – «Жоңғария очерктері» (1860). Ғалым Жоңғария деп солтүстікте Алакөлден, оңтүстікте Іле ойысына дейінгі аралықты айтады. Оған Жоңғар Алатауы және жотаға батысы мен шығысынан жапсарлас жазықтар жатқызылады.

«Очерктерге» Шоқанның Ыстықкөл, Құлжа және Қашқар саяхаттары кезінде жинаған материалдары кірген. Бұл ғылыми жұмысты жазуда оның П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің, А.И. Шренктің, В. Влангалидің, А.Ф. Голубевтің, П. Гельмерсеннің, Г.С. Карелиннің, А.В. Татариновтың Іле өлкесі мен Жетісуға жасаған саяхат нәтижелерімен, сондай-ақ ертедегі ғалымдардың тарихи және этнографиялық еңбектерімен кеңінен танысқаны байқалады. Бұрынғы зерттеушілердің жұмыстарына шолу өлке туралы ғылымда не белгілі, не белгісіз екендігін бірден оқушының алдына тартуға мүмкіндік береді. Шоқан өзіне дейінгі ғалымдардың «тек қана физикалық география мәселелерімен шектеліп, этнографияға мүлде көңіл бөлмегендігін» айрықша атайды. Бұдан ғалымның алдына өлкенің халқын зерттеуді негізгі мақсат етіп қойғанын көреміз. Дегенмен ол еңбегінде Ішкі Азияның бұл ірі бөлігінің табиғаты жайында да бірқатар тың мәселелер көтерген. Олар: Жоңғария флорасы мен фаунасының Сібір мен Орта Азияның арасындағы өтпелі сипаты, жануарлардың таралуына қарай биіктік белдеулердің жіктелуі, Оңтүстік Балқаш маңы құмды шөлінің зоналық сипаты және Балқаш пен Алакөлдің тарихи кезеңіндегі байланысы жайында.

Шоқан басқа да ғылыми еңбектеріндегі сияқты «Жоңғария очерктерінде де» тарих пен этнография мәселелеріне баса көңіл бөледі. Ол қазақ пен қырғыз халықтарының айырмашылығын ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдайды. Гумбольдт, Риттер және басқа кейбір ғалымдардың үйсін мен қырғыздарды бір халық деп шатастыратынын атап көрсетеді: «Олар буруттар Ұлы жүздің құрамына кіреді, Ұлы жүз сонысымен Кіші және Орта жүзден айырма жасайды деп ойлаған. Алайда бұл ғұлама ғалымдардың үлкен қатесі еді. Ұлы, Орта және Кіші жүз біртұтас қазақ халқын құрайды. Олар қытайлар бурут, орыстар таулық немесе қара қырғыздар деп атаған қырғыздардан өзгеше. Бұл екі халық тілі, шығу тегі, әдет-ғұрпы жөнінен бір-бірінен айырма жасайды. Буруттың тіпті бет әлпетінің де қазаққа ұқсамайтын, өзіндік ерекшеліктері бар (Манап Боранбайдың мен 1856 ж. салған портретін қара)» (2, III том, 334-б.).



Яркент қаласының толық сызбасы (жаңғыртылған түрі)

Ғалым одан әрі тарихи деректерді, халық аузындағы аңыздар мен жырларды, географиялық атауларды талдау арқылы қырғыздардың шығу тегі туралы тұжырымға келеді: 1) Тау қырғыз немесе қара қырғыз деп жүрген халық өзін тек қана қырғызбыз деп атайды, оларға қытайлар қойған бурут деген ат мүлде белгісіз; 2) Қырғыздар өздерін Әндіжан тауларынан шықтық деп есептейді; 3) Қырғыздар Солтүстікте Қара Ертіске, Алтай мен Хинган тауларына дейін көшіп барып қайтып жүрген. Оларды Оңтүстік Сібір тауларынан шықты дейтіндер осыған сүйенеді. Ш. Уәлиханов қырғыз халқының өдет-ғұрпы мен салт-санасын зерттеуде ауыз әдебиетіне ерекше көңіл бөледі. Ол – қырғыз халқының ежелден бері айтылып келе жатқан «Манас» жырын талдап, оның мазмұнын ғылым әлеміне жайған тұңғыш ғалым. Шоқан «Манасты» «дала Иллиадасы» деп бағалай келе, бұл орасан зор эпопеяда қырғыздардың өмір салты, өдет-ғұрпы, салт-санасы, географиясы, діні және медициналық танымдары мен халықаралық қарым-қатынастары көрініс тапқандығын анықтайды.

Ш. Уәлихановтың қорытынды еңбектерінің ішінде «Іле өлкесінің географиялық очеркі» түгелдей географиялық талдауға арналған еңбек ретінде ерекше орын алады. Бұл сипаттамаға Шоқанның ғылыми жұмыстарында жиі кездесетін тарихи және этнографиялық мәліметтер кірмеген. Жұмыстың мазмұнынан оның П.П.Семеновтың әйгілі Тянь-Шань саяхатынан бұрын жазылғандығын байқау қиын емес. Ғалым Іле өлкесі деген атпен «Іле өзені мен Күнгей Алатаудың қарлы жотасының» аралығын сипаттайды*.

XIX ғ. Орта тұсында Ұлы жүз орыс бодандығын қабылдағаннан кейін, Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісі соңғы кезеңіне өтті. Жақында ғана қосылған аумақ ғылымға қай жағынан алып қарағанда да белгісіз еді. Оның табиғат байлығын игеру және халқын бодандықта ұстау үшін жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет болды. Жер беті әлі картаға түсірілмеген кезде мұндай зерттеулердің өзен торымен топографиялық сипаттамаларына негізделуі – қандай аймақ үшін болса да заңды құбылыс.

«Іле өлкесінің географиялық очеркі» аймақтың өзен торабын егжей-тегжейлі анықтаудан басталды. Еңбек Іле өзені мен оның салалары туралы тұңғыш рет жан-жақты мәлімет береді. Іленің суы өте лайлы, түбі арынды ағыстың тілгілеуінен кедір-бұдыр. Жағасы сазды, кей жерлерде, әсіресе оң жағасы биік, жарқабақты. Бүкіл өн бойында терек, ұсақ бұта және шөп басқан шағын аралдар кездеседі.

Іленің сол жағасы көбінесе ойпатты, кейде құмды, саздақ, қамыс және жиде, терек, шеңгел, тал, сексеуіл, қараған бұталары басқан.

* XIXғ. 50-жылдарында зерттеушілер Күнгей Алатау мен Іле Алатауын біртұтас жота деп есептеген. Іле Алатауы деген атау географиялық әдебиетке П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің Тянь-Шань саяхатынан кейін енген.

Өзен құяр сағасында құмға сіңіп аяқталатын тарамдарға бөлініп, атырау жасайды (2, I том, 173–174-б.).

Қазіргі Қапшағай СЭС-і салынған шатқал туралы: «Іле Қапшағай қонысындағы бекеттен төмен қарай отыз шақырымнан астам осы аттас таудың қия жартасымен қысылған, онан әрі құмды шөлге шығады да құмның арасымен, қамыс қопаны жарып ағады» деп көрсетіледі (2, III том, 173-б.). Осымен қатар Іленің су режимі және жануарлар әлемі туралы мәлімет беріледі, оң және сол салалары түгелдей аталады.

Ғалым Жетісу тауларының орографиялық құрылысын ашып көрсете отырып, Күнгей Алатаудың Кіші Алатауға* қарағанда анағұрлым биік және оның биік нүктесі Талғар шыңы екендігін дұрыс көрсетеді.**

Іле өлкесінің географиялық сипаттамасына оның климаты, өсімдік пен жануарлар әлемі де кіреді. Автор аймақтың климатының континенттігі («шектен тыс ауытқушылығы») және ауа райының тұрақсыздығы оның сипатты ерекшеліктері деп есептейді. Ебі желі туралы тұңғыш ғылыми деректер келтіреді. Ш. Уәлиханов Жетісу тауларында орман өсімдігінің таралуына беткейлердің экспозициясының әсеріне және өсімдіктің биіктік белдеулер бойынша өзгеру заңдылығына алғашқылардың бірі болып көңіл аударған. Оның байқауынша, орман Күнгей Алатаудың терістік беткейінде таралған, ал күнгей беткейі ормансыз болып келеді. Мұндай жағдай Кіші Алатауда да байқалады.

«Алма, өрік ағаштары, үйеңкі, таңқурай, қарақат және басқа да жидек бұталары тау өзендерінің таудан шығар алқымында таралған.

Алма мен өрік ағаштарынан жоғарыда қылқанжапырақты орман басталады: онда шырша мен майқарағай, сонымен бірге көктерек өседі. Оданда жоғары шыршаға аракидік қайың және тобылғы мен ырғай бұталары араласады. Ең жоғарыда жалаң жартастар, ақыр соңында қар жатады» (2, I том, 176-б.).

Бұл бөлінген биіктік белдеулер тау етегі мен аласа тау белдеуіндегі жапырақты ормандарға, орта таулы өңірдегі майқарағай мен жапырақты ағаштар араласып өсетін орманды-шалғынды далалық белдеуге, биік таулық субальпі және мөңгі қар белдеулеріне сәйкес келеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдар «Іле өлкесінің географиялық очеркі» нағыз географиялық тұрғыда жазылған еңбек екендігін айқын көрсетеді.

* Ол кезде Жоңғар Алатауы Кіші Алатау деп аталған. Іле Алатауы мен Күнгей Алатау біртұтас Күнгей Алатау жотасын құрайды деп есептелінген.

** Қазіргі кезде Талғар шыңы Іле Алатауының биік нүктесі екендігі анықталған. Биіктігі – 4973 м. Жеке алғанда Күнгей Алатаудың ең биік нүктесі 4771 метрге дейін барады.

III. Уәлихановтың аса көлемді қорытынды еңбектерінің бірі – «Қырғыздар туралы жазбалар». Ғалым бұл еңбегін дайындауда экспедициялық зерттеу материалдарына қоса мұрағат деректерін, орыс және шет ғалымдарының шығармаларын кеңінен пайдаланған. Жұмыс 1856 ж. жазыла бастағанымен, аяқталмай қалған. Оған ғұлама ғалымның шығармалар жинағын құрастырушылардың қойған аты жұмыстың мазмұнына сәйкес келеді деп айту қиын. Өйткені «Жазбалар» тек қана қырғыз халқының этнографиясына арналмаған. Жұмыстың жалпы көлемінің тең жартысын қырғыздар жайланған аумақтың географиялық сипаттамасы алады. Бұл «Жазбалардың» тарихи-этнографиялық қана емес, сонымен бірге географиялық бағытта дайындалғандығын дәлелдейді.

«Қырғыздар туралы жазбалар» географиялық еңбектерге сипатты қарастырылатын нысанның алып жатқан орны мен шекараларын анықтаудан басталды. Онан кейін географиялық сипаттама келеді. Қырғыздар негізінен Ыстықкөл қазаншұңқыры мен оны қоршаған тауларда шоғырланғандықтан, автор Тянь-Шаньнің орографиялық құрылысын барынша терең талдайды. Тянь-Шань тау жүйесін құраушы басты жоталардың созылу бағыты және көршілес тау жүйелерімен байланысы талданады. Ол Күнгей Алатау жүйесі Кіші Алатаудан Іле өзенінің аса кең аңғарымен бөлініп тұрады деп есептейді.

Өлкенің өзен торы батысында Сырдария мен Шу, Лобнор көліне құятын Эргол мен Тарим және Балқаш көліне құятын Іле өзені алаптарына жатқызылады. Олардан басқа Ыстықкөлге құятын өзендер өз алдына бөлек, дербес алап құрайды. Аталған алаптардың өзендері қайдан басталып, қайда құятыны егжей-тегжейлі баяндалған.

III. Уәлиханов Ыстықкөлге айрықша, жеке тоқталады. Оған сипаттама беруде өзінің бақылауларына қоса Я.В. Ханыковтың, Нифонтьевтің және Клапроттың карталарын, қытай деректерін, сонымен бірге 1856 ж. М.М. Хоментовский басқарған экспедицияның топографиялық түсірулерін пайдаланған.

Шоқанның айтуынша «Ыстықкөл – жылы көл. Оны қалмақтар Темирту-Нор (Темір көл) дейді. Қытайларға қалмақша атымен немесе Клапроттың картасында көрсетілгендей Түзкөл деген атпен белгілі. Көл жан-жағы қарлы шыңдарды көкке өрлеген таулармен қоршалған биік тау аңғарында орналасқан: солтүстікте – Күнгей Алатау, ал оңтүстігінде жергілікті жерде Қырғыз Алатауы деп аталатын Тянь-Шаньмен көмкерілген. Ыстықкөл аңғарының биіктігі Семенов мырзаның гипсометриялық анықтауы бойынша 4400 ф* абсолют биіктікте. Олай болса Ыстықкөлді тау көлі деп есептеуге әбден болады» (2, II том, 22-б).

* Фут – 30,5 см.

Ғалым өзінің жазбаларында географиялық ғылымын атақты тау көлі туралы тұңғыш дәл ғылыми деректермен толықтырды.

«Жазбаларда» Ыстықкөл алабының климаты, өсімдігі мен жануарлар әлемі туралы жалпы мәліметтер берілген.

Ерекше назар аударарлық жағдай – еңбекте географиялық сипаттамаға қырғыздардың ауылшаруашылығы, өнеркәсібі, саудасы, жол қатынасы, тіршілік жағдайы мен рулық құрамы туралы деректер де енгізілген.

Ш. Уәлиханов өзінің қорытынды еңбектерінде жаңа деректерді баяндаумен ғана шектеліп қойған жоқ. Ол ғылыми зерттеудің жоғарғы сатысына – географиялық заңдылықтарды ашу дәрежесіне дейін көтерілді. Ғалым «Жоңғария очерктерінде» аймақты жануарлардың таралуына қарай тау өңірі, орта таулы өңір және жазықтық деп үш табиғи белдеуге бөледі. Оның пікірінше, осы табиғи белдеулердің әрқайсысының өзіне тән жануарлары бар. Тау өңірін мекендейтін жануарлар: тауешкі, арқар, қарақоңыр түлкі мен қызыл түлкі, ақсусар т.б. құстар: қарақұс, сұңқар, қаршыға, саңырауқұр, ұлар, тау кекілігі және бөдене. Орта таулы өңірге барыс, қабан, жайра, бөкен, қарақұйрық, қырғауыл, кептер тән. Осы аталған жануарлардың көпшілігі жазық далада да кездеседі. Шоқанның Солтүстік Тянь-Шань мен Жоңғар Алатауын биіктік бойынша былай бөлуі – жалпы Орта Азия мен Қазақстан таулы аймақтарын биіктік табиғат белдеулеріне жіктеудің алғашқы нұсқаларының бірі.

Ш. Уәлиханов Жетісуда жануарлардың таралуына байланысты екінші бір табиғи заңдылықты ашты. Ол Жоңғар Алатауы мен Солтүстік Тянь-Шаньнің фаунасы құрамы жөнінен Оңтүстік Сібір тауларының фаунасына ұқсас екендігін атап көрсетті. Шынында да, кейінгі зерттеушілер дәлелдегеніндей төрттік мұз басу дәуірінде үлкен биіктікке көтерілуіне байланысты тауларда климаттың қатал болуы (Сібірдің климатына ұқсас) суыққа төзімді, өсімдіктер мен жануарлардың жаңа ортаға бірте-бірте бейімделе отырып оңтүстікке қарай алысқа өтуіне қолайлы жағдай жасаған. Оған керісінше, құрғақшылыққа және жылыға бейім түрлер тауаралық ойыстарды бойлап, солтүстікке қарай алысқа тараған. Сөйтіп, Шоқанның пікірі кейінгі деректермен толықтырылып, онан әрі дамытыла түсті. Ғалымның «Балқаш пен Алакөл жақын уақытта бір-бірімен байланысып, біртұтас су алабын құраған» деген пікірін де қазіргі зерттеулер толық қуаттайды.

Ш. Уәлихановтың географиялық сипаттағы еңбектері мен жолжазбаларында жаңа географиялық ұғымдарға байланысты анықтамалар мен ескертпелер кездесіп отырады. Бірнешеуіне тоқтала кетейік.

Шоқан географиялық әдебиетке тұңғыш рет «Сырт» ұғымын енгізді. Ол Қашқарға барар жолындағы алғашқы бақылауларының нәтижесінде

Сырт туралы былай дейді: «Қырғыздар Зауқы асуынан Теректідауанға дейінгі аралықты (Қашқардан 150 шақырым жерде) биік, таулы және төбелі болып келеді деп таныстырды. Олар бұл өлкені биікке көтеріліп жатуына байланысты Сырт (Арқа) деп атайды. Қырғыздар мен қашқарлықтар бізге Сырт туралы көп әңгіме айтты. Айтса айтқандай-ақ онда қатты суық қақап тұратын көрінеді. Жазда да қар жауып, ұзаққа созылатын боран соғады екен. Содан керуен бірнеше күн жүре алмай жатып қалады. Бүкіл керуен жолында малдың тезегінен басқа отын кездеспейтіндіктен боран кезінде үсіп өлу қаупі төнеді. Тағы да олардың айтуынша Сырттың ауасы тынысты тарылтады. Адамдар мен көлік малы түтек деп аталатын құбылыстан жиі мерт болады... Осы айтылғандарға қарап, Сыртты мен зор тау қыраты болуы керек деп болжаймын. Барлық жерінде бірдей болмағанымен онда абсолют биіктік біразға баратын болуы керек» (2, III том, 61-бет).

Ғалым кейінірек, өзі тікелей танысқаннан кейінгі Сырттың анықтама-сын дәлелдей түседі: «Тянь-Шань Ақсу өзенінен батысқа қарай Қашқардың меридианына дейін қырғыздар Сырт деп атайтын ені 150 шақырымдай кең тау қыратына айналады. Оны үлкен абсолют биіктікте жатқан ұзына бойғы аңғарлар тілімдеген. Сыртта орман өспейді; температура ұдайы төмен тұратындықтан егіс егуге келмейді; аласа, бірақ қалың шөп басқан. Мұнда қырғыздар жайлауға шығады» (2, III том, 99-бет).

III. Уәлихановтың Сыртқа берген анықтамасын қазіргі кездегі ғылыми анықтамамен салыстырып көрейік:

«Сырт деп Тянь-Шань мен Шығыс Памирде ең жаңа тектоникалық қозғалыстардың нәтижесінде 3000–4000 м биіктікке көтерілген, аз тілімделген, белесті денудациялық жазықтарды айтады. Сыртты неғұрлым биік жоталар жеке бөліктерге бөлшектеп жатады. Онда тау даласы мен суық шөл өсімдігі басым. Сырт негізінен тау жайылымы ретінде пайдаланылады» (Географический энциклопедический словарь. М. «Советская энциклопедия», 1981, 298-бет).

Бұл екі анықтаманың ғылыми мазмұны бір-біріне өте ұқсас екендігі бірден көзге түседі.

Қазіргі замандағы географиялық әдебиетте жиі қолданылатын термин сөздердің бірі – жунгли. Географиялық түсіндірме, энциклопедиялық және шетел тілдері сөздерінің сөздіктерінде жунгли үнді тілінен алынған деп түсіндіріледі. Үндіше «жангал» сөзі «орман» немесе «қалың тоғай» деген мағынаны білдіретіндігі айтылады. Одан ағылшын тіліне ауысқан деп есептелінеді.

III. Уәлихановтың «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұқарияның) шығыстағы алты қаласының жайы» деген

еңбегінде жунгли терминінің шығу төркінін парсы тілімен байланыстырады, және оған жан-жақты түсінік береді.

«Өзен ағысының екі қапталын бойлап жасыл шөптен және түрлі бұталар мен ағаштардан тұратын жіңішке екі жолақ өңір қатарласа жүреді. Жергілікті халық осы жағалық орманды жыңғыл деген парсы сөзімен атайды, одан Үндістанда қабылданылған ағылшын сөзі (Jungle) шыққан» (2, IV том, 111-б.).

Ш. Уәлихановтың осы берген түсінігінен «жунгли» сөзінің түп негізі қазақтың «жыңғыл» деген сөзіне алып баратынын байқау қиын емес.

«Іле өлкесінің географиялық очеркінде» Іле өзенінің сипаттамасына байланысты атыраудың бір элементі «қамау» деген жергілікті географиялық терминге түсінік беріледі: «Іле сағасында құмға сіңіп жоғалатын ұсақ тармақтарға, шағын қарасуларға тарамданып кетеді. Олардың аралықтарын қазақтар қамау деп атайтын, тораңғы және басқа тоғай өсімдігі басқан ірі аралдар алып жатыр» (2, I том, 174-бет). Бірақ екіншіше орай «қамау» термині қазіргі географиялық әдебиетте қолданыс таппаған. Ол Ә.М. Мурзаев пен В.Г. Мурзаева құрастырған «Жергілікті географиялық терминдер сөздігінде» де, салалық ғылыми терминологиялық сөздікке де енген.

Осы сияқты Ш. Уәлихановтың шығармаларында мұзарт, ебі желі, рабат, арасан, саз және жергілікті географиялық терминдері де әдебиетте тұңғыш қолданылған.

Ш. Уәлихановтың географиялық еңбектерінің арасында картографиялық жұмыстары ерекше тұрады. Ғалымның артында қалдырған ғылыми мұралары оның жер бетін картаға түсіру жұмысымен өте ерте шұғылдана бастағанын аңғартады. Оған дәлел – Шоқанның Омбыдағы кадет корпусынан елге демалысқа барған кездерінде сызып түсірген Торғай даласының, Құсмұрын маңының, Сырымбет төңірегінің сызбалары мен сызбалық карталары. Кейіннен ол саяхат жолдарын көз мөлшерімен картаға түсіруді дағдыға айналдырған. Оның күнделік қолжазбаларынан жүріп өткен жерлерінің орографиялық сызбаларын жиі кездестіреміз. Саяхатшының бір ғана Қашқар күнделігінен Зауқы өзенінің бастауларының сызбасын, Іленің Іле Алатауынан басталатын салаларының нобайын, Орталық Тянь-Шань асуларының сұлбасын, Тянь-Шань сыртының сызбасын көреміз. Алты шаһардың географиялық-статистикалық сипаттамасына мәтінге қосымша Қашқар, Яркенд, Ақсу қалаларының пландары, елдегі жол қатынасының нобайы берілген. Қашқарияның көрші елдермен сауда-саттық қарым-қатынасы, елдің ірі сауда орталықтарынан шығатын жолдар белгіленген. Әзірге топографиялық түсірулермен қамтылмаған аумақтарға қатысты мұндай

сызбалық карталардың тек ғылыми-танымдық қана емес, сонымен бірге практикалық зор маңызы болған.

Карта Шоқанның тарихи еңбектерінде де қосымша ретінде айтарлықтай орын алады. Мұхаммед Хайдардың «Тарихи-Рашиди» атты еңбегі бойынша жасалған Моғолстанның нобай карталары және Бабурдың жазбалары бойынша жасалған Орта Азияның картасы бұл еңбектердің мазмұнын айқындай түсуге көмектеседі.

Айрықша ескеретін бір жағдай – Шоқан Азияның ежелгі карталарын талдау арқылы орта ғасырдың бас кезінде қытайлардың Орта Азия туралы түсініктері ежелгі гректер мен римдіктерге қарағанда жоғары болғандығы туралы маңызды қорытындыға келген.


Шоқанның ғылыми еңбектерінен оның географиялық картаның мәліметтерін тарихи деректерді анықтау үшін пайдаланғаны байқалады. Атап айтқанда, орта ғасырларда Батыс пен Шығыс елдерінің арасында құрлық керуен жолдары арқылы сауда және елшілік қарым-қатынастары қызу жүргені белгілі. Кезінде саудагерлер мен елшілердің мәліметтері Батыс Еуропада дүниежүзі карталарын жасауға пайдаланылған. Олардың ішінде мазмұнының толықтығы және шынайылығы жөнінен Италияда жасалған Каталония картасы (1375) мен Фра Мауроның картасы (1459) оқшау тұрады. Ш. Уәлиханов бұл карталарға орыс тіліне аударылып, Ресей ғылымына кеңінен танымал болмай тұрған кездің өзінде-ақ назар аударған. Ғалым бұл карталармен XVII ғ. француз тілінде басылып шыққан нұсқаларынан танысқан болуы керек. Ол бұл карталардан орта ғасырларда Жоңғария мен Ыстықкөл төңірегінде елді мекендер мен христиан діні қоғамдарының орналасқандығы туралы мәліметтер алған.

Ш. Уәлихановтың карта жасау саласындағы жұмыстары, әсіресе Қашқар саяхатынан кейін Петербургке барып тұрған кезінде нәтижелі жүреді. Оның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жотасының аралығының картасы», «Іле өлкесінің батыс бөлігінің рекогносцировкасы», «Ыстықкөл экспедициясының есебіне қосымша карта», «Орталық Азияның картасы» т.б. жасалынған. Осымен қатар ол Орта Азия мен Қазақстанның бұрын басылған карталарына бірқатар түзетулер енгізеді.

Ш. Уәлиханов өзінің ғылыми еңбектерінде жер-су атауларына байланысты мәселелерге үлкен көңіл бөлген. Алайда ғалымның жер-су аттарына байланысты ой-пікірлері осы кезге дейін терең талданып, зерттелмей келеді. Өкінішке орай, бұл жөнінде топонимист мамандардың тек жалпылама ескертпелерін ғана кездестіреміз (Г. Конкашбаев. Географические названия монгольского происхождения. Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1 (2) 1959. А. Әбдірахманов. Топонимика және



Құсмурын және Көкшетау округтері бекеттік жолдарының Ш. Уәлиханов сызған нобай картасы. 1852 ж. Акварель.



III. Уәлиханов жасаған Орталық Азия картасының жаңғыртылған түрі

этимология. «Ғылым», Алматы, 1975. Э.М. Мурзаев. Чокан Валиханов как географ. Известия АН СССР, серия геогр., 1965, Жезқазған облысының жер-су аттары. «Ғылым», Алматы, 1988). Ал шынтуайтқа келгенде, Шоқан – тек Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл Азия құрлығы бойынша топонимика мәселелерін тұңғыш көтерген ғалым.

Жер-су аттарына байланысты түсініктемелер мен ескертпелер Ш. Уәлихановтың еңбектерінде көптеп кездеседі. Оның әр кезде жазған шығармалары – «Іле өлкесінің географиялық очеркінде» – 9, «Қырғыздар туралы жазбаларында» – 18, «Қашқар күнделігінде» – 15, «Қытай империясының Батыс Өлкесі Құлжа қаласы» мақаласында – 12 т.б. осындай түсініктемелер бар.

Шоқанның жер-су аттарына мұншалықты ерекше көңіл бөлуінің өзіндік себептері бар. Бәрінен бұрын 19-ғасырдың орта кезіне дейін Қазақстан, Орта Азия жерінің географиялық тұрғыдан «ақтаңдақ» күйінде қалып келгенін еске алған жөн. Ол кезде Ресей мен Батыс елдері үшін Ішкі Азия табиғаты мен халқын былай қойғанда, жер-су аттарына да түсініксіз жұмбақ нәрсе еді. Ғалымның жолжазбаларында да, географиялық, этнографиялық тарихи сүбелі еңбектерінде де жер-су аттары үнемі түсінік беріп отыруының басты себебі осыдан деп білу керек. Сондықтан ол Ішкі Азияны жайлаған бүкіл түркі халықтары топонимдерінің аударма түсінігін беруді жергілікті жердің географиялық тарихи тілдік-этнографиялық сипаттамаларының мән-мағынасын терең ашудың басты жолы деп біледі. Бұған қоса Шоқанның саяхаттары кезінде жер бетін көз мөлшермен түсіру, Ішкі Азия елдерінің карталарын жасау, қызмет бабында маршруттар дайындау жөнінде ауқымды жұмыстар атқарғаны тағы бар. Ал картографиялық жұмыстардың географиялық мазмұны жер-су аттарымен тығыз байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Бұл орайда ғалымның қазақ, қырғыз, ұйғыр және басқа түркі тілдерін жетік білуі, бала кезінен-ақ араб, парсы, шағатай тілдерін меңгеруі кейінірек моңғол, қытай, қалмақ тілдеріне байланысты жүргізген арнаулы ізденістері оның топонимикалық ой-пікірін батыл айтуына негіз болғанын ұмытпаған жөн. Сол кездегі орыс және Батыс Еуропа ғалымдарының Ішкі Азия туралы туындыларымен салыстырып қарасақ, қазақ ғалымының қаламынан туған шығармалардың ерен ерекшелігі көзге бірден түседі. Ол ерекшелігі – сипаттаманың мазмұнына байланысты атаулар мәселесіне ұдайы оралып отыруы.

Пікіріміз дәлелді болуы үшін бір ғана «Ыстықкөл сапары күнделігін» алайық. Шоқан Шелектен Ыстықкөлге дейінгі аралықта Бақалы, Қорам, Сөгеті, Бұғыты, Торайғыр, Манастың Бозтөбесі, Санташ, Қарқара, Қара-

батпақ, Бесқарағай, Иманата, Аралтөбе, Алтынемел, Шалтөбе, Лабасы, Төресазы атауларына түсініктеме берген.

Ш. Уәлиханов өзінің жазбаларында географиялық атаулардың мән-мағынасын талдап түсіндірумен қатар шығу тарихына да терең үңіледі. Көптеген атаулар туралы халық арасында тараған аңыз-әңгімелерді жинастырып, орайына қарай қиыстырып, келтіріп отырады. Торайғыр, Манастың Бозтөбесі, Санташ, Қарқара, Ыстықкөл, Қорам т.б. жайындағы аңыздар және тарихи әңгімелер географиялық әдебиетке Шоқанның жазбалары арқылы енді. Олардың біразын кейінгі зерттеушілер өз шығармаларында талай пайдаланған.

Қазіргі кезде шығу тегі ұмытылған «Қорам» атауы жайында ғалым былай дейді: «Қаратұрықтан Шелекке бара жатқанда сол қол жақта сулы сай бар. Оны қазақтар Қорам деген батырдың моласына байланысты атаған» (2, I том, 312-б.).


Ғалымның ғылыми еңбектерінде тек түркі тілдес халықтар ғана емес, сонымен бірге моңғол, қалмақ, қытай тіліндегі атаулардың да түсініктемелері баршылық. Ол – қазақ жерінде кездесетін моңғол және қалмақ тіліндегі жер-су аттарына назар аударып, олардың мағынасын ашып көрсеткен тұңғыш ғалым. Оның еңбектерінен Баянауыл, Алтынемел, Цағанбұғы, Күбергенгі, Лабасы, Чахрхорум, Геджеге, Жоңғар, Түрген т.б. атаулардың тұңғыш аудармасын кездестіреміз.

Шоқан әйгілі Баянауыл атауының шығу тегін былай түсіндіреді: «Баянауыл маңы мал қырылу дегенінді білмейді. Ең қатты жұт кезінің өзінде тауды ықтаған мал кейде жапырақты ағаштың шыбығын-ақ талшық етіп, қыстан аман шығады. Бұл таулар Баян Аула «Құтты Тау» (Баян Ола) деп тегіннен-тегін аталмаған» (2, IV том, 108-б.).

Қытай тіліндегі жер-су аттарына түсініктемелер «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Қытай империясының батыс өлкесі жайында» еңбектерінде көптеп кездеседі. Бұл еңбектерден Тянь-Шань – Төңірі тауы, Куньлунь – Жуалы тау, Бэй-Шань – Ақтау, Сюэ-Шань – Қарлы тау, Нань-Шань – Түстік тау, Хуан-хе – Сары өзен, Янцзы-Цзян – Көк өзен, Лобнор – Жұлдыз теңізі екенін білеміз.

Ертеректе Қытай елі қазақ арасында Шын (Чин) деген атпен белгілі болған. Осы сөздің төркіні жайында Шоқан: «Қытайды шығыста Шын деп атайды, яғни Христостың туғанына дейінгі 221–206 жылдары патшалық құрған бірінші монарх император әулетін Цин атымен атап, бірақ Цин деудің орнына Шын деп бұрмалап кеткен; бұл әулеттің негізін қалаушы Цин-Ши-Хуан-ди деген кісі болған», – (2, II том 217-б.) деп жазды.

Шоқан жергілікті топонимдердің қытайша аталу түрін талдау үстінде өзінің терең энциклопедиялық білімін көрсетті. Ол Жетісу өлкесінің



Солтүстік Тянь-Шань мен Тарбағатайдың географиялық атаулары. Құрастырған Ш. Уәлиханов.

географиялық сипаттамасында Балқаш көлін қытайлар «Балхаси-Нор» деп атайтынын айта келіп, «Тан династиясы тарихында Іле бойындағы соғыс кезінде қытай қолбасшысы Вин-Фан-и әскерінің жатағы Жехай көлінің маңында болған» деген мәселеге ерекше тоқталады. XIX ғасырда Қытай зерттеуші ғалымдар (Н.Я. Бичурин, т.б.) Жехайды Балқаш көлі деп білген. Ал Шоқан «Жехай Ыстықкөл атауының аудармасы емес пе, өйткені Жехай-Жылы теңіз деген қытай сөзі түрікше атауға дәл келіп тұр» (2, II том, 274-б.) деген қорытынды жасады. Соның арқасында VII–IX ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азия жайындағы Қытай географиялық мәліметтерін дұрыс талдау жөнінде маңызды қадам жасалды.

Шоқан – Ішкі Азия географиялық атауларын зерттеу ісіне ғылыми және практикалық мән берген тұңғыш ғалым. Олай дейтініміз, сол кездегі орыс ғалымдарының ішінде Шығыс топонимдерінің мән-мағынасын терең талдап, ғылыми тұжырымдамаларын тілге тиек еткендері бізге беймәлім. Тілді жетік білмеген адамның мұндай терең талдауға баруы да мүмкін емес. Шоқан болса, топонимдерді қазақ, қырғыз халықтарының тарихы жайындағы талас мәселелерді анықтау мақсатында батыл қолданды. Атап айтқанда, қырғыз халқының шығу тегі және тарихы жайындағы мәселеге тоқтала келіп, бірқатар зерттеушілердің қырғыздар Енисей бойын жайлаған деген пікірін қолдады. Оған дәлел ретінде географиялық атауларға жүгінеді. Рашид әд-Дин мен Әбілғазының тарихи еңбектерінде айтылғандай, «қырғыздар жайлаған Кем-Кемджут деген атау Кем (Енисей) және Кемшік өзендерін меңзейді» деп көрсетті.

Шоқан географиялық атауларды талдау жұмыстарын қайсыбір жағдайда сол кездегі Ресейдің шығыс елдерімен сауда және дипломатиялық қарым-қатынасын дамыту мүддесіне бағыштады. Ол үшін әртүрлі зерттеулерді салыстыру арқылы жер-су аттарының жазылуында кеткен қателерді жөндеп, дұрыс түрін тағайындады. Топонимдерді бұлайша анықтау ел-елдің арасын байланыстыратын керуен жолдарының маршрутын дәл картаға түсіруден, сірә кем де түспейді. Мұндай жұмыстың көп ізденуі, жан-жақты зерттеуді қажет ететіні өзінен-өзі түсінікті. Мәселен, ғалым шағын ғана маршрут – Тұрфан мен Қашқардың арасындағы елді қоныстардың дұрыс атын табу үшін белгілі қытай зерттеушісі Н.Я. Бичуриннің (Иакинф) еңбектерін, орыс ғалымы И.И. Захаров пен неміс шығыс зерттеушісі Г.Ю. Клапроттың карталарын, Цянь-Лунның қытай атласының орыс тіліндегі аудармасын салыстырып барып, белгілі бір тұжырымға келеді.

Ш. Уәлиханов географиялық атауларға байланысты жазбаларында оқушы қауымды қазақ топонимдерінің жасалу заңдылықтарынан да хабардар етті. Мәселен, ол Орта Қағыл және Бас Қағыл деген атауларға байланысты

қазақ даласында атауларға бас, аяқ және орта қосымшалары жиі қосылып қолданылатынын айтады және оған мысалдар келтіреді.

Шоқанның еңбектерінде кездесетін географиялық атаулар түсініктемелері қазіргі кезде ұмыт болып, басқа бір тілдегі атаулармен ауыстырылып айтылып жүрген жер-су аттарының қазақша түп негізін анықтауға көмегін тигізеді. Бірнеше мысал келтірейін. Алматы облысының жерінде Ілеге құятын Бурақожыр өзені бар. Осы өзеннің аты неше саққа жүгіртіліп, өртүрлі аталып жүр. Жергілікті жерде оны Бурақожыр деп атайды. Ал кейбір тіл мамандары «бұл атау Борақожыр – Бора және Қожұр деген бөліктерден тұрады. Бұл – көне түркілердің этник тобының аты» деп түсіндірмек болады. (Е. Қойшыбаев. Қазақстанның жер-су аттарының сөздігі, Алматы, 1985, 78-б.). Ал Шоқан бұл өзеннің аты қазақша Құшмұрын екенін айтады.

Қазақстан мен Қырғызстанның шекарасындағы Шуға барып қосылатын Кебін өзенінің басқаша Кемін аталатынын да Шоқан ескерткен. Ал Кемін қазіргі кездегі ғалымдардың пайымдауынша, көне түркі тіліндегі Кем (өзен) тұлғасынан шыққанға ұқсайды. Сол сияқты қазіргі кезде Жоңғар Алатауы деп аталып жүрген жотаның Кіші Алатау, Телец көлі – Алтынкөл т.с.с. аталғанын білу кейінгі ұрпақ үшін аса қажет.

Батыс Сібірдің оңтүстігінде, Обь өзенінің жоғары ағысының алабында Кузнец (Ұста) Алатауы созылып кетеді. Бұл таудың да атының сыры Шоқанның «Жоңғария очерктерінен» байқалады. Оның айтуынша орыстар Сібірді бағындырған кезде жергілікті түркі тайпаларының бірі болат балқыту ісімен ерекше көзге түскен көрінеді. Олар көрші халықтарды металдан жасалған бұйымдармен қамтамасыз етіп тұрған. Бұл туралы тарихшы Г.Ф. Миллердің «Сібір тарихында» да айтылады. Осыдан тайпаның адамдары «ұсталар» деген атқа ие болады. Одан Ұста (Кузнец) Алатауының аты шыққан.

Біз жоғарыда Ш. Уәлиханов Азия топонимикасына байланысты мәселелерді көтерген тұңғыш ғалым дедік. Шоқанның жер-су аттарына байланысты терең білімін кезінде замандастары да мойындаған. Бұл туралы тікелей деректер болмағанымен, ХІХ ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азияны зерттеушілердің жазбаларынан байқап, қорытынды жасауға болады. Әскери топографиялық депо басып шығарған Батыс Сібір картасында Алтай шыңдарының бірі «Қоңқай басы» деп аталған. Бірақ зерттеушілердің ешқайсысы да бұл шыңды картада белгіленген орнынан таба алмаған. Ал Зайсан экспедициясының басшылары Ш. Уәлихановтың «бұл географиялық атау емес, жотаның басталатын жерінің жалпылама белгісі», – деп түсіндіргенін айтады.

ТҮЙІН

Шоқан Уәлихановтың саяхаттары Сарыарқаның жеке аудандарын, Тарбағатайды, Жоңғар Алатауын, Тянь-Шаньді және Шығыс Түркістанды қамтыды. Ғалымның бұл аудандардағы географиялық бақылау нәтижелері оның «Іле өлкесінің географиялық очерктері», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», және «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының (Кіші Бұқарияның) 1858–1859 ж. жайы» деген еңбектерінде жүйелі түрде сипатталады. Осымен бірге географиялық мәліметтер саяхатшының күнделік жолжазбаларында да баршылық. Ш. Уәлихановтың түрлі уақытта сызған сызбалық карталары мен сызбалары, Жетісудың, Іле өлкесінің, Ыстықкөл алабының, Орталық Азияның шолу карталары – аталған аумақтарды географиялық тұрғыдан танып білуге қосылған зор үлесі.

Ш. Уәлиханов – әлемдік ғылымға қазақ халқының атынан үлес қосқан тұңғыш ғалым. Оның ғылыми зерттеулері мен еңбектері ғылымның әлденеше салаларын қамтиды. География – солардың бірі. Ғалымның бұл саладағы ізденістері – Ішкі Азияның бірқатар аудандары үшін бұрын-соңды қайталанбаған жаңалық. Жоңғария жануарларының биіктік белдеулер бойынша таралу заңдылығы, Тянь-Шань сырттарының табиғат жағдайлары, Орталық Азияның батыс бөлігінің орографиялық және гидрографиялық ерекшеліктері, Жетісудың өсімдігі мен жануарлары жөнінен Түркістан мен Оңтүстік Сібір тауларының арасындағы өтпелі сипаты, қазақ, қырғыз және ұйғыр халықтарының этнографиялық ерекшеліктері, қоныстануының тарихи жағдайлары және шаруашылығының жалпы сипаты мен экономикалық байланыстары, Ішкі Азия топонимикасының мәселелері Шоқан шығармаларында тұңғыш шешімін тапқан. Бұл жерде Ш. Уәлихановтың география саласындағы ғылыми ізденістері көп жағдайда оның тарих, этнография, тіл білімі және басқа ғылым салалары бойынша зерттеулермен ұштасып жататындығын есте ұстаған жөн. Ғылыми зерттеу жұмыстарындағы мұндай энциклопедиялық бағыт сол замандағы көпшілік ғалымдарға тән сипатты ерекшелік болып табылады.

Шоқанның саяхат нәтижелерін және олардың негізінде жазылған географиялық еңбектерін кезінде орыс және шетел ғалымдары жоғары бағалады. Замандастары оны бәрінен бұрын қазақ жерінің білгірі деп есептеді. 22 жасар Шоқанның орыс география қоғамына мүше болып сайлануы – Қазақстанның түрлі аудандарына жасаған саяхаттарының ғылыми нәтижесін орыс географтарының мойындауының айқын белгісі.



Омбы қаласындағы кадет корпусы. Фото



Кадет корпусы үйінің қабырғасындағы Шоқанға арналған ескерткіш тақта. Фото



*Ғылым академиясы ғимаратының алдындағы Ш.Ш. Уәлихановтың ескерткіші
(Алматы қ.). Фото
Ескерткіш авторы Х.И. Наурызбаев*

Ш. Уәлихановтың есімі Тянь-Шаньді алғаш зерттеушілердің қатарында заңды түрде тұрады. Оған әйгілі саяхатшы және географ М.И. Венюковтың «Тянь-Шань таулы аймағын нағыз ғылыми зерттеу Захаров, Уәлиханов және Голубевтен басталады» деген сөздері дәлел бола алады. Шынында да, Ішкі Азияның бұл орасан зор тау жүйесіне алғаш аяқ аттап басқан ғалым П.П. Семенов-Тянь-Шанский Нарын өзеніне дейін жетсе, Ш. Уәлиханов оны солтүстікте Іле аңғарынан, оңтүстікте тау жүйесінің етегіне дейін алғаш екі бағытта тұтасынан қиып өткен.

Шоқан географиялық зерттеулер мен ашулар тарихында, әсіресе Қашқар саяхатымен көрнекті орын алады. Сондықтан оның нәтижелерін тек орыс ғалымдары мен қоғам қайраткерлері ғана емес, шетел ғалымдары да жоғары бағалағаны белгілі.

Географ және саяхатшы ретінде Ш. Уәлиханов Жердің географиялық ашылулар тарихына арналған басты еңбектерге енген. П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің «Орыс география қоғамының жарты ғасырлық тарихы» (1896), Л.С. Бергтің «Бүкіл Одақтық география қоғамының 100 жылдығы» (1947), Д.Ж. Бейкердің «Географиялық ашылулар мен зерттеулер тарихы» (1945), И.П. Магидовичтің «Географиялық ашылулар тарихының очерктері» (1957), А.Г. Исаченконың «Географиялық ой-пікірдің дамуы» (1971) деген шолу түріндегі еңбектерінде қазақтың тұңғыш географ-саяхатшысының есімі лайықты орын алған.

Дүниежүзіне аты әйгілі географ, француз ғалымы Элизе Реклю «Жер және адамдар» деген көп томдық еңбегінде Ш. Уәлихановтың есімін Ішкі Азияны зерттеуші П.П. Семенов-Тянь-Шанский т.б. атақты саяхатшылардың қатарында атайды.

Ш. Уәлихановтың өмірі мен ғылыми зерттеулеріне қазақ даналары да ертеден назар аударған. Революцияға дейінгі дәуірдің өзінде алаш ардагерлерінің бірі Міржақып Дулатов ғалым-саяхатшы туралы қазақ тілінде тұңғыш танымдық дерек беріп, қалың жұртшылықты таныстырған. Ол «Қазақ» газетінің 1914 ж. 4 санында (71, 73, 76, 77) жарияланған мақаласында Шоқанның ататегі, оқуы, Қашқар саяхаты, География қоғамының жазбаларында жарық көрген еңбектері жайында хабар береді. Ерекше ескертетін жайт – М.Дулатов Шоқанды «орыс үкіметінің мұсылмандарды басып-жаншуының құралы ретінде қызмет етті» деушілерге қарсы шығып, оған бұл-жытпас дәлел келтіреді.

Шоқанның Қашқар саяхатының нәтижелерін баяндайтын «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының шығыстағы алты қаласының (Кіші Бұқарияның) 1858–1859 ж. жайы» деген еңбегі Лондонда ағылшын тілінде «Орыстар Орталық Азияда» деген жинақта басылып

шықты. Еңбектің жеке үзінділері Германияда (1860) және Аустрияда (1867) жарық көрді.

Саяхатшы-ғалымның географиялық, этнографиялық және тарихи еңбектерінің жинағы 1904 жылы Орыс география қоғамының жазбаларында жеке том ретінде жарияланды. Біздің заманымызда бұл еңбектер ғалымның орыс тілінде екі рет шыққан 5 томдық (1961–1972 және 1984–1985) және қазақ тілінде көп томдық (2010) шығармалар жинағына енді.

Ш. Уәлихановқа Алтынемелдегі зиратының басына, сонымен бірге Алматы, Көкшетау және Семейде ескерткіштер орнатылды. Оның атымен Іле Алатауындағы шың және Жоңғар Алатауындағы шың мен мұздық аталған. Қазақстан Ғылым Академиясының құрамында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жұмыс істейді. Тарих, этнология, археология және география ғылым салаларындағы жетістіктері үшін ғалымдарға Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық беріліп тұрады.

Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1835 ж. қараша – Аманқарағай округіндегі Құсмұрын бекінісінде (қазіргі Қостанай облысы) қазақтың болашақ ұлы ғалымы, саяхатшы және географ Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов дүниеге келді.

1842 ж. – Құсмұрындағы мұсылман мектебіне оқуға барды.

1847 ж. күз – Омбыда кіші офицерлер дайындайтын кадет корпусына оқуға түсті.

1853 ж. қараша – кадет корпусын бітіріп, «Атты әскер корнеті» деген кіші офицер шенін алды және Батыс Сібір генерал-губернаторының қарамағына әскери қызметке қалдырылды.

1854 ж. қазан – Батыс Сібір генерал-губернаторының адъютанты қызметіне тағайындалды.

1853–1854 жж. – арнаулы тапсырмалармен Сарыарқаға Нұра, Сарысу өзендерінің алабына, Қапалға іссапарға шығып қайтты.

1855 ж. – генерал Г.Х. Гасфорттың Іле өлкесіне сапарын қошеметтеуге байланысты Омбыдан Семейге, онан әрі Аягөз, Қапал бекіністері арқылы Верныйға дейін барды. Қайтар жолында Жоңғар қақпасына, Алакөлге, Тарбағатайға соға жүрді. Тарбағатайдан Сарыарқаға бұрылып Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы Омбыға қайтып оралды.

1856 ж. ақпан – II Александр патша Ш. Уәлихановқа поручик шенін беру туралы Соғыс министрінің ұсынысын бекітті.

1856 ж. маусым – Омбыда ұлы саяхатшы, географ П.П. Семенов-Тянь-Шанскиймен танысады.

ЗАПИСКИ
ИМПЕРАТОРСКАГО РУССКАГО ГЕОГРАФИЧЕСКАГО ОБЩЕСТВА
ПО ОТДѢЛЕНІЮ ЭТНОГРАФІИ.
ТОМЪ XXIX.

СОЧИНЕНІЯ
ЧОКАНА ЧИНГИСОВИЧА ВАЛИХАНОВА.

ИЗДАНЫ ПОДЪ РЕДАКЦІЕЮ

Д. Ч. Н. И. Веселовекаго.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.
Типографія Главнаго Управленія Удѣловъ. Моховая, 40.
1904.

Ш. Уәлихановтың алғашқы шығармалар жинағының титул парағы.

1856 ж. мамыр – полковник М.М. Хоментовскийдің экспедициясының құрамында Ыстықкөл саяхатына шығады. Саяхаттан шілде айының орта кезінде қайтып оралады.

1856 ж. тамыз-қараша – Құлжаға барып, Қытай өкілдерімен шекара және тұрақты сауда қарым-қатынасын орнату мәселері жөнінен келіссөз жүргізді.

1857 ж. 27 ақпан – П.П. Семенов-Тянь-Шанский мен В.И. Ламанскийдің ұсынуымен Орыс география қоғамына мүше болып сайланды.

1857 ж. жаз – Алатау қырғыздарына барып, олардың тұрмысы мен әдет-ғұрпын зерттеді.

1857 ж. маусым – 1859 ж. сәуір арасында Қашқарияға саяхат жасады.

1860–1861 жж. Петербургте тұрып, түрлі ғылыми жұмыстармен айналысты.

1860 ж. 6 сәуір – штаб-ротмистр әскери атағын, 4-дәрежелі Владимир орденін және күміс ақшамен 500 сом сыйлық беру туралы патша жарлығы шықты.

1862 ж. – Атбасар дуанының аға сұлтаны сайлауына түсті. Бірақ сұлтандыққа өте алмады.

1862–1863 жж. – Омбыдағы Бас басқарманың Заң комиссиясының жұмысына қатынасып, сот реформасы мәселелерімен айналысты.

1864 ж. көктем – генерал М.Г. Черняевтің Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосу үшін жіберілген экспедициясына қатынасты.

1864 ж. шілде – Черняевтің қанқұйлы саяхатына келіспей Верныйға қайтып кетті. Онан әрі албандардың аға сұлтаны Тезектің ауылына барып, сонда тұрып қалды.

1865 ж. сәуір – Алтынемел жотасының етегіндегі Көшен тоғаны деген жерде қайтыс болды.



ҚОСЫМША

Ш. УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ ОРЫС ГЕОГРАФИЯ ҚОҒАМЫ

Шоқанның Ішкі Азиядағы географиялық зерттеулері Орыс география қоғамының және оның ғалымдарының қолдауының арқасында табысты түрде жүзеге асты. Ғұлама ғалымның тек география емес, шығыстану, тарих, этнография және тіл білімі ғылымдары бойынша зерттеулері де әрдайым география қоғамынан қолдау тапты. Оның түрлі ғылым салаларына байланысты зерттеулерінің нәтижелері кезінде қоғамның хабарлары мен жазбаларында жарық көрді.

Ш. Уәлиханов географ және саяхатшы ретінде XIX ғ. орта тұсында Ішкі Азияны зерттеген Орыс география қоғамының өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста қалыптасты. Олардың ішінде, әсіресе П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Е.П. Ковалевский, Г.Н. Потанин, Ф.Р. Остен-Сакен, Н.А. Северцов және А.И. Макшеев ерекше орын алады.

Ғалым және мемлекет қайраткері, Орыс география қоғамының ұзақ жылдар бойындағы басшысы П.П. Семенов-Тянь-Шанский Шоқанмен 1856 ж. Омбыда Тянь-Шаньға бара жатқан жолында танысады.

Бұл кездесу қазақ ғалымның бүкіл ғылыми ғұмырында шешуші орын алды. Жиырмадан енді ғана асқан жас офицердің Қазақстанның шығыс пен оңтүстік-шығыс аудандарында, Тянь-Шаньда және Ыстықкөл маңында жүргізілген алғашқы зерттеулерінің нәтижелері Семенов-Тянь-Шанскийдің арқасында орыс географтарының назарына ілікті. 22 жастағы Шоқан дүниежүзіндегі ең таңдаулы – Орыс география қоғамының мүшесі болып сайланды. Саяхатшы-ғалымның мұнан былайғы зерттеу жұмыстары география қоғамы және оның басшысы Семенов-Тянь-Шанскийдің қамқорлығымен жүріп отырды. Басқасын айтпағанның өзінде, аты шулы Қашқар саяхатына ұсынған және саяхаттың бағдарламасын жасауға басшылық жасаған да Семенов-Тянь-Шанский болатын. Экспедицияның алдына Шығыс Түркістандағы саяси ахуалды анықтау, үкімет билігі кімнің қолында екендігін, елдің экономикасы неге негізделгенін білу және басқа да тарихи мәселелерді қарастыру міндеті қойылады. Сонымен бірге «Орыс және Берлин география қоғамдарын, сондай-ақ бүкіл ғылым әлемін ынтықтырып отырған доктор Адольф Шлагинтвейттің өлімі туралы жан-жақты деректер жинау, саяхатшының жинаған мәліметтерінен, күнделіктерінен т.б. аман қалғандарының бәрін алып қайту» тапсырылды. Шоқан алдына қойылған міндеттерді табысты орындап қайтқаны белгілі. Бұл қатерлі сапар аяқталғанда, оны баяндау үшін ержүрек саяхатшыны Петербургке алдыртуға үкімет орындарымен бірге Орыс география қоғамы да атсалы-

сты. Шоқан астанада Семенов-Тянь-Шанскийдің басшылығымен география қоғамының баспаларына Жетісу өлкесіне, Ыстықкөлге, Қашқарға жасаған саяхаттарының материалдарын дайындайды, қазақ даласы жайында географиялық және этнографиялық мақалалар жазады, қоғамның мәжілістерінде өзінің саяхаттары туралы лекциялар оқиды; Қазақстанның, Орта Азияның және Шығыс Түркістанның карталарын жасайды.


Шоқан өмірінің соңына дейін ұлы ұстазбен қатынасын үзбейді. Ол қайтыс болғанда Семенов-Тянь-Шанский орыс география қоғамының атынан азалық жазып, оның ғылымға сіңірген еңбегіне жоғары баға береді. «Аққан жұлдыздай» жарқырап өте шыққан аяулы ғалымның артында қалған қолжазбаларын баспаға дайындауға үлкен еңбек сіңірді. Семенов-Тянь-Шанскийдің қолдауымен 1904 ж. Орыс география қоғамының жазбаларында оның негізгі еңбектері жеке томға жинақталып, басылып шықты.

Ш. Уәлихановтың саяхаттары мен ғылыми зерттеулері Орыс география қоғамы төрағасының көмекшісі Е.П. Ковалевскийден қолдау тауып отырды.

Е.П. Ковалевский – қоғам және мемлекет қайраткері, Солтүстік Африка мен Азия елдерін зерттеумен аты шыққан белгілі саяхатшы. 1839 ж. А. Гернгроспен бірге Батыс Қазақстанды, оңтүстікте Каспий теңізі мен Арал маңынан солтүстікке – Оралға дейін аралап, аса маңызды геологиялық және географиялық деректер жинаған. Ұзақ жылдар бойы Ресейдің Азия елдерімен елшілік қарым-қатынасына белсене араласқан. Ол мұндай жұмысты, әсіресе 1856–1861 жылдары Шетел министрлігінің Азия департаментін басқарған кезінде өте пәрменді жүргізеді.

Е.П. Ковалевский Ш. Уәлихановтың Қашқар саяхатын ұйымдастырушылардың бірі ретінде белгілі. Саяхатты ұйымдастыру жөнінде Орыс география қоғамының атынан Семенов-Тянь-Шанский ұсыныс жасағанда, оны Сыртқы Істер министрлігінің Азия департаментінің директоры ретінде Е.П. Ковалевский қызу қолдаған. Батыс Сібірде әскери қызмет атқарған, жазушы И.Ф. Бабков өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «Шетел министрлігінде Уәлихановтың осыған дейін белгісіз болып келген Қашқарияға сапары жайындағы хабарды сабырсыздана және өте ынтыға күтті... Оған бәрінен бұрын осы істің басы-қасында болған, әрі шығыстану маманы Е.П. Ковалевский құштар еді. Е.П. Ковалевскийдің граф Блудовпен жақын таныстығының арқасында Уәлихановтың Қашқарда болғандығы және Шығыс Түркістан немесе Кіші Бұқария жайында қызықты деректер жинағандығы жайындағы хабарлар Петербургтің жоғарғы қауымына жетті» (2, V том, 377–378-б.).

Е.П. Ковалевскийді Орта Азияның түпкірінде сәтті саяхат жасаған жас қазақ өзіне баурап алды. Сондықтан да оны граф Блудовқа өзінің заман-



III. Уәлихановты Орыс география қоғамына мүше етіп сайлау туралы диплом.

дастарының арасындағы озық тұлға, бәрінен де бұрын ол кезде нағыз бұлыңғыр елес түріндегі Қашқарияға барып қайтқан адам ретінде таныстырды.

Саяхатшыға Қашқардан қайтып оралғаннан кейін астанаға бірден барудың сәті түспеді. Бүкіл ғалымдар әлемін толғандырып отырған саяхат есебінің дер кезінде жетпеуі Ковалевскийді қатты қынжылтқан. Ол бұл мәселеде Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Гасфортқа ренжіс білдіруге дейін барған.

Шоқан Петербургке келмей жатып-ақ Ковалевский географиялық қоғамға Уәлиханов әкелген Қашқар жаңалықтарын жеткізеді. Ондай хабар 1860 ж. Берлинде неміс журналында жарияланған.

Ш. Уәлиханов Қашқар саясаты жайында есеп беріп, ғылыми жұмыстарымен шұғылдануға Петербургке барған кезінде Е.П. Ковалевскиймен жиі кездесіп тұрған. Оның қазақ ғалымының ғылыми зерттеулеріне жоғары баға бергендігі жайында И.Ф. Бабков, А.К. Гейнс, А. Ерман т.б. естеліктерінде айрықша атап айтылады. Аса көрнекті ғалым және мемлекет қайраткері Шоқанды Қашқар саяхатының есебіне қарап, «жас та болса, барып тұрған данышпан» деп бағалайды.

Орыс география қоғамы мүшелерінен Г.Н. Потанин Шоқанның өмірі мен ғылыми қызметінде ерекше орын алады. Орыс және қазақ халықтарының бұл атақты екі өкілінің географ және саяхатшы ретінде қалыптасу жолы бірге өткен. Бұл туралы Г.Н. Потанин Н.И. Веселовскийге жазған хатында былай дейді: «Мен Шоқанмен бұл өмірде төрт рет тоғысқан екенмін: Омбыдағы кадет корпусында бес-алты жыл: одан соң Омбыда екеуіміз де офицер болған кезімізде екі жыл, онда мен қазақ офицері ретінде Әскери қазақ басқармасында қызметте болатынымын, Шоқан Гасфорттың адъютанты еді, содан кейін Петербургте жылға жуық; ақыр соңында соңғы рет Омбыда кездестім» (2, 5-том, 225-бет).

Қазақ ғалымының өмір жолын егжей-тегжейлі баяндау онымен бала кезінен бастап бірге өскен досының үлесіне тиген. Мұндай мәліметтер Потаниннің «Шоқанның өмірбаяны туралы жазбалар», «Шығыстың тұңғыш жарық сәулелері», «Шоқан Уәлиханов туралы өмірбаяндық деректер», «Біздің арманымыз», «Кадет корпусындағы Еуропа мен Азия», «Омбыдағы үйірме», «Шоқан Уәлиханов. Омбыдағы өмірі мен қызметі» және «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов» деген мақалаларында өте мол келтірілген. Оқырман бұл мақалалардан ғалымның өмірі мен қызметі жайында жан-жақты мәлімет алумен қатар, оның саяхатшы және ғалым ретінде қалай қалыптасқанын, оған қоршаған ортасының қалай әсер еткенін біледі.

Шоқанның кадет корпусында оқып жүрген балалық балғын шағында саяхат жасауға және географиялық зерттеулерге деген ынтасы бірге оқыған досының естеліктеріндегі мына жолдардан анық байқалады: «Шоқанның

әркімнің қолы жете бермейтін кітап қоймасынан «Палластың саяхаттары» мен «Рычковтың күнделік жазбаларын» алып келуі біздің дамуымыздағы тұтас бір дәуір болды. Кітаптардың қалыңдығы, пішіні, ескі әріптері, ескіше сөз саптауы және қағаздың көгерген иісі – осының бәрі ғажайып, ескінің көзі сияқтанып көрінеді. Бала кезімде оқыған «Робинзон Крузо»-дан кейін ешбір кітап өткен ғасырдағы осы саяхаттардағыдай әсер қалдырған емес. Біз Палластың кітабын, әсіресе оның біздің тұрған жерімізді немесе оның төңірегін сипаттаған беттерін қызыға оқыдық. Шоқан екеумізді саяхатшының бұл жерлерге неге көзі түскені, өзінің күнделігіне түсіруге нені лайық деп тапқаны ерекше қызықтырады (4, 40-бет).

Г.Н. Потанин Шоқан қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған ғылыми мұрасын жинап, бастыру ісіне үлкен үлес қосты. Ол Орыс география қоғамының баспаларына Шоқанның қолжазба күйінде қалған бірталай мақалаларын іздестіріп тауып, басуға дайындап берді. Бұл туралы Потаниннің Н.И. Веселовскийге, Г.А. Колпаковскийге, А.И. Пыпинге, Г.Е. Катанаевқа жазған хаттары айғақтайды. Ол Орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімшесін басқарған Г.Е. Катанаевқа былай деп жазады: «Осымен хатқа қоса сізге бір қолжазба жолдап отырмын, оны бөлімшенің «Жазбаларында» бастыруыңызды сұраймын. Мен сізге жіберіп отырған қолжазба Леонид Николаевич Майков кездейсоқ тауып алған қолжазбаның қолтаңбасы: Леонид Николаевичтің келісімімен мен оны бөлімшенің «Жазбаларына» деп арнап дайындадым.

Қолжазба ешкім қол қоймағанымен, сөз жоқ марқұм Шоқан Уәлихановтың қаламынан туған. «Қырғыздардың (Қазақтардың) қару-жарағы туралы» деген мақаланы дәптерге өзі түсірген, оны осы беттердегі қолтаңбасынан білуге болады. Келесі беттері «Шаман дінінің қалдықтары» туралы басқа бір қолмен жазылған. Хат иесі «Шаман дінінің қалдықтары» туралы мақала өте тартымды екенін айта келіп, көшірмеде ақ етіп қалдырылған жерлер бар екендігін ескертеді. Олар қазақша терминдермен айрықша қолданылатын сөздер үшін қалдырылғанын дөп басып айтады» (2, V том, 219–220-б.).

Г.Н. Потанин Ш. Уәлихановтың шығармаларын басып шығару жоспарын жасап, оны Н.И. Веселовскийге ұсынады. Ол туралы Г.А. Колпаковскийдің Г.Н. Потанинге 1887 жылы 5 желтоқсанда жазған хатында ризашылықпен айтылған. Н.И. Веселовскийдің өзі де Шоқанның шығармаларын жинақтау және басып шығару жөнінен Г.Н. Потанинмен хат арқылы ақылдасып тұрған (бұл хаттар Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағының 5-томына енген).

Орыс география қоғамының мүшесі, саяхатшы, ғалым Г.Н. Потанин өмірінің соңына дейін Шоқан тақырыбынан қол үзбеген. Ол аяулы досының

өмірі мен қызметі туралы географиялық басылымдармен қатар жергілікті баспасөздерге мақалалар жариялап тұрған. Оның соңғы естеліктері XX ғасырдың 20-жылдарында «Сибирская жизнь» (Сібір өмірі) газетінің бірнеше нөмірінде басылған.

Шоқан Уәлихановтың саяхат нәтижелерінің жарық көруіне Орыс география қоғамының хатшысы Ф.Р. Остен-Сакен де қамқорлықпен қараған.

Остен-Сакен – XIX ғасырдың жартысында Орта Азия тауларын зерттеген белгілі географ, ботаник, Орыс география қоғамын басқарушылардың бірі. Оның В.А. Полтарацкиймен бірге жасаған экспедициясы өз кезінде Орталық Тянь-Шаньның физикалық географиясы мен флорасы жайында теңдесі жоқ бай мәлімет берген. Ол – бірінші рет Тянь-Шань өсімдігінің флоралық құрамы жөнінен Гималайға ұқсастығын ашқан ғалым.

Шоқанның жақын достарымен жазысқан хаттары және замандастарының естеліктері бұл екі ғалымның достық қарым-қатынас жасап тұрғандығын көрсетеді.

Остен-Сакен өзінің География қоғамындағы қызметіне сәйкес Шоқанның Жетісуға және Қашқарға жасаған саяхаттарының нәтижелерімен жете танысып отырған. Ол Шоқанның географиялық зерттеулеріне, әсіресе Қашқар саяхатына ерекше мән беріп айтады. «Тапсырма барынша қауіпті еді, – деп жазады Остен-Сакен, – соған орай оны орындау үшін өте батыл мінезді, байқағыш, оның үстіне мұсылман тілін және Шығыстың айла-шарқын білетін адам керек еді. Ол адам Азиялық киім киіп баруға тиіс болды. Бұл айтылған шарттардың бәріне Уәлихановтан асқан адам табу мүмкін емес еді» (2, V том, 274–275-бет). Ғалым қоғамның «Жазбаларында» Қашқар саяхатының Зауқы асуына дейінгі бөлігі ғана сипатталғанын айта келіп, асудан Қашқарға және қайтадан Верныйға дейінгі жолжазбаларын тездетіп жариялау мәселесін көтереді. Соған сәйкес Қашқар саяхатың сипаттамасының бұл бөлігі оның қысқаша кіріспе мақаласымен қоса Орыс география қоғамы хабарларының 1868 ж. IV томында жарияланған. Мақалада «Уәлиханов бұл елдерге сапар шеккен тұңғыш орыс білімдары болғандықтан, әділет парызы оның сапары жайындағы әңгімесі кейінгі зерттеушілердің сипаттамаларынан бұрын басылып шығуын талап етеді» деп көрсетілген.

Шоқан өмірден озғанда Ф.Р. Остен-Сакен П.П. Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге Орыс география қоғамының жазбаларында азалық жариялап, оның география ғылымына қосқан үлесіне лайықты баға берді.

Аса ірі саяхатшы, географ және ботаник А.Н. Бекетов Ш. Уәлихановтың еңбектерінің маңызын дер кезінде байқап, оған ерекше көңіл бөлген. Ол 1861 ж. ғалымының «Жоңғария очерктері» және «Алты Шаһардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының Шығыстағы алты қаласының 1858–1859 жылдардағы жайы» деген еңбектерін өзі басқаратын «Орыс

география қоғамының жазбаларында» тұңғыш жариялады. Түрлі деректер бұл екі ғалымның адами және ғылыми тығыз қарым-қатынас жасап тұрғанын көрсетеді. Г.Н. Потанин өзінің естеліктерінде Шоқан Петербургте болған кезінде А.Н. Бекетовке барып тұрғанын айтады. Ол Қашқар саяхатының нәтижелерін қорытып, баспаға дайындау үстінде «Жазбалар» редакторының ақыл-кеңесін жиі пайдаланған. Кейінірек, астанада қайтып оралып, Сырымбетте тұрған кезінде де Бекетовпен байланысын үзбеген. Шоқан Уәлихановтың бізге деген сақталып жеткен бір хаты оның ауыр науқастанып жатуына қарамастан ғылыми-зерттеу жұмыстарын тоқтатпай әрі қарай жалғастырғанын дәлелдейді.

«Құдай үшін, – деп жазады Шоқан, – Андрей Николаевич, қоғамнан маған далалық өлкеге барометр, психрометр және термометр жібертіңізші. Даланың мен тұрған жағы өте нашар зерттелген, ал климаты жөнінен Верный туралы аздаған бірдеңелер белгілі, бар болғаны сол» (2, V том 146-бет). Онан әрі ғалым өзінің «Орта Азияның географиялық карталары туралы» мақала дайындай бастағанын айтады. Бірақ мақала мәліметтердің жеткіліксіздігінен аяқталмай қалған.

Шоқанның А.Н. Бекетовпен жақын қарым-қатынаста болғандығын Г.Н. Потаниннің 1893 ж. 3 желтоқсанда Н.И. Веселовскийге жолдаған хаты да аңғартады. Г. Потанин өзінің хатында Ш. Уәлихановты П.П. Семенов пен А.Н. Бекетов те жақсы білетінін, оған тап солар лайықты баға бере алатынын жазады.

Ресейдің Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы кезеңінде көптеген әскери қайраткерлер жергілікті жердің табиғаты мен халқын зерттеуге үлкен көңіл бөлген. Олар өздерінің бұл ұмтылыстарында Орыс география қоғамынан қолдау тауып, қоғамның мүшелігіне сайланған. Ш. Уәлихановпен достық қарым-қатынас жасаған сондай қайраткерлердің бірі – Д.И. Романовский. Ол Бас штабтың Азия бөлігінің бастығы қызметін атқарған кезінде, сонымен бірге «Русский инвалид» (Орыс зағипы) газетінің редакторы және Орыс география қоғамының мүшесі ретінде қазақ ғалымымен тығыз байланыс жасап тұрған.

Шоқан Қашқар саяхатынан кейін, Петербургке барып тұрған кезінде Романовскиймен Бас Штабта бірге жұмыс істеген. Олар Әскери министрліктің тапсыруымен Орта Азия елдерімен сауда қарым-қатынасын өркендету жолдарын бірге қарастырған және түрлі саяси мәселелерді шешумен айналысқан. Шоқан Петербургтен қайтып оралғаннан кейін де Д.И. Романовскиймен байланысын үзбеген. 1863 ж. 1 қаңтарда К.К. Гутковскийге жазған хатында Петербургтен жиі хат-хабар алып тұратынын айта келе, Романовскийдің есімін айрықша атайды. Оның «Русский инвалид» (Орыс зағипы) газетінің редакторлығына тағайындалғандығын және газет-

тің алғашқы нөмірлерінде өзінің мақалалары жарияланатынын айтады. Кейінірек белгілі болғаныдай газетте ғалымның аты қойылмаған бірнеше мақалалары шыққан. «Ағылшын баспасөзінің Ш.Ш. Уәлихановтың және басқа орыс авторларының еңбектеріне талдауын» да басуға Д.И. Романовский дайындаған. Бірақ мақала газетте кейінірек басқа бір редактордың тұсында жарық көрген. Осымен қатар Романовскийдің мұрағатында Ш. Уәлихановтың бірнеше еңбектері сақталып қалған. Ол еңбектер Шоқан қайтыс болғаннан кейін ғалымның шығармалар жинағына қосылған.

Ш. Уәлиханов 1864 ж. генерал М.Г. Черняевтің Оңтүстік Қазақстанға жорығы кезінде оның армиясының құрамында бірге болған Орыс география қоғамының мүшелері Н.А. Северцовпен және А.И. Макшеевпен достасқан.

Н.А. Северцов осыған дейін Қазақстанның батыс және оңтүстік аудандарындағы географиялық және зоологиялық зерттеулермен атағы шыққан саяхатшы болатын. Ол 1857–1858 жж. И.Г. Борцовпен бірге Арал–Каспий экспедициясына шықты. Экспедиция маршруты Қазақстанның үлкен бөлігін – Елек, Жем өзендері алабын, Мұғалжарды, Үстіртті, Солтүстік Арал маңын, Сырдария маңы ойпатын, Ырғыз–Торғай алабын қамтыды. 1860–1862 ж. Н.А. Северцов Жайық өзені алабының оңтүстік бөлігін зерттеумен айналысты. Ғалымның қазіргі табиғат кешендерінің қалыптасуын өлкенің геологиялық даму тарихымен тығыз байланыста қарастыруы физикалық-географиялық зерттеулерге жаңа бағыт сілтеді. Географ және зоолог ғалым өзінің Қазақстан мен Орта Азиядағы мұнан кейінгі зерттеулерінің сипаттамаларында Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектерін жоғары бағалап, жиі еске алып отырған.

А.И. Макшеев – қазақ даласы мен Түркістан өлкесін зерттеген географ және тарихшы. Ол 1848–1849 жж. А.И. Бутаковпен бірге Арал экспедициясына қатынасты. Экспедицияның түсірулері мен астрономиялық өлшеулерінің арқасында теңіздің тұңғыш дәл картасы жасалды. Оған қоса А.И. Макшеев Орыс география қоғамының жазбаларында Аралдың жүйелі физикалық-географиялық сипаттамасын жариялады. Саяхатшы-ғалым Қазақстан мен Түркістан жайындағы бірнеше географиялық және тарихи кітаптар мен мақалалар жазды. Ол өзінің осы еңбектерінде өлкені зерттеушілердің ішінен Ш. Уәлихановты географ және тарихшы ретінде ерекше атап көрсетеді.

Ш. Уәлихановтың орыс географтарымен достық қарым-қатынасы оның осы саладағы ғылыми зерттеулеріне игі әсерін тигізді. Сонымен бірге олар қазақ ғалымының географиялық зерттеу тарихындағы алатын орнын анықтап, географ және саяхатшы ретінде лайықты бағасын берді. Орыс география қоғамының жазбаларында Шоқан шығармаларының тұңғыш жинағын бастырып шығарған атақты шығыстанушы ғалым Н.И. Веселовскийдің оны «аққан жұлдызға» теңеген сөзінің ұрпақтан-ұрпаққа кетуі – соның куәсі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2010 ж.
2. Ч.Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Главная редакция Казахской Советской энциклопедии. Алма-Ата, 1984–1985.
3. *Марғұлан Ә. Ш.Ш.* Уәлихановтың өмірі мен қызметі. Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы, 2010.
4. Чокан Валиханов в воспоминаниях современников Алма-Ата, 1964.
5. *Мурзаев Ә.М.* Чокан Валиханов как географ. Изв. АН СССР, Сер. геогр., 1965. №6.
6. *Умурзаков С.* К столетию Кашкарского путешествия Ч. Валиханова. Изв. Киргизского филиала Географического общества СССР. 1959.
7. *Бірмағамбетов Ә.* Шоқан Уәлихановтың Қазақстандағы географиялық зерттеулері//Қазақстан мектебі. 1980. №6.
8. *Бірмағамбетов Ә.* Шоқан Уәлиханов және Ішкі Азия топонимикасы//География және табиғат журналы. 2003. №2.
9. *Бірмағамбетов Ә.* Шоқан Уәлиханов және Орыс география қоғамы//География в школах и вузах Казахстана. 2011. №2.
10. *Бірмағамбетов Ә.* Шоқан Уәлиханов Ішкі Азияны зерттеуші-географ және саяхатшы//География және табиғат. 2011. №4.
11. Географический энциклопедический словарь М.: Советская энциклопедия. 1981.
12. Дулатов Міржақып. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан. Шығармалары. Алма-Ата: Жазушы. 1991.
13. Книга Марко Поло. Географиз. М., 1956.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5
Картадағы «ақтаңдақ»	7
Шыңғысханның ұрпағы.....	10
Білім жолында	16
Сарыарқаға, Тянь-Шаньға және Қытаймен шекаралас аудандарға саяхаттар (1853–1857)	22
Географиялық ерлік	52
Соңғы сапар	64
Ішкі Азия географиясына қосылған үлес	66
Түйін	87
III. Уәлихановтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері	91
Қосымша	95
Пайдаланылған әдебиеттер.....	102

Бирмагамбетов Алим

**ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – ШОҚАН ВАЛИХАНОВ –
ГЕОГРАФ ЖӘНЕ САЯХАТШЫ ГЕОГРАФ И ПУТЕШЕСТВЕННИК**

Редакторы *М.Қ. Солтангазина* Редактор *М.Қ. Солтангазина*
Корректоры *Б. Жампеисова* Корректор *Б. Джампеисова*
Мұқабасын безендірген *Н. Наурызбаев* Дизайн обложки *Н. Наурызбаева*
Компьютерде беттеген *С.М. Ахметова* Компьютерная верстка *С.М. Ахметовой*

Басуға 10.06.2022 ж. қол қойылды. Подписано в печать 10.06.2022 г.
Пішімі 70x90 ¹/₁₆. Есептік баспа табағы 7,61. Формат 70x90 ¹/₁₆. Усл. печ. л. 7,61.
Шартты баспа табағы 6,24. Офсеттік басылым. Уч.-изд. л. 6,24. Печать офсетная.
Өріп түрі «SchoolBook». Офсеттік қағаз. Гарнитура «SchoolBook». Бумага офсетная.
Қосымша таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 1262. Доп. тираж 3000 экз. Заказ № 1262

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз: С претензиями по качеству обращаться:
Қазақстан Республикасы, Республика Казахстан,
«АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС, ТОО «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ»
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй, 050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10. тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.
e-mail: info@almatyskitap.kz e-mail: info@almatyskitap.kz

Сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай. Соответствует всем стандартам
Сертификатталған. качества и безопасности. Сертифицирована.
Сақтау мерзімі шектелмеген. Срок годности не ограничен.

Қытайда басылды / Отпечатано в Китае
C&C Joint Printing CO.(Beijing), Ltd
No.3 Donghuan North Road, BDA, Beijing, China

Кітаптарды «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС-ның кітап дүкендерінен сатып алуға болады.
Нұр-Сұлтан қаласы: Иманов көшесі, 10, тел.: (7172) 53 70 84, 27 29 54;
Б. Момышұлы даңғылы, 14, тел.: (7172) 42 42 32, 57 63 92.
Алматы қаласы: Абай даңғылы, 35/37, тел.: (727) 267 13 95, 267 14 86;
Гоголь көшесі, 108, тел.: (727) 279 29 13, 279 27 86; Қабанбай батыр көшесі, 109, тел.: (727) 267 54 64, 272 05 66;
Жандосов көшесі, 57, тел.: (727) 303 72 33, 374 98 59; Майлин көшесі, 224 «А», тел. (727) 386 15 19;
Төле би көшесі, 40/1, тел.: (727) 273 51 38, 224 39 37.

Интернет-дүкен: www.flip.kz
Сауда бөлімі, тел.: (727) 292 92 23, 292 57 20.
e-mail: sale1@almatyskitap.kz
Кітаптар мен басылымдар туралы мағлұматтарды
www.almatyskitap.kz сайты арқылы білуге болады.

